

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы**

МАРАТОВ БЕКЗАТ МАРАТҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕГІ
СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ САТЫСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМГЕ
КЕЛУ**

**«6М030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша
заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға диссертация**

Ғылыми жетекші:
Арнайы заң пәнері кафедрасының
доценті Ешназаров А.А.
заң ғылымдарының кандидаты
әділет кеңесшісі

Қосшы, 2020 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс ҚР қолданыстағы қылмыстық процестік заңнамадағы процестік келісім институтына арналған. Жұмыстың негізгі ойы процестік келісімнің қазіргі таңдағы жай-күйі мен ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің өзектілігіне арналған. Зерттеудің қорытындылары бойынша ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуде бірқатар өзгерістер енгізуге, ҚР ҚК-нің 67-бабының диспозициясын өзгертуге, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ұсыныстар көрсетілген.

Жұмыс құрылымы кіріспеден, негізгі бөлік 6 тараудан құралған 3 бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Жалпы көлемі – 100 бетте.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа посвящена институту процессуального соглашения в действующем уголовно-процессуальном законодательстве РК. Основными идеями работы являются нынешнее состояние процессуального соглашения и актуальность процессуального соглашения в форме о сотрудничестве. По итогам исследования представлены предложения по внесению ряда изменений в процессуальное соглашение в форме о сотрудничестве, изменению диспозиции статьи 67 УК РК, обеспечению безопасности лица, заявившего ходатайство о заключении процессуального соглашения в форме о сотрудничестве.

Структура работы состоит из введения, основная часть состоит из 3 разделов из 6 подразделов, заключения, списка использованной литературы и приложения. Общий объем-100 страниц.

SUMMARY

The dissertation work is devoted to the Institute of procedural agreement in the current criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan. The main ideas of the work are the current status of the procedural agreement and the relevance of the procedural agreement in the form of cooperation. The study presents proposals for a number of amendments to the procedural agreement in the form of cooperation, changing the dispositions of article 67 of the Criminal Code, the security person, who has filed the petition for the conclusion of the procedural agreement in the form of cooperation.

The structure of the work consists of an introduction, the main part consists of 3 sections of 6 subsections, conclusion, list of references and appendices. The total volume is 100 pages.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРЫ.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1. «ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ» ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ	
1.1 «Процестік келісім» түсінігі, қағидасы.....	10
1.2 «Процестік келісімнің» басқа құқықтық институттармен байланысы.....	26
2. «ПРОЦЕССТІК КЕЛІСІМНІҢ» НЕГІЗДІЛІГІ МЕН КЕЛІСІМГЕ КЕЛУДІҢ ТӘРТІБІ	
2.1 «Процесстік келісім» әлемдік тәжірибесі.....	43
2.2 «Процесстік келісімнің» өзектілігі.....	53
3. «ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА КЕЛУ» ТҮРІНДЕГІ ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМГЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ	
3.1 «Ынтымақтастық туралы келісім нысанындағы» процесстік келісімге келу қағидалары және оған өзгеріс енгізу.....	67
3.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу мен істі аяқтаудың ерекшеліктері.....	78
ҚОРЫТЫНДЫ.....	88
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	91
ҚОСЫМШАЛАР.....	96

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

дефиниция – ұғымның немесе заттың нақты белгілерін және басқадай ерекшеліктерін мазмұнын логикалық нақты анықтау;

дифференциация, қылмыстық процестің дифференциациясы (фр. *differentiation*, лат. *Differentia* – айырымы немесе айырмашылық) – бұл сот ісін жүргізудің қарапайым тәртібімен қатар қылмыстар туралы күрделі емес істер бойынша рәсімдерді оңайлатуды, қоғамдық қауіптілігі аз, сондай-ақ оны неғұрлым қауіпті қылмыстар туралы істер бойынша не айыпталушының немесе сот ісін жүргізуге өзге де қатысушылардың заңды мүдделерінің ерекше іс жүргізу қорғалуын талап ететін істер бойынша күрделендіруді көздейтін іс жүргізу нысандары орын алатын түсінік;

БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРЫ

ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасының Қымлыстық-процестік кодексі
ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ІМ – Ішкі Істер Министрлігі
ҚР БП – Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ҚР ҚАК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі
ҚРЗ – Қазақстан Республикасының Заңы
RICO – The Racketeer Influenced and Corrupt Organizations Act
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралы
ГФР – Герман Федеративтік Республикасы
СДТБТ – Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі
АҚЖЕС – Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот
АЕК – Ақпаратты енгізу кітабы

КІРІСПЕ

Зерттеу жүргізудің өзектілігі. Қолданыстағы, яғни 1 қаңтар 2015 жылдан бергі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (*бұдан әрі – ҚР ҚПК*) «процестік келісім» атты жаңа институт енгізілген болатын.

ҚР ҚПК-нің 612-бабында, процестік келісімнің түрлері айқындалып көрсетілген. Сонымен, 612-баптың 1-бөлігі 2-тармағында: «қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі» делінген [1].

Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың, жалғыз адамның жасауы мүмкін емес. Осындай қылмыстық құқық бұзушылықтарды, адамдар тобының немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобының сөз байласуы арқылы жасалуда. Қазіргі таңда тәжірибеде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, яғни қылмысты орындаушы ғана әшкереленіп қалуда. Ал, осы қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырған, оның орындалуын ойластырған адам жауаптылықтан қашып құтылуда. Оның себебі қылмыс жасау үстінде немесе қылмысты жасағаны үшін әшкереленген тұлға, қылмысқа өзімен бірге сыбайлас қатысушылары туралы ақпаратты, өзіне белгілі бір себептері бойынша көрсетпеуінде. Өзі жалғыз жасамаған қылмыстық құқық бұзушылықты жалғыз өзі өз мойнына алуда. Сондықтан да кінәні мойындау түріндегі процестік келісімге келмеуде. Оның себебі – заң тарабынан ынталандыруды көрмеуде.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуде ауыр дәрежелі қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатары қосылса, әрбір алдын ала сөз байласып жасалған қылмыстар бойынша, «тергеумен анықталмаған белгісіз тұлғаға» қатысты жеке іс жүргізуге бөлектенген қылмыстық істер саны азайып, әрбір кінәлі тұлға, қылмысқа қатысушы сыбайлай тұлғалардың барлығы тиіста жауапкершілікке тартылу ықтималдығы артатын еді.

Зерттеу тақырыбы бойынша отандық қылмыстық процесті жүргізу саласында процестік келісім институтын зерттеу басталғалы көп уақыт өткен жоқ. Жүргізілген зерттеулер шетел тәжірибесіндегі кінәні мойындау туралы мәміле нысананды, сондай-ақ ынтымақтастық нысанындағы процестік келісімдер аясында талданып, оны отандық заңнамаға енгізу туралы сұрақтарын қамтыды. Процестік келісім институтын ҚР ҚПК-ға енгізудегі беретін нәтижелері туралы Е.Кененбаев, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуде ықтимал сипаттарын сипаттауда М.Ч.Қоғамовтың, процестік келісімнің дифинициялық ұғымы туралы М.Тулееваның, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу кезінде өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігі туралы А.Балғынтаевтың еңбектерін атап көрсетуге болады

Шешілетін ғылыми мәселенің қазіргі жай-күйін бағалау. Қазіргі таңда, тәжірибе көрсеткендей, республикамыздың аумағында аса ауыр дәрежелі,

сонымен қатар қылмыстық топтың бірлесе жасауы көптеп орын алмағанымен, олар жоқ деуге және кейбір проблемалық мәселелері жоқ деп айта алмаймыз. Алайда, меншікке қарсы, экономикалық қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға қатысты ауыр дәрежелі қылмыстық құқық бұзушылықтар күнделікті. Процестік келісім негізінде аяқталып жатқан қылмыстық істердің саны да, қанағаттандырарлықсыз. Дегенімен процестік келісімнің екі нысанында да қылмыстық істер аяқталып, оң нәтижесін көрсетуде.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты, процестік келісім институтын, оның ішінде ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімді теориялық тұрғыдан тәжірибемен байланыстырып, қазіргі жай-күйіне талдау жасай отыра, заңнамалық жетілдіруде ұсыныстар енгізу. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуді тәжірибеде құқық қорғау органдарымен кең қолдануына ықпал жасайтын мән-жайларды және қылмыстық-процестің дифференциациясына қосатын үлесін анықтау.

Осы мақсатқа жету жолында, келесідей міндеттер орындалуы тиіс:

- процестік келісімнің түсінігі мен қағидасын ашу және анықтамасына талдау жасау;

- процестік келісім институтының басқа құқықтық институттармен байланысын және арақатынасын айқындау арқылы, қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізділігіне талдау жасау;

- процестік келісімге келудің шарттарын талдап, процестік келісімге келуде қылмысқа сыбайлас қатысушылардың орнын анықтау мен процестік келісімге келу жолындағы қылмыстардың ауырлығы санатына талдау жасай отыра, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды әшкерелеуде қылмыстық заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныс енгізу;

- ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің жай-күйін тәжірибемен байланыстыра, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне талдау жасау жүргізе отыра, өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді нығайту жолдарына ұсыныс енгізу;

- процестік келісімнің ынтымақтастық туралы нысанындағы келісімге келу кезінде өтінішхат білдірген тұлға мен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың, қылмысқа сыбайлас қатысушылардың сипатына қарай, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу нысанын бөлек екі түрге жіктеп талдау жүргізу.

Диссертациялық зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі болып, мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын орган мен күдіктінің арасында сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу сатысында ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім жасасу және процестік келісімге қол жеткізу рәсімінде қалыптасатын қылмыстық процесстік қатынастары болып табылады.

Диссертациялық зерттеу пәні. Зерттеу пәні ретінде қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық процестік заңнама және Конституция, Халықаралық

құқық нормалары және күдіктімен немесе айыпталушымен ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісім, ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісімді жасасудың және іске асырудың іс жүргізу тәртібін регламенттеу кезінде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді реттейтін тиісті заңға тәуелді актілер, сондай-ақ осы саладағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйі және оның тиімділігін арттыру жолдары болады.

Зерттеу жұмысының әдістері мен әдістемесі. Диссертациялық жұмыста танымның жалпы ғылыми диалектикалық әдісі мен арнайы әдістері қолданылды: тарихи, құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-заңдық, логикалық, статистикалық талдау, ғылыми талдау және тәжірибемен байланыстыру әдістері.

Ғылыми жаңалықты негіздеу. Елімізде қазіргі таңға дейін процестік келісім туралы жүргізілген диссертациялық деңгейдегі зерттеулердің саны саусақпен санарлық. Оның себебі – процестік келісім институты жаңадан қабылданған институт және тәжірибеде кеңінен қолдану өрісін енді алуда. Сонда да, осы күнге дейін ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу арқылы аяқталған қылмыстық істер саны жылдық мерзіммен санағанда мүлдем аз. Осының негізінде, процестік келісім жаңадан әлі толығымен зерттелмеген құқықтық институт болғандықтан зерттеу жүргізуді және де құқықтық механизмдерін жетілдіруді талап етеді.

Зерттелудің құқықтық базасы - зерттелудің құқықтық базасының құрамына Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу мақсатында шетел мемлекеттерінің қылмыстық іс жүргізу кодекстері қолданылды.

Зерттеудің теориялық базасы – құқықтың жалпы теориясы, конституциялық, қылмыстық және қылмыстық-процестік құқық, шетелдік авторлардың еңбектерінде, прокурорлық қадағалау және криминалистика саласындағы қазіргі ғалымдардың еңбектерінде қамтылған, зерттелуді талап ететін мәселелерге қатысты ғылыми ережелерді құрады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Диссертациялық жұмыстың аясында қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар келесідей:

1) ҚР ҚПК-да көрсетілген процестік келісім ұғымы, екі нысандағы бір-бірінен бөлек келісімнің түрі болғандықтан, түсініктік талдаудың талаптары сақталына отыра, процестік келісім ұғымы анықтамасына өзгеріс енгізуді ұсыну;

2) процестік келісім нысанына қарай қылмыстардың барлық санатын, сондай-ақ, аса ауыр, террористік немесе экстремистік қылмыс, әлде қылмыстық топтың құрамындағы адаммен жасалған қылмыс екенін ескеріп ҚР ҚК-нің 67-бабының диспозициясын «Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жазадан босату» деп өзгертуді ұсыну;

3) қылмысқа сыбайлас басқа да қатысушыларды әшкерелеп, тиісті жазаға тарту мен ҚР ҚПК-нің 44-бабы негізінде тергеумен анықталмаған белгісіз

тұлғаларға қатысты жеке іс жүргізуге бөлектенген қылмыстық істердің санын азайту жолында ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптарына ауыр қылмыстар санатын қосуды ұсыну;

4) ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхаттың қазіргі таңдағы аз білдіріліп жатқан бірден-бір себебі – өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігіні қамтамасыз етілмеуіне байланысты болғандықтан, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін міндетті қамтамасыз етуді ұсыну;

5) ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қауіпсіздік шараларын қолдануына байланысты ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімді – ашық келісім және құпия келісім деп бөлуді ұсыну.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және тәжірибеге енгізу. Зерттеу жүргізу нәтижесінде «Қазіргі заң ғылымының дамуына жас ғалымдардың қосқан үлесі» атты ғылыми жұмыстар жинағында «Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік заңнамасын жетілдіруде ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім институтын модернизациялау» атты және «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында «Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің кейбір процестік мәселелері» атты ғылыми мақалалар жарық көрді. Сондай-ақ, ҚР БП-дан қылмыстық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысын енгізу актісіне қол жеткізілді.

1. «ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ» ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

1.1 «Процестік келісім» түсінігі, қағидасы

Заман ағымына қарай әрбір дүниенің жаңаруын талап етіп отырады. Оның бірден бір себебі – озық технологиялардың қолдануы, цифландыру, жаңа әдіс-тәсілдер, сондай-ақ қылмыстық жүйеді орын алып жатқан қылмыстарды жасаудың жаңа тәсілдері, халықаралық қатынастар, мемлекет ішіндегі саяси үрдіс және осыдан бөлек көптеген факторлардың әсері. Дәл сол сияқты құқықтық жүйе де жаңаруды талап етеді.

Осының нәтижесінде, Қазақстан Республикасының 1997 жылы 13 желтоқсанында қабылданған №206 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне де өзгерістер мен толықтыруларды, толығымен жаңартуды талап етті.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Конституциясының 40-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында, 2009 жылы 24 тамызда №858 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» жарлығын қабылдады [2].

Қабылданған құқықтық саясат негізінде, мемлекетімізде құқықтық жүйені әрі қарай дамытуға және жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттер жүргізіле бастады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы бойынша тұңғыш президентіміз, елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандық құқықты жаңғырту ісінде ауқымды жұмыс осыған дейін атқарылды. Отандық құқықтық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсу үшін қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, заңнама салалары бөлігінде одан әрі топтастыру; оны ескірген және қосарлас нормалардан арылту, құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толықтыру, қолданыстағы құқықтағы ішкі қайшылықтарды жою; заңдардағы сілтеме нормаларды азайту және Конституцияға сәйкес заңнамалық актілер қабылдана алатын мәселелер аясында тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет» деп атап көрсетті [2].

Нақ осы тұжырымдаманың 2.9 бөлігі қылмыстық сот ісін жүргізуге арналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің сөзін былай жалғастырды: «қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған негізін қалаушы қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала бермек.

Бұл үшін қылмыстарды, жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-іздістіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі» дей

отыра, қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдіруде, соның ішінде нақты процестік келісімге қатысты «қылмыстық процесті жеңілдету және оның тиімділігін арттыру, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу тәртібін оңайлату; процессуалдық келісім институтын заңнамалық дамыту» бағыттарын белгіледі [2].

Осы бағытта, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын қабылдады. Осы жарлықтың негізінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев ҚР Үкіметіне – «... бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды, оның ішінде айыппұл, қоғамдық жұмыстар және бас бостандығын шектеу, сондай-ақ қамауға алуға балама ретінде жолын кесу шаралары жазаларын қолдану саласын кеңейтуге;

қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді одан әрі оңайлатуға, оның жеделдігін, оның ішінде тергеумен ынтымақтастықтағы айыпталушыларға қатысты ынталандыру нормаларын енгізу арқылы арттыруға» бағытталған тапсырма берген [3].

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы жаңа қылмыстық процестік кодексті қабылдаудың негізі болды. Процестік келісім институтын заңнамалық дамыту бағытын жүзеге асыруда, жаңа қылмыстық процестік кодексте процестік келісім институты орнын тапты.

Процестік келісім туралы түсінік 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ қабылданған ҚР ҚПК-де пайда болды. ҚР ҚПК-нің 7-бабының 37-тармағында процестік келісімнің ұғымы, процестік келісім – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім деп көрсетілген [1]. Бір сөзбен айтқанда процестік келісім – қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлға мен мемлекет арасында жасалатын келісім.

Процестік келісім ҚР ҚПК-нің 612-бабы бойынша екі түрлі нысанда жүргізіледі. Осыған байланысты, ҚР ҚПК-нің 7-бабы 37-тармағында процестік келісім туралы ұғым толық қанды көлемде және жиынтығында процестік келісімнің екі нысанын қамтитын бір ұғымды білдірмейтінін көрсеткіміз келеді.

Н.И.Кондаковтың дефиниция жайлы «заттың маңызды белгілерін сипаттайтын немесе оның мәнін ашатын сөйлем» [4] және қысқа философиялық энциклопедияда «дефиниция» - ұғымның анықтамасы, ұғымды, оның белгілерін тізбектеу, яғни оның мазмұнын көрсету арқылы ашу» [5] дей отыра, сонымен қатар М.В.Чинованың пікірімен біріге келісе отыра «заңи анықтама – жалпы және оқшауландырылған формулада, барлық заңи ерекшеліктер мен заңи феномендерді, терминдерді күн сайын жиі қолданылатын заңдық мағынамен толықтыру арқылы біріктірілуі тиіс. Логикалық дұрыс тұжырымдалған анықтама, қандай да бір құқық нормасын немесе құқық

нормаларының тобын анық және дұрыс түсіндіре отырып, қос мағыналықты болдырмайды» [6] деген пікірлерін дәйектеп, сондай-ақ ҚР 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V ҚРЗ «Құқықтық актілер туралы» Заңында «Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс» деп бекітілгенін сілтеп заң ғылымдарының магистрі М.Тулеуова өзінің пікірінде, процестік келісім туралы ұғымды: «процестік келісім - прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы арасындағы кінәні мойындау туралы мәміле нысанында немесе прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталғанның арасындағы ынтымақтастық туралы нысанында қылмыстық процестің кез келген сатысында және осы Кодексте көзделген негіздерде жасалатын келісім» деп көрсетуді ұсынған [7]. Осыған байланысты біз, заң ғылымдарының магистрі М.Тулеуованың пікірін қолдаймыз.

Анықтама бойынша айта кетерлік тағы бір жайт, процестік келісім қылмыстық процестің кез келген сатысында жасалатын келісім. Осы ретте, қылмыстық процестің сатыларына талдау жүргізген жөн.

Қылмыстық процестің сатылары:

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруге тіркеу;
- алдын ала тергеу;
- істі сотта талқылауға дайындық;
- істі сотта қарау;
- заңдық күшіне енбеген сот үкімі мен қаулысын қайта қарауға қатысты апелляциялық;
- сот шешімінің орындалуы деп бөлінеді.

Процестік келісім қылмыстық процестің кез келген сатысында жасалатын келісім деп анықтама берілгендіктен, әрбір саты туралы тереңірек зерттеу жүргізу қажет.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруге тіркеу сатысында, ҚР ҚПК-нің 6-бөлімінің 23-тарауы, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын жатқызамыз [1]. Қандай да бір қылмыс немесе қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат келіп түскеннен бастап, қылмыстың немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың ҚР Қылмыстық кодексінде көрсетілген тиісінше бап бойынша, Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркеледі.

Қылмыс немесе қылмыстық құқық бұзушылық орын алғаны туралы ақпаратты Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркеу, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте №9744 тіркелген «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүргізіледі [8].

Ақпарат сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелгенге дейінгі жүргізілген тергеу әрекеттері заңсыз деп саналады. Кей жағдайларда,

кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері жүргізіледі. Алайда, ақпарат Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелгенге дейінгі жүргізілген тергеу әрекеттеріне сот және прокурор баға беріп, осы жүргізілген әрекеттер соттың шешімімен заңсыз деп танылуы мүмкін.

Осы айтылғандардың негізінде, қылмыстық процестің, ақпаратты Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркеу сатысында, тергеу әрекеттерінің жасалмайтыны, нақ сол сияқты процестік келісімге келу мүмкіншілігіне жол берілмейтіндігін атап өткіміз келеді.

Келесі саты – алдын ала тергеу жүргізу. Алдын ала тергеу жүргізу сатысына ҚР ҚПК-нің 6-бөлімі 24-тарауы «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарынан» бастап, 39-тарауға «Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешіміне» дейінгі кезеңді кіргіземіз [1]. Осы кезеңде жауап алу, беттестіру жүргізу, сараптамалар тағайындау, жасырын тергеу әрекеттері жүргізіледі және осы сатыда, қылмыс немесе қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдік келтірген адам – күдікті мәртебесінде болады. Аталған сатыда кез келген күдікті процестік келісімге келу туралы өтінішхат беруге құқылы. Яғни, қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізу барысында да, сондай-ақ, алдын ала тергеу аяқталып, қылмыстық іс тараптарға танысуға ұсынылған кезді қосқанда да, күдікті процестік келісімге келу туралы өтінішхатын бере алады.

Одан кейінгі саты – істі сотта талқылауға дайындық. Бұл сатыға 6-бөлімнің 39-тарауы, яғни «Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі». Сондай-ақ, осы сатыға біз ҚР ҚПК-ның 190-бабын «Сотқа дейінгі жеңілдетілген тергеп-тексеруді» қосамыз [1]. Өйткені осы бап аясында, прокурорға айыптау актісімен келіп түскен қылмыстық іс бойынша шешім қабылдау құзіреттілігі көрсетілген.

Аталған сатыға ҚР ҚПК-ның 7-бөлімі – «Қылмыстық істердің соттылығы. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу», оның ішінде нақтырақ тоқталсақ, 40-тарауы – «Қылмыстық істердің соттылығы» жатқызылады. ҚР ҚПК-нің 40-тарауы бойынша қылмыстың түріне және қылмысты жасаған тұлғаның сипатына байланысты, қылмыстық істі тиісінше қарауына байланысты, оның соттылығы анықталады [1]. Істердің соттылығының түрлері бойынша:

- тектік соттылық – жасалған қылмыстың сипатымен анықталады. Мысалы, аудандық және оған теңестірілген соттардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың немесе қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың және тағы сол сияқтылар соттардың қарауына;

- аумақтық соттылық – қылмыс орын алған мекен-жай бойынша, аумағы бойынша қаралуына;

- жеке соттылық – сотталушының жеке басының сипаттамасына байланысты, егер де әскери қызметкер болса, Әскери соттың қарауына, егер де қылмыс жасаған тұлға кәмелетке толмаған болса, кәмелетке толмағандардың

істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың қарауына қатысты анықталады.

Бұл жайлы, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы бойынша – өзіне заңмен көзделген соттылығы оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды [9].

Осы көрсетілген сатыда, қылмыс жасады деп күдік келтірілген тұлға күдікті мәртебесінен, айыпталушы мәртебесіне өтеді. Қылмыс жасаған тұлға айыпталушы мәртебесіне өткен кезде, оған қатысты тергеу әрекеттері жүргізілмейді. Өйткені ҚР ҚПК-нің 294-бабының негізінде тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны және қылмыстық істің материалдарымен танысу құқығын түсіндіру туралы хабарланады. Алайда, заңмен тергеу әрекеттерін жүргізу тыйым салынғанымен, қылмыстық іс материалдарымен танысу кезінде жәбірленуші де, айыпталушы да өтінішхат білдіру құқығынан, сондай-ақ күдікті, айыпталушы процестік келісімге келу туралы өтінішхат беру құқығынан айырылмаған. Ол дегеніміз, прокурорға айыптау актісімен қылмыстық іс түсіп, прокурор қылмыстық істің, айыпталушыға қатысты тағылып жатқан айыптаудың негізділігі мен заңдылығын тексеру барысында айыпталушыдан процестік келісімге келу туралы өтінішхат келіп түссе, прокурор өтінішхатты мәні бойынша қарауға міндетті. Сондай-ақ, прокурордың бастамасымен айыпталушыға процестік келісімге келу туралы ұсыныс білдірілу мүмкіндігі заңмен қарастырылған.

Егер де айыпталушы процестік келісімге келу туралы өтінішхатын прокурорға жолдап, прокурор өтінішхатты мәні бойынша қарап, процестік келісімге келуден бас тарту туралы шешімге келіп, қылмыстық істі сотта қарау үшін ҚР ҚПК-нің 305-бабы бойынша жалпы негізде айыпталушыны сотқа беріп және қылмыстық істі сотқа жіберсе, айыпталушы істі сотта алдын ала тыңдау өткізу барысында соттың атына процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдіру құқығы берілген. Бұл жағдайда сот, айыпталушыға прокурормен процестік келісімге келу үшін қылмыстық істі қайтаруға, сондай-ақ істі қайтармай, тек процестік келісім жасасуға жолдауы мүмкін.

Қылмыстық процестің келісі сатысы – істі сотта қарау. Істі сотта қарау кезінде айыпталушы адам – сотталушы мәртебесіне өтеді. Сотқа келіп түкен қылмыстық іс бойынша алдын ала тыңдау өткізілген соң, істі басты сот талқылауында қарау басталады. Істі басты сот талқылауында қарау, іс бойынша сот тергеуін жүргізуі, сот жарыссөзі мен сотталушының соңғы сөзін айтуы барысында да процестік келісімге келуге болады. Яғни, іс сотта қаралуы барысында, іс бойынша шешім шығару үшін судья кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін, сотталушы процестік келісімге келу туралы өтініш беруге құқылы. Егер де сот, шешім шығару үшін кеңесі бөлмесіне кеткеннен кейін, сотталушы тарапынан кінәні мойындау туралы нысанындағы процестік келісім немесе ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірілсе, бұл өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы

шешім шығарылады. Өйткені сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін мәлімделген мәлімдемелер мен өтінішхаттар қабылдануға жатпайды.

Кейінгі саты – заңдық күшіне енбеген сот үкімі мен қаулысын қайта қарауға қатысты апелляциялық саты. Апелляциялық сатыда бірінші инстанциясындағы соттың шығарған шешіміне наразылық білдіру, шешімді қайта қарау сатысы болғанына қарамастан, апелляциялық сатыда кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келу үрдісі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» №4 Нормативтік қаулысының 4 бөлігінде былай делінген: «Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының не оның қорғаушысының немесе прокурордың кінәні мойындау туралы келісім жасасу жөніндегі өтінішхаты сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында – адамның күдікті мәртебесін алған сәтінен бастап, бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта – соттың кеңесу бөлмесіне кетуіне дейін берілуі мүмкін» [10]. Яғни, бұл сатыда да процестік келісімге келу мүмкіндігі қарастырылған. Бұның себебі, соттың бірінші инстанциясында қабылданған шешімінің күшіне енбеуі. Соттың үкімі күшіне енбегенге дейін, тұлға сотталушы мәртебесінде болады. Соттың үкімі заңмен көрсетілген мерзімде күшіне енгеннен соң, тұлға сотталушы мәртебесінен сотталған мәртебесіне өтеді. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім сотталған адамдармен жасалынбайды. Өздеріне қатысты соттың үкімі заңды күшіне енген сотталғандармен процестік келісімнің ынтымақтастық туралы нысаны жасалуы мүмкін. Бірақ бұл нысандағы процестік келісімге келу үшін, ҚР ҚПК-мен көрсетілген алғышарттарға сәйкес болуы тиіс.

Ең соңғы саты – сот шешімінің орындалуы. Бұл сатыда, қылмыстық іс бойынша ешқандай іс-әрекет жасалынбайды. Аталған сатыда, соттың үкімі күшіне еніп, қылмыстық атқару процесі басталады. Бұл дегеніміз, сот шешімінің орындалуы сатысында кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге қол жеткізуге заңмен рұқсат берілмеген. Егер де қылмыс жасады деген айып тағылып, сол адамға қатысты айыптау үкімі шығарылып және үкім орындалу сатысында кінәлі деп танылған адам процестік келісімге келу туралы ниет білдіріп, процестік келісімге келу туралы өтінішхат жазса, бұл өтінішхаты процестік келісімнің ынтымақтастық туралы нысанында ғана қаралады. Процестік келісімге келу туралы білдірілген өтінішхат, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің шарттарына сәйкес келмесе, процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім қабылданады.

Қылмыстық процестің әрбір сатысына талдау жасай отыра, процестік келісімнің екі нысанындағы келісім, ҚР ҚПК-нің 7-бабы 37-тармағына көзделген процестік келісім ұғымының түсінігіне сай келмейтініне көз жеткіздік. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің бірқатар өзіндік

ерекшеліктеріне байланысты, процестік келісімге келудің нәтижесі мен сатыларының айрықша болуын ескере отырып, процестік келісім қылмыстық процестің кез келген сатысында жасалуы мүмкін еместігін аңғартамыз.

Осы зерттеудің нәтижесінде біз, процестік келісім қылмыстық процестің кез келген сатысында жасалатын келісім деген ұғыммен келіспейміз. Процестік келісім ұғымын біз – «процестік келісім – прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы арасындағы кінәні мойындау туралы мәміле нысанында немесе прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталғанның арасындағы ынтымақтастық туралы нысанында қылмыстық процеспен келісімге қол жеткізу рұқсат етілген сатыларында және осы Кодексте көзделген негіздерде жасалатын келісім» деп өзгертуді ұсынамыз.

ҚР ҚПК-нің 13-бөлімі 63-тарауы 612-бабында көрсетілгендей процестік келісім екі нысанда жүргізіледі: оның бірі – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында болса, екіншісі – ынтымақтастық туралы нысанында [1].

Процестік келісім жасасу екі тараптың арасында жүргізіледі. Бірінші тарап, процестік келісім жасауға мойынсұнған, яғни күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған тұлға болса, ал екінші тарап – мемлекет және мемлекет атынан процестік келісімге келу құзіреттілігі прокурорға берілген. Ал процестік келісім нысанындағы қылмыстық істер бойынша шешім қабылдау – сот құзіретінде. Өйткені ҚР ҚПК-нің 19-бабы «Кінәсіздік презумпциясының» 1-бөлігі бойынша «Әркімнің өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденген және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады¹» делінген [1]. Ал ҚР Конституциясының «Соттар және сот төрелігі» атты 7-бөлімінің 75-бабының 1-бөлігі бойынша – Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады [9].

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің ҚР ҚПК-нің талаптары бойынша онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр санаттағы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен жасасу мүмкіндігі көрсетілген. Сондай-ақ, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің негізгі талаптарының бірі – өтініш білдірген тұлғаның өзіне келтірілген күдік немесе айыппен толығымен келісуі, яғни кінәні толығымен мойындауы болып табылады.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің талаптары бойынша қылмысты қылмыстық топтың жасауы, өзге де адамдар жасаған аса ауыр санаттағы қылмыстарды, экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және оларды тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қамтиды.

Қолданыстағы ҚР ҚПК-ні енгізер кезде, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары Е.Кененбаев былай деген: «Белгілі болғандай, кінәні мойындау туралы мәміле немесе сот төрелігімен жасалған мәміле - бұл тергеуші, прокурор сотталушыға қылмыс жасаудағы не үкім жеңілдетілетін жағдайда ауыр

емес қылмыс жасаудағы өз кінәсін мойындау мүмкіндігін ұсынған кезде қылмыстық процесте келісімге қол жеткізу процесі. Мәміле айыпталушыға толыққанды сот талқылауынан және алғашқы, неғұрлым ауыр айыптау бойынша кінәлі деп танылу қаупінен құтылуға мүмкіндік береді. Басқа елдердің тәжірибесі бойынша, осы институтты жаңа ҚПК-ға енгізу кезінде келесі нәтижелерді күтуге болады:

1) қылмыстық істерді тергеудің жеделдігі ұлғаяды, бұл тергеушілердің, жедел қызметкерлердің, прокурорлардың және судьялардың жүктемелеріне оң әсер етеді;

2) ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуға бағыттауға болатын тергеу органдарының күштері мен құралдары үнемделеді;

3) «сот төрелігімен жасалған мәміле» оларға балама жаза түрлерін қолдану (бас бостандығын шектеу, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары мен айыппұл) жолымен бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың санын қысқартуға, оның ішінде шартты түрде соттауға ықпал етуі мүмкін;

4) ҚПК-де ұйымдасқан қылмыс, қылмыстық қоғамдастық және т. б. сияқты қауіпті нысандарды анықтауға арналған жаңа құрал» [11].

Осы ретте, Е.Кененбаевтың айтылған ойымен толығымен келісеміз. Өйткені процестік келісімге келу арқылы, қылмыстық қудалау органының ғана жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, сондай-ақ сот жұмысын да жеңілдетеді. Процестік келісімге келудің арқасында мерзімнің сақталуы, дәлелдеу және басқа да процестік қателіктерді болдырмауын және қателіктердің орын алуын алдын-алудың бір жолы ретінде қарастырамыз.

Ойымыздың сәйкес келетінін 2014 жылдың 19-шілдесінде ҚР Жоғарғы сотының судьясы А.Ж.Куркбаевтың сөзінен көреміз: «Тұтастай алғанда, процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізуге, жаңа ҚПК-да сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі процедуралық мәселелерден бастап жасасу шарттары, салдары және жасасу тәртібін және тағы басқаларды қоса алғанда тұтас бөлім және бөлек тарау арналған. Бұл нормалар шетелдік қылмыстық-процестік жүйелерінде кеңінен қолданылады және «сот төрелігімен жасалатын мәмілелер» деп аталады. АҚШ-та, мысалы, сот талқылауы рәсімінен өтпестен, қылмыстық істердің 90 пайыздан астамы шешіледі. Бұл сот талқылауының уақытын үнемдейді, сот шығындарын төмендетеді, қажетті нәтижеге қол жеткізуге әкеледі деп саналады - қылмыскерге лайықты, салыстырмалы түрде жеңіл жаза тағайындалса да. Мұндай келісімдер әсіресе Еуропа елдерінің іс жүргізу ортасында ерекше қолданылады. Германияда келісімдер негізінде сот шешімдерін шығару тәжірибесі өткен ғасырдың 70-ші жылдары енгізілді және қылмыстық сот ісін жүргізу құралы ретінде әзірленді, бұл ретте белгілі бір құқықтық негіз жоқ. Әңгіме сот, прокуратура, қорғаушы тарап және сотталушы арасындағы келісім туралы болып отыр, оған сәйкес сот сотталушыны кінәсін мойындаған жағдайда жазалауда кейбір жеңілдіктер береді. Бұл келісімдер сот талқылауынан тыс жасалды. Кінәні мойындағаннан кейін осы қылмыстық іс бойынша одан әрі сот талқылауы, әдетте, жүргізілген жоқ. Келісім қылмыстық

сот ісін жүргізу процесін айтарлықтай қысқартты. Мұндай келісімдер негізінде шығарылған сот шешімдеріне тараптар жоғары тұрған сатыларда шағымданбаған» [12].

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасасудың ҚР ҚПК-ның тиісті бабына сәйкес, келісім:

1) күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген;

2) күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған;

3) процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіскен кезде жасалуы мүмкін [1].

Көріп отырғандай, кінәні мойындау түріндегі процестік келісімге келу түріндегі өтінішхатты білдірген тұлға, өзінің өтінішхатын өз еркімен білдіргенін мәлімдеуі тиіс. Бұның себебі, қылмыс жасаған тұлға, өзінің ғана жасаған қылмысы үшін жауапқа тартылатындығына өзінің көзі жетуі, сонымен қатар, өз еркімен білдірілген өтінішхат, өзге тұлғалардың қысымынсыз немесе өзге де тұлғалардың азаптауынсыз жасалғанын куәландыруымен байланыстырамыз. Қылмыстық қудалау органының қысымының арқасында кінәні мойындауы емес, нақты өзінің еркімен білдірілгенін куәландыру. Егер де, қылмыстық қудалау органының немесе өзге де тұлғалардың қысымы, әлде азаптау арқылы өтінішхат білдірілсе, келіп түскен өтінішхатты қарау тапсырылған прокурормен жүздесу барысында өтінішхат қысым көрсету немесе азаптаулардың барысында жазылғанын мәлімдесе, прокурор процестік келісімге келуден бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Осы негіз бойынша кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келуден бас тартылады.

Өтініш білдірген тұлғаның іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, оның жасаған қылмыстық іс-әрекетінің нәтижесінде келтірілген заламен дауласпауы – қылмыс жасаған тұлғаның өзінің жасаған қылмысының зардаптарымен дауласпауын, келтірілген күдік немесе тағылған айыпты толығымен мойындауын білдіреді. Яғни, күдікті, айыпталушы өзінің жасаған қылмыстық іс-әрекетінің нәтижесінде жәбірленушіге келтірген зияндары мен зардаптарын өтеуге де келісімін білдіруі. Бұл дегеніміз, өтініш білдірген тұлға процестік келісімге келудің барлық құқықтық салдарын түсінуін көрсетеді. Жасамаған қылмысы немесе негізсіз тағылған айыппен кімде-кім сот алдында дауласуға дайын. Ал қылмыстық процесте сот алдында дауласуды тағылған айыппен келіспеу деп түсіну қажет.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келудің үшінші шарты – жәбірленушінің келісімі. Жәбірленушінің процестік келісімге келуі, яғни, келтірілген залалдың орнының толтырылуы, күдікті немесе айыпталушыға тағылған айыппен дауласпауын білдіреді. ҚР ҚК-нің нормасы бойынша үкім шығару кезіндегі, шартты түрде соттауда немесе тараптардың келісімге келуі арқылы істің қысқартылуына жол берілудегі негізгі шарты –

келтірілген залалдың орнын толтырылуы, өзге сөзбен айтқанда татуласуы, келтірілген зиянды қалпына келтіру, моральдық және материалдық шығынды өтеу. Бір сөзбен айтқанда, жаза тағайындауда жәбірленушінің пікірін ескеру.

Көрсетілген шарттардың кез келген бір бөлігінің орындалмауы, процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қанағаттандырусыз туралы қалдыруға, процестік келісімнен бас тартуға, ал егер процестік келісімге келіп, қол қойылу арқылы заңдастырылған жағдайда сот, қылмыстық іс бойынша әрі қарай тергеп-тексеру жүргізуге немесе қайтадан айып тағуға прокурорға қайтаруға міндетті. Демек, егер де соттың қарауына, процестік келісімге келу нысанында аяқталған қылмыстық іс түсіп, істі сотта қарау барысында жәбірленуші өзіне келтірілген залал өтелмегенін айтып, процестік келісімге келудің шартында көрсетілгендей өзінің қарсылығын білдірсе, сот істі прокурорға сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге қайтаруына негіз болады. Бірақ, заңмен процестік келісім жасасудан бас тартылған немесе сотта қараудан бас тартылған жағдайда, процестік келісімге келудің міндетті шарты орындалмаған болып, сол шарт кейіннен орындалса, қайтадан процестік келісімге келуге шектеу қойылмаған. Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтың нәтижесінде келтірілген материалдық заладың өтелмеуі кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге келу және оны сотта келісімдік нысанда қараудан бас тартудың негізі критерийі ретінде саналмайды. Өйткені сотта келісімдік нысанда істі қараушы судьяның көзқарасына байланысты іс келісімдік нысанда қарала беру мүмкіншілігі бар. Бұл жайында ҚР ҚПК-нің 614-бабының 3-бөлігінде былай делінген: «Процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды» [1]. Бұл дегеніміз, егер де қылмыстық құқық бұзушылықтың нәтижесінде келтірілген материалдық және моральдық залалды өтеу азаматтық сот ісін жүргізу нысанында бөлек қаралу мүмкіндігін бар екенін көрсетеді.

Келісімдік нысандағы қылмыстық істі сотта қарау барысында, соттың тарабынан қойылатын шарттар бар. Ол шарттар ҚР ҚПК-нің 622-бабында көрсетілген. Аталған бап бойынша сот, егер:

1. сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында барлық күдіктімен, айыпталушымен кінәні мойындау туралы процестік келісім жасалса;
2. барлық сотталушымен кінәні мойындау туралы процестік келісім сот талқылауы барысында жасалса, істі келісімдік іс жүргізуде шешеді [1].

Бұл дегеніміз, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында қылмыс жасады деген күдіктілердің саны екі және одан да көп болса, олардың әрқайсысымен кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасасу керек. Бұдан шығатыны, қылмыс адамдар тобы немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалса, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің шарттары бойынша әрқайсысы өз кінәсін мойындауы тиіс. Сонымен қатар, қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелермен дауласпауы және соңғы шарты бойынша, жәбірленуші, сол

адамдар тобының немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған топтың әрбір мүшесімен процестік келісім жасасуға өзінің келісімін білдіруі тиіс. Егер де, қылмысты жасаған адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобының қайсы бірі болсын өзінің кінәсін мойындамаса, әлде қылмыстық іс бойынша дәлелдемелермен дауласатын болса немесе топ мүшелерінің қайсы бірімен жәбірленуші процестік келісімге келуден бас тартқан жағдайда, қалған топ мүшелерімен де процестік келісімге келуге шектеу қойылған.

Егер қымлыстық іс сотта қаралып жатса, сотталушылар екі және одан да көп болса, олардың әрқайсысы кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдіруі керек. Жалпы шарттардың біреуінің орындалмауы, процестік келісімге келуден бас тартуға немесе өтінішхатты қанағаттандырусыз қалдыруға себеп болады.

ҚР ҚПК-нің 63-тарауында ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің нақты шарттары көрсетілмеген.

Алайда заң әріпімен, ҚР ҚПК-де ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің нақты шарттары айқындалмағанымен, оның қағидаларынан келісімге келудің шартты түрде шарттары орын алады. Бұл нысандағы процестік келісімнің басты шарты болып қылмысқа қатысушы тұлғаларды әшкерелеуде күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған тұлғаның ақпарат беруі арқылы қылмыстық қудалау органына көмегін беруі.

Екі нысанындағы процестік келісімге келу тәртібіне тоқталсақ, күдікті, айыпталушы, сотталған тұладан өтінішхат жазудан басталады. Егер де кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасасуға өтінішхат білдірілсе, өтінішхат сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына түскен болса, бұл жағдайда өтінішхат пен қылмыстық іс құжаттары үш тәуліктің ішінде прокурорға жолданады.

Өтінішхат пен қылмыстық іс құжаттары прокурорға келіп түскеннен соң ол, ҚР ҚПК-нің 615-бабының 3-бөлігіне сәйкес:

- 1) адамның жасаған іс-әрекетінің кінәні мойындау туралы мәміле нысанында іс жүргізу туралы процестік келісім аясына жататын-жатпайтынын;
- 2) процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты адамның ерікті түрде мәлімдегенін және оны жасасудың салдарлары туралы білетінін;
- 3) адамның жиналған дәлелдемелерге және іс-әрекеттің саралануына дауласпайтынын;
- 4) адамның өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне және азаматтық талап қоюға келісетінін;
- 5) істе қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлардың жоқтығын тексеруге міндетті [1].

Сонымен қатар прокурор күдіктіні, айыпталушыны, оның қорғаушысын және жәбірленушіні шақыртып, оларға процестік келісімге келудің құқықтық салдарын түсіндіреді.

Егер де күдікті, айыпталушы мен оның қорғаушысы және жәбірленуші процестік келісімге келуге толық келісімін білдіріп, күдікті немесе айыпталушы өзіне тағылып жатқан айып туралы дауласпайтынын білдірсе, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер жеткілікті дәрежеде деген ойға келген болса, онда прокурор кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасайды. Ол құжатқа өз қолын қойып, күдікті, айыпталушы мен оның қорғаушысын таныстырып, қолдарын қою арқылы рәсімдеп, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтап, қылмыстық іс-құжаттарын айыптау актісіз, келісімдік нысанда сотқа жолдап, ол туралы жәбірленушіге хабар береді.

Ал ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің тәртібінде, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келуден бірқатар ерекшеліктері бар.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің субъектісі болып тек күдікті, айыпталушы, сотталушы ғана емес, сонымен қатар өзіне қатысты үкім шыққан сотталған тұлға да бола алады.

Келесі ерекшеліктің бірі, егер де қылмыстық іс қылмыстық қудалау органының өндірісінде және сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталмаған болса, күдіктіден ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат келіп түскен болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы лауазымды тұлға, қылмыстық іс-құжаттары мен өтінішхатты прокурорға бір тәуліктің ішінде жолдауы тиіс.

Ал ынтымақтастық туралы нысанындағы келіп түскен өтінішхатты қарап, ол бойынша процестік келісімге келу және оны бекітудегі ерекшелігі де, кінәні мойындау түріндегі процестік келісімнен өзгеше. Бұл жағдайда, процестік келісімді ҚР ҚПК-нің 618-бабы 2-бөлігі бойынша тиісті облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адаммен – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның орынбасары бекітеді [1].

ҚР ҚПК-нің 620-бабында көрсетілгендей, бекітуге келіп түскен процестік келісім бойынша күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты – облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адамға қатысты – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның орынбасары:

1) қылмыстық істі және ұсынылған (талап етіліп алдырылған) қосымша материалдарды зерделейді, ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасудың заңдық және нақты негіздерін тексереді, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның келісім нысанасы болып табылған әрекеттерді орындау жөніндегі ниетінің сипатын бағалайды;

2) күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның ынтымақтастық туралы процестік келісіммен байланысты барлық шарттармен және талаптарымен танысқанын, азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлеріне ұшырағанын-ұшырамағанын, ынтымақтастық туралы

процестік келісімді өз еркімен жасасқанын-жасаспағанын, оның құқықтық салдарын білетінін-білмейтінін анықтайды;

3) ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту не бекітуден бас тарту туралы қаулы шығарады [1].

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің шарттарын орындау бойынша прокурордың әрекеті ҚР ҚПК-нің 621-бабында орын алған. Осыған байланысты:

1. Облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адамға қатысты – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіткеннен кейін ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған прокурор жасалған келісімнің нысанасы болып табылатын қылмыстардың ашылуын ұйымдастыруға және кінәлі адамдардың әшкереленуіне дереу шаралар қолданады, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 153-бабында көзделген тәртіппен күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды.

2. Егер ынтымақтастық туралы процестік келісімнің нысанасына қатысты қылмыстарға жүргізілген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның ықпал етуімен аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топ құрамында қылмыстар, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстар жасаған адамдар әшкереленсе және кінәлі адамдарға қатысты айыптау үкімі шығарылса, онда прокурор ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптарын орындауға шаралар қолданады.

3. Прокурор ынтымақтастық туралы келісім жасасқан және оның шарттарын орындаған сотталған адамға қатысты ҚР ҚПК-нің 476 – 478-баптарына сәйкес өтінішхатпен сотқа жүгінеді [1].

Яғни, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге өтініш берген азаматтың нұсақауымен, соның берген ақпараттары арқылы экстремистік, террористік, аса ауыр немесе қылмыстық топтың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамға қатысты соттың айыптау үкімі шығуы қажет. Содан соң ғана, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім жасасқан тұлғаға қатысты келісім бойынша оның жазасын жеңілдету қарастырылады.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнен келісі айырмашылығының бірі – ынтымақтастық туралы нысандағы процестік келісім жасасқан тұлғамен оның жаза түрін жеңілдету сұрағы прокурормен алдын ала ақылдасылмайды. Бұл сұрақ, процестік келісім туралы өтінішхат жазған тұлғаға қатысты жазасын жеңілдету мақсатында қайтадан сот отырысында шешілетін мәселе.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасында оның қағидаттары көрсетілген. Бұл қағидаттар ҚР ҚПК-нің 2-тарауында орнын тапқан.

ҚР ҚПК-нің 9-бабының 1-бөлігіне сәйкес - қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады [1].

ҚР ҚПК-нің 2-тарауында көрсетілгендей 22 қағидат бар. Процестік келісім институтын осы қағидаттарға сәйкес талдау жасасақ, процестік келісім кей қағидаттарға сәйкес келмейтіндігіне мән береміз.

Толығырақ айтқанда, олардың ішіндегі және ең маңыздыларының бірі, ҚР ҚПК-нің 19-бабына сәйкес «кінәсіздік презумпциясы». Осы бапқа сілтеме жасай отыра, кінәсіздік презумпциясы дегеніміз - әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі ҚР ҚПК-де көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады [1]. Осы орайда, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің ең басты алғышарттарының бірі – азаматтың өзінің кінәсін толық мойындау болып табылады. Бұл нысандағы процестік келісім, кінәсіздік презумпциясы қағидатына қайшы келгендігін көреміз. Сондай-ақ, аталған қағида бойынша, ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

Егер де процестік келісімге келген азамат, өз кінәсін мойындамай сонымен қатар, өзіне тағылған айыппен келіспесе, онда ол адам, сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін кез келген уақытта процестік келісімнен бас тартуға құқығы бар.

Осы қағидатпен тығыз байланыстағы келесі қағидат – ҚР ҚПК-нің 24-бабында орын алған «Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу» болып табылады [1].

Кінәсіздік презумпциясымен тығыз байланыстырып отырған себебіміз, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасалған тұлға өзінің кінәсін мойындап отырып, оған қатысты келтірілген күдікпен және айыппен келіссе, қылмыстық іс бойынша оған қатысты дәлелдемелерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органының қызметкері жеткілкті дәрежеде жинамаған және ол іс прокурордың тарабынан сотқа жолданған болса, соттың бұл істі қараусыз қалдырып, қылмыстық істі ҚР ҚПК-нің 24-бабының талаптарын сақтай отыра, істі мән-жайы бойынша жан-жақты толық және объективті түрде зерттеу жүргізуге қайтаруға тиіс.

Кінәні мойындау түріндегі процестік келісімнің тағы бір айтарлықтай мәселесі – ҚР ҚПК-нің 23-бабында көрсетілген «Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру» қағидатына қайшы келуі [1]. Өйткені күдікті, айыпталушы немесе сотталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Бұл туралы ҚР Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 6-тармағында – айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес делінген [9]. Сонымен қатар, аталған қағида тікелей сот ісін жүргізуді

тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қағидатымен де қайшы келеді. Яғни біздің түсінігімізде, жарыспалық қағидатында егер де айыптаушы тарап, айыпталушы тарабына қатысты айып тағып және оған дәлелдемелер келтіріп жатса, өзінің кінәсіздігін дәлелдеу мақсатында, сот ісін жүргізуде жарыспалыққа түсуі тиіс деп санаймыз.

Осы айтылғандардың нәтижесінде, кінәсіздік презумпциясы, сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру, істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу сонымен қатар күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету сияқты қылмыстық процестің қағидаттарына қайшы келетіндігін көреміз.

Бірақ, қылмыстық процестің дифференциациясына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі – «қылмыстық процесті жеңілдету және оның тиімділігін арттыру, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу тәртібін оңайлату; процессуалдық келісім институтын заңнамалық дамыту» [2] екендігін атап көрсете отырып, процестік келісім институты қылмыстық процесте қылмысты тергеуде, ашуда және де қылмыс жасаған адамға қатысты жаза тағайындау кезінде ізгілік нысанда тиімді институт екенін көрсеткіміз келеді. Процестік келісімнің артықшылығы жайында Ж.Абенова былай дейді: «процестік келісім қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеделдетеді, сот талқылауын жеңілдетеді, сондай-ақ сот актілерін орындауды жылдамдатады. Өйткені, кінәні мойындау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында жасалған қылмыс бойынша мән-жайлардың тез және тиімді түрде анықталуына, дәлелдемелерді өз еркімен беруге көмектеседі. Нәтижесінде келісімдік іс жүргізу тәртібінде жеңілдетілген тәртіпте істі сотта қарау сияқты, сотқа дейінгі тергеп-тексеру де қысқа мерзімде аяқталады» [13]. Ж.Абенованың пікірімен біз толығымен келісеміз.

Процестік келісім арқылы, келісімдік іс жүргізуде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде де, сондай-ақ істі сотта талқылау барысында да, істі шешуге бағытталған артық іс-әрекеттер жасаудың қажеттілігінің аз екендігін көрсеткіміз келеді. Бұл дегеніміз, қылмысты нақ сол адамның жасағандығын дәлелдейтін бірқатар тікелей дәлелдемелермен шектелу мүмкіндігі. Тек қылмыс жасаған тұлғаның жеңілдігі емес, сондай-ақ қылмысты қудалау жүргізу органының, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлғаның, соттардың ісінің жеңілдетуі, соның нәтижесінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында немесе істі сотта қарау барысында қылмыс жасаған адамның кінәлілігін дәлелдеуде тікелей дәлелдемелерді толығымен жинап қана қоймай, сонымен қатар жанама дәлелдемелерді тікелей дәлелдемелермен ұштастырып байланыстурдағы, оның ішінде куәларды тауып олардан жауап алуға бағытталған іс-әрекетті жүргізудегі күш-жігердің, адами ресурстардың шығындалуын болдырмау, сонымен қатар материалдық шығындарды азайту, ғылыми техникалық құралдарды артық қолдану мен жанама жол арқылы тағайындалатын сот сараптамаларын тағайындауды алдын алудың тікелей жолы

екендігін атап көрсетеміз. Өйткені сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде жауап алынған тұлғалар, өздерінің сотқа дейінге тергеп-тексеру сатысында берген жауаптарын, басты сот талқылауы сатысында, сот отырысында қайтадан құптауы керек. бұл дегеніміз, бір жұмыстың екінші рет қайталануы, сондай-ақ қиын мәселенің бірі, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында куә ретінде жауап берген тұлғаны, бас сот талқылауына келіп, сот алдында және сотқа қатысушы тараптардың көзінше өзінің алдын-ала берген жауабын қайталауына келуінде.

Процестік келісім нысанында қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізу және сол істерді сотта қараудың тиімділігі мен ұтымдылығы жайлы В.Самарин былай дейді: «Процестік келісімнің енгізілуі, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ғана емес, сондай-ақ сотта іс жүргізуді де едәуір жеңілдетеді және процестік мүмкіндіктерді ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қолдануды көздейді» [14]. Процестік келісімге келу арқылы, келісімдік нысанда аяқталған қылмыстық іс бойынша, істі негізсіз созу, сондай-ақ, күдікті, айыпталушы, сотталушыға қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын негізсіз ұзақ қолданудан алдын алады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куә, жәбірленуші берген жауабын, сот алдына басты сот талқылауында құптап, сотқа дейінге тергеп-тексеруде берген өзінің берген жауабын, сотқа қатысушы тұлғалардың қатысуымен қайталап жауап беруі тиіс.

Көп жағдайда тәжірибеде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тек куәлар емес, сондай-ақ жәбірленушілер басты сот талқылауында, сот отырысында сот алдында жауабын беруден жалтарып, сотқа қатысудан қашып жүретіндігі беймәлім дүние емес. Оның себептері әрбір азаматқа байланысты әр түрлі болып келеді. Осы аталған жағдайлар, істі басты сот талқылауында, сотта қарауда мерзімін мәжбүрлі созылуына алып келеді.

Процестік келісімнің нысанында аяқталған, істі сотта келісімдік нысанда қараудың шарты бойынша, істі қарауға берілген соттың шешімі бойынша, жәбірленушіні сотқа қатыстыру міндетті болып табылмайды. Сонымен қатар айта кетерлік жайт, тікелей дәлел болып табылмайты, жанама дәлел ретінде куәлардан алынған жауаптарды, сотпен қарау артық мерзімді талап ететіндіктен, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім бойынша, тікелей дәлелдер жеткілікті және ол дәлілдермен қорғанушы тарап дауласпаған жағдайда, жанама дәлелдерді табуға мерзім жоғалтылмайды.

Осы аталғандар, процестік келісім нысанында қылмыстық істерді аяқтаудағы мерзімдердің сақталуының өзектілігін білдіреді.

1.2 «Процестік келісімнің» басқа құқықтық институттармен байланысы

Құқықтық институт ұғымының нақты анықтамасы әлі күнге дейін берілмеген. Бұл жайында заң ғылымдарының докторы, профессор Л.И.Дембо былай деген: «осы терминді асыра пайдалану, оны кеңінен қолдану, осы терминді мәні бойынша қандай да бір нақты мазмұнға салмай, кез келген құқықтық құбылысқа қолдану әдет ретінде саналады» [15].

Кей ғалымдар құқықтық институтқа «біртектес қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласын реттейтін нормалар жиынтығы» [16] ретінде немесе «саланың мәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың сол тобы шегінде оқшауланған жалпы қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы» [17] ретінде немесе «белгілі бір типтелген құқықтық қатынастарды бейнелейтін нормалар жиынтығы» деген анықтама береді [18]. Құқықтық институттың анықтамасына басқа да анықтамаларды мысал ретінде келтіруге болады. Бірақ олардың барлығы мәні бойынша жоғарыда көрсетілгендерге ұқсас болады.

Қылмыстық-процестік құқық құрылымы бойынша:

- қылмыстық-процестік нормалар;
- қылмыстық-процестік институттар;
- қылмыстық-процестік құқықтың салалары деп бөлінеді.

О.М.Кульпеисова қылмыстық-процестік құқық жүйесінде мынадай элементтерді бөледі:

- «1) жеке операцияны реттейтін нормалар жүйесі;
- 2) жеке процестік әрекеттерді реттейтін нормалар жүйесі (*негізгі реттеуші блок*);
- 3) процестік сатының ішінде жеке кезеңді реттейтін нормалар жүйесі – субинститут;
- 4) процестің сатыларын реттейтін нормалар жүйесі – институт;
- 5) қылмыстық процестік қызметінің неғұрлым ірі және маңызды екі учаскесін реттейтін нормалар жүйесі: қылмыстық істі қозғау және алдын ала тергеу, бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу (*алдын ала тыңдау және сот талқылауын өткізу*) – кіші сала» [19].

Қылмыстық-процестік құқықтың құрылымына Т.М.Хашиева келесідей анықтама береді: «Құрылымның бірінші элементі немесе қылмыстық-процестік құқықты бөлудің ең төменгі бірлігі – бұл құқық нормасы. ҚР ҚПК баптарындағы қылмыстық-процестің нормаларының басым бөлігі диспозитивтік бөлік. Қылмыстық-процестік нормалардың диспозициясы процеске қатысушы адамдардың құқықтары мен міндеттері айқындалатын мінез-құлық ережесін қамтиды. Гипотеза норма бағытталған субъектілерді, сондай-ақ белгілі бір түрде әрекет ету керек жағдайларды болжайды және көрсетеді, белгілі бір тәртіп ережесін сақтау. Санкция қылмыстық-процестік нормалардың талаптарын орындамағаны үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде тікелей ҚР ҚПК-де сирек кездеседі. Тиісті емес қылмыстық іс жүргізу мінез-құлқы үшін санкция негізінен құқықтың басқа салаларының көздерінде орын алған.

Қылмыстық-процестік институт – қылмыстық-процестік құқық саласының қылмыстық-процестік нормалар жиынтығынан тұратын, қылмыстық-процестік міндеттер мен қағидаттарын іске асыру нысаны болып табылатын қылмыстық істерді тергеу, қарау және шешу бойынша қылмыстық іс жүргізу қатынастарын реттейтін құрылымдық элементі.

Қылмыстық-процестік құқық саласының элементтері бейберекет емес, объективті сипатта ұйымдастырылған болады. Құқық саласының әрбір құрылымдық элементінің болуы ғылыми негізделуі тиіс. Алайда, қылмыстық-процестің нормаларының жиынтығынан тұратын қылмыстық-процестік құқық құрылымының элементтерін ажырату проблемасы салалық деңгейде шешілмеген күйінде қалып отыр. «Субинститут», «институт» және «құқық саласы» терминдерін теріс пайдалану айқын көрінуде. Бұл өте заңды, өйткені құқықтық категорияларды түсіндіру, оларды ажырату негіздері әдетте бізге құқықтың ортақ теориясымен беріледі. Салалық ғылым аталған санаттардың арнайы белгілерін белгілей отырып, осы сала үшін ерекшеліктерін бөліп, жалпы жергілікті қолдануға тиіс [20].

Процестік келісім сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кез келген сатысында жүргізілгендіктен, барлық құқықтық институттармен байланыста болады.

Қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелгеннен бастап сол қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған азамат анық болып құрықталған деп есептелік. Осы сатыдан бастап-ақ, күдікті кінәні мойындау туралы мәміле немесе ынтымақтастық туралы нысанында процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген деп саналық. Сол сәттен бастап, процестік келісім ҚР ҚПК-де көрсетілген қылмыстық-процестік құбылыстың барлық дерлігін қамтып, барлық құқықтық институттармен байланыста болады.

Процестік келісімнің өзге де құқықтық институттармен байланысы туралы М.Хведилидзе, келесідей бөлген:

- процестік келісім жасаусудың арнайы шарттары;
- жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеудің жалпы нысандарынан ерекшеленетін екі дербес нысаны;
- күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға және жәбірленушіге жасалған процестік келісім жасасу және/немесе жасасу жағдайында олардың кеңейтілген құқықтары;
- прокурормен процестік келісім жасалған адамға қатысты қылмыстық істен басқа қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөліп шығарудың негізі;
- процестік келісім және оны жасасу туралы өтініш білдірген жағдайларда қорғаушының міндетті түрде қатысуының негізі;
- процестік келісім жасасуға тыйым салу: қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі дұрыс емес жағдайда жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамдармен, қылмыстардың жиынтығына қатысты егер жәбірленушінің ең болмағанда біреуі процестік келісім жасасумен келіспесе және ҚР ҚПК 612-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру процестік келісім жасаумен аяқталған жағдайларда адамды айыпталушы деп тану үшін жаңа дербес негіздер;
- процессуалдық келісім жасауға қарсылық білдіру бөлігінде жәбірленушінің құқықтарын кеңейтілуі;
- күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қатысты олармен процестік келісім жасалған жағдайда қауіпсіздік шараларын қолдану негіздері;
- айыптау актісімен келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың процестік келісім жасасу үшін негіздердің болуын анықтау тұрғысынан шешетін мәселелер бөлігінде міндеттерін күшейтілуі;
- прокурорға процестік келісім жасау бойынша өкілеттіктер берілуі;
- сотқа процестік келісім нысанында келіп түскен іс бойынша анықтауға жататын сұрақтар тізбесін кеңейтілуі;
- процестік келісім жасалған жағдайларда басты сот талқылауын кейінге қалдыру үшін жаңа негіз;
- соттың сотталушыға процестік келісім жасасу құқығы бөлігінде оның құқықтарын түсіндіру мазмұнының нақтылануы;
- негіздер болған кезде процестік келісім жасасу туралы өтінішті соттың қанағаттандыру міндеттілігі;
- сот айыпталушының процестік келісім жасасуға ниет білдіру мәселесі бойынша ұстанымын анықтаудың міндеттілігі;
- процестік келісім жасалған іс бойынша сот талқылауының қысқартылған тәртібі;
- процестік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істер бойынша қысқартылған сот тергеуі кезінде сот жарыссөзін алып тасталуы;
- процестік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істер бойынша қысқартылған сот тергеуі кезінде сотталушының соңғы сөзін алып тасталуы;
- процестік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істер бойынша айыптау үкімінің дербес құрылымы ;
- апелляциялық тәртіппен бірінші сатыдағы сот үкімінің күші жойылған жағдайларда процестік келісім жасасу құқығы;
- процестік келісім жасау мән-жайларын тексеру бойынша апелляциялық сатының өкілеттіктерін кеңейтілуі;
- процестік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істер бойынша үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешудің ерекше тәртібі;
- процестік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істер бойынша орындалатын үкімдер бойынша жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы мәселелерді қараудың ерекше тәртібі;
- кәмелетке толмаған сотталушыға процестік келісім жасасу құқығының берілуі;
- процестік келісім жасасудың ерекше тәртібі;

- процесік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істерді соттың қарауының ерекше тәртібі [21]. Көрсетілгендерді біз құқықтық институттың субинституттарына жатқызамыз.

Ал біз болсақ, ҚР ҚПК-нің әрбір бөлімін және бөлімнің ішіндегі тарауларын қылмыстық-процестің жеке дара институты ретінде қарастырамыз.

Қолданыстағы ҚР ҚПК құрылымы бойынша екі бөліктен тұрады, яғни жалпы бөлік және ерекше бөлік. ҚР ҚПК-нің жалпы бөлігі негізге алынатын ерекше ережелердің жиынтығын қамтыса, ерекше бөлігінде қылмыстық процесің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығын қамтитын институттардан тұрады. Ерекше бөлік құрылымы бойынша 11 бөлімнен және 51 тараудан тұрады. Бөлімдердің атауы бойынша:

6-бөлім – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу,

7-бөлім – қылмыстық істердің соттылығы. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу,

8-бөлім – соттың үкімдері мен қаулыларын апелляциялық тәртіппен қайта қарау,

9-бөлім – соттың шешімдерін орындау,

10-бөлім – соттың заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау жөнінде іс жүргізу,

11-бөлім – ерекше іс жүргізу,

12-бөлім – қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық,

13-бөлім – процесік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізу,

13-1-бөлім – бұйрықтық іс жүргізу,

14-бөлім – істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу,

15-бөлім – үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізу,

16-бөлім – өтпелі және қорытынды ережелер [1].

Аталған бөлімнен бірнеше бөліммен ғана процесік келісім институты тығыз байланыста. Ал 13-бөлім болса, нақты процесік келісімге арналған бөлім болып табылады.

Процесік келісім институты қылмыстық-процестік құқықпен тығыз байланыста. Қылмыстық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін, қылмысты жасады деген адамға күдік келітіріліп, күдікті процесік келісімге келу туралы өтінішхат білдіргеннен бастап, басқа құқықтық институттармен байланысын орнатады. Өйткені процесік келісімге келу, ол процесік келісімге келудің сәйкесінше нысаны бойынша өтінішхат білдіруден басталады.

Процесік келісім институтының қылмыстық-процестің институттарымен байланысын түсіну үшін, әрбір құқықтық институтпен процесік келісім институтының ұштасатын тұстарына талдау жүргізу қажет.

Күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған тұлға, процесік келісімге келу туралы өтінішхат білдіргеннен кейін, өтінішхат прокурордың қарауында болып, процесік келісім бойынша келісімге келу немесе өтінішхатты

қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім қабылданады. Осы жерде, процестік келісім институты ҚР ҚПК-нің 13-тарауында көрсетілген өтінішхаттарды қарау институтымен байланыста. Процестік келісімге келу туралы өтінішхат, ҚР ҚПК-нің 99-бабы негізінде міндетті қарауға жатқызылады.

ҚР ҚПК-нің 99-бабының 2-тармағы бойынша – «Өтінішхаттар процестің кез келген сатысында мәлімделуі мүмкін. Өтінішхатты мәлімдеген тұлға қандай мән-жайларды анықтау үшін әрекет жүргізуді немесе шешім қабылдауды өтінетінін көрсетуге тиіс. Жазбаша өтінішхаттар қылмыстық істің материалдарына қоса тігіледі, ауызша өтінішхаттар тергеу әрекетінің немесе сот отырысының хаттамасына енгізіледі» [1]. Осының негізінде, жазбаша берілген өтінішхат, міндетті түрде қаралуға жатады.

Біз байланыстырып отырған келесі институт – дәлелдемелер және дәлелдеу институты.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келудің негізгі алғышарттарының бірі, ҚР ҚПК-нің 613-бабы 1-бөлігі 2-тармағы бойынша – «күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған» болуы [1]. Әрине, кінәні мойындау туралы мәміле нысанының тағы бір басты шарты өз кінәсін толығымен мойындауы болғанымен, нақ сол қылмысты нақ сол адамның жасағандығы дәлелденуі қажет. Сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 115-бабының 3-бөлігінде көрсетілгендей – «Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін»^[1]. Бұл тұжырым дәлелдеу институтының ішіндегі субинститут. Аталған субинститут ҚР Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 9-тармағында – «заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес» деп көрсетілген, сала аралық нормамен бекітілген [9].

Дәлелдемелер сипатына қарай қатыстылықта, жол берулігінде және анықтылығында болады. Яғни, қылмыстық іс бойынша анықталған кез келген факті, ол дәлелдеме ретінде таныла бермейді. Дәлелдемелердің қатыстылығы туралы әрбір автор әртүрлі сипаттайды. Мәселен, Г.П.Корпеев қатыстылықты – «бұл – дәлелдемелердің белгісі» деп санайды [22], ал П.А.Лупинская болса бұны «қасиет» деп санайды. Бұны біз, қандайда бір дәлелдеме сол қылмысқа қатыстылығы дегеніміз, уақыттық кеңістікте қандай да бір фактімен тікелей байланыстылығы деп түсінеміз.

Жол берулігіне қатысты А.Жанибеков былай дейді – «М.С. Строгович пайымдағандай, дәлелдеменің жол берілетіндігі – бұл оның факт туралы мәліметтердің көзі ретінде сол факті анықтаудың құралы болу қабілеті. Строгович дәлелдемелердің жол берілушілігінің екі шартын ажыратты: а) мәлімет көзінің заңда аталған белгілі бір шарттарға сәйкестігі; ә) бұл қайнар көздерін заңмен белгіленген белгілі бір іс жүргізу нысандарына айналуы.

Жол берілушілік деп Н.Н. Розин дәлелдеменің заңда аталған қайнар көзінен, немесе сол заңмен тікелей тыйым салынбаған қайнар көзінен алынғандығын түсінді. Г.М. Миньковскийдің пікіріне сәйкес, «іс бойынша жиналатын іс жүзіндегі ақпараттың жол берілетіндігінің келесідей шарттары бар: а) мәлімділік және оның шыққан жерін тексеру мүмкіндігі; ә) оны беретін және оны жинайтын тұлғалардың құзыреттілігі және хабардарлығы; б) дәлелдеудің жалпы ережелерін сақтау; в) толықсыздық пен бұрмалаудың болмауына кепілдік беретін белгілі бір түрдегі деректерді жинау ережелерін сақтау; г) жиналған ақпараттың істегі толықтылық және бекітілу нақтылығын кепілдендіретін ережелерді сақтау; д) оған жорамалдар мен болжамдарды қосудан бас тарту». А.Ф. Соколов жол берілетіндікті «дәлелдеменің оның іс жүргізу нысанының тұрғысынан жарамдылығы» ретінде анықтайды. Бұл көзқарасты С.А. Шейфер де қолдайды. Ол дәлелдемелердің қайнар көзінің заңдылығы белгісін жол берілетіндіктің дербес шарты ретінде бөліп көрсетпейді, себебі оның пікірінше, «қылмыстық іс жүргізу теориясында дәлелдемелердің қайнар көздері немесе дәлелдеу құралдары деп аталатынның барлығы заңмен талап етілетін іс жүргізу нысаны болып табылады...

Дәлелдеменің жол берілетіндігі бірнеше критерийден тұрады.

1. Мәліметтерді алудың қайнар көзіне жол берілген болуы керек...
2. Дәлелдемелердің жол берілетіндігінің екінші талабы – оларды алу тәсілдерінің, әдістерінің заңдылығы...
3. Дәлелдемелердің жол берілетіндігі оларды алудың іс жүргізу тәртібін сақтауды талап етеді...
4. Дәлелдемелердің жол берілетіндігі оларды бекітудің іс жүргізу нысанының талаптарын сақтаумен анықталады...
5. Жол берілетіндік сонымен қатар дәлелдемелердің тиісті тұлғамен (тергеушімен, судьямен және т.б.) алынуын көздейді...
6. Жол берілетіндік тұлғаның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтаусыз мүмкін емес...» [23]. Осының жиынытығында В.М.Савицкийдің келесідей айтылған пікірімен «...қайсыбір дәлелдеменің жол берілетіндігі туралы мәселені сол дәлелдемені айыпталушының өтірігін ашу, оның кінәсін ратсау және соттау үшін қолданғанда ғана қойған дұрыс. Егер тиісті ережелерді бұзу арқылы алынған дәлелдемелер кінәсіздікті немесе айыпталушының кінәсінің аз дәрежесін қорғау, оның кінәсін жұмсарту үшін пайдаланылса, тергеуші, анықтаушы, прокурор және сот мұны көңілге алуы керек, себебі бұл дәлелдемелер өздігінен дәлелдемелерді қажет етпейтін жағдайдан, айыпталушының кінәсіздігінен басқа ешнәрсені дәлелдемейді» толық келісеміз [24].

Дәлелдемелердің анықтылығы жайлы А.Жанибеков – «Анықтықтың бастапқы түсініктемесі ықтималдықтың немесе дәлелдемелерді бағалайтын тұлғаның фактілердің болуына немесе болмауына деген субъективті сенімділігінің белгілі дәрежесімен шектелді. Біздің ойымызша, мұнда анықтықтың объективті критерийлерінің дәлелдемені бағалайтын тұлғаның

субъективті пікірімен алмастыру орын алды. Тәжірибе жүзінде, анықтыққа деген мұндай көзқарас факт шын мәнінде дұрыс немесе бұрыс екеніне қарамастан, судьяларды сол факттің бар болуына сендіретін дәлелдеме немесе дәлелдемелер жиынтығы анық болып танылады дегенді білдірді. Мұндай позиция адамды соттау үшін оның шын мәнінде кінәлі болуы міндетті емес – судьяға ұсынылған дәлелдемелердің негізінде судьяның оның кінәлі екендігіне сенуі жеткілікті болғандығына әкелді. Шынымен де, бұл ұғымға субъективті мағынаны философия береді, ол «анықтықты» «түсінікке негізделген және кез-келген күмәнді теріске шығаратын сенім» деп түсіндіреді. Алайда орыс тілінде «анықтық» сөзінің мағыналық мәні бұл ұғымға субъективті мағына бермейді. «Анықтық» ұғымы фактілер туралы мәліметтердің әртүрлі дерек көздеріне қатысты жиі қолданылады: мысалы, анық хабарлама, анық түсінік, анық мәліметтер және т.с.с. «ақиқаттылық» ұғымы (көбіне «адалдық») пікірлерге, теорияларға, көзқарастарға қатысты қолданылады - ақиқатты теория, ақиқатты (дұрыс) пікір және т.б.с.с.» деп көрсетеді [23].

Осының нәтижесінде, процестік келісімге келу кезінде дәлелдемелерге баға беру, аталған қатыстылық, жол берушілік және анықтылық сипатының негізінде болуы қажет. Осы сипаттардың негізінің бұзылуына байланысты қол жеткізілген дәлелдемеле – заңсыз деп танылып, дәлелдемелер қатарынан алынып тасталынады.

Келесі қарастыратын институтымыз – бұлтартпау шарасы. Процестік келісімге келу кезінде, өтінішхат білдірген тұлғаға қатысты бұлтартпау шарасын қолдануды біз ерекше жағдай деп танымыз.

Процестік келісімге келу туралы өтінішхатты, әдетте күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы қабылданғаннан кейін білдіріледі. Өйткені тәжірибе бойынша, адамды күдікті деп танығаннан кейін ең бірінші қабылданатын шешімнің бірі.

Егер күдіктіге қатысты бұлтартпау шараларының ең ауыр түрі – күзетпен ұстау қолданылса, күдікті, айыпталушы немесе сотталушыға қатысты қолданылған бұлтартпау шарасын қайта қарастырудың негіздері жоқ деп есептейміз. Өз ойымызды келесімен түсіндіреміз, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келудің алғышарттарының бірі болып, егер де қылмысты адамдар тобы немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы жасалғаны анықталып, қылмысты жасады деген күдік келтірген адамдардың барлығы құрықталған болса, бір-біріне қысым көрсету, өмірі немесе денсаулығына қауіп төндіру мәселесі қазіргі таңда атап көрсететін басты мәселе емес. Өйткені, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келу үшін, қылмысқа қатысушы тұлғалардың барлығы өздерінің кінәсін толық мойындау, сондай-ақ іс бойынша жиналған дәлелдемелермен дауласпағаны, олардың әрқайсысының қылмыс жасағанын және өздерінің кінәлілігін мойындап, өз арасында мүдделерінің келіспеушілігінің жоқтығын білдіреді. Қылмыс жасаған қылмыстары үшін

құқықтық салдар туындайтынын түсініп, сот алдында жауап беруге дайын екендігінің көрінісі.

Ал процестік келісімнің екінші нысанындағы, яғни ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуде, күдікті, айыпталушы, сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасын қолданудың ерекшелігі бар.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнен өзгешелігінің бірі, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім бойынша, жазаны жеңілдетуге бағытталған нақты іс-шара туралы алдын ала әңгіме қозғалмайды. Өйткені бұл нысандағы процестік келісім бойынша, өтінішхат білдірген тұлға өзінің жағдайын жақсарту мақсатында, қылмысқа қатысы бар, бірақ, сол уақытта қылмыстық қудалау органы мен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін тұлғаға беймәлім ақпараттарды беру арқылы, қылмысқа қатысқан өзге тұлғаның іс-әрекеттерін әшкерелеу арқылы келісімге келу болып табылады.

Бұл жағдайда, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігі туралы ойлау қажет. Мысалы, аса ауыр дәрежелі немесе террористік немесе экстремистік қылмысты жасады деп өзіне күдік келтірген адам, күдікті ретінде ұсталып, оған қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған деп есептелік. Аталған күдікті, сол аса ауыр дәрежелі немесе террористік немесе экстремистік қылмысқа қатысы бар басқа да қатысушылар туралы ақпарат беру туралы шешімге келіп, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуге өтінішхат береді делік. Күдіктінің берген ақпараттары негізінде, сол аса ауыр немесе террористік немесе экстремистік қылмысқа қатысы бар басқа қатысушылар да ұсталған жағдайда, оларға да қатысты бұлтартпау шарасы қолданылады. Осы жерде, қылмыстық қудалау органына қылмысқа қатысы бар басқа да қатысушылар туралы ақпарат берген күдіктінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде, оған қатысты қолданылған бұлтартпау шарасын өзгерту қажет немесе қажет еместігіне аса зор мән беру керек есептейміз. Өйткені қылмыстық іс тергеулігі бойынша немесе тергелу аймағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органынымен күдіктілерді күзетпен ұстау сол аумаққа қатысты тергеу изоляторында жүзеге асырылады. Осы жерде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келген күдіктінің берген ақпараты негізінде, қылмысқа қатысушы басқа да тұлғалар құрықталып, оларға да қатысты күзепен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылғаннан кейін, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келген күдіктінің күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын өзгерту туралы шешім қабылданса, соның берген ақпараты негізінде ұсталған күдіктілер, нақ осы азаматтың ынтымақтастық туралы процестік келісімге келгені туралы күдіктеніп, күмән тудыруы мүмкін.

Заң ғылымдарының кандидаты Е.В.Прыткова, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында келесідей ұсыныс білдірген: «Ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісім жасасқан күдіктінің (айыпталушының) қауіпсіздігін

қамтамасыз етуді алдын ала тергеу сатысында тактикалық операция ретінде қарау керек, ол дегеніміз тергеуші және онымен өзара іс-қимыл жасайтын адамдар жүзеге асыратын, қылмыстық сот ісін жүргізуге аталған қатысушының маңызды мүдделеріне зиян келтіру мақсатында ықпал ету мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларға қол жеткізуге бағытталған тергеу, өзге де іс жүргізу, жедел-ізвестіру, басқа да іс-қимылдар, тактикалық тәсілдер жүйесі түсініледі» [25]. Е.В.Прыткованың ойын біз толығымен қолдаймыз. Өйткені әрбір қылмыстық істі тергеудің ерекшелігі, қылмысты жасаудың сипаты және сол қылмысты жасаған тұлғалардың мінез-құлқы әр түрлі болады. Сондықтан да, әрбір қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің әдісі ерекше және жеке болуы тиіс.

Қарастыратын келесі институтымыз – күдіктінің іс әрекетін саралау немесе өзгеше айтқанда айып тағу институты.

Қылмыстық құқық бұзушылық орын алып, қылмыстық қудалау жүргізу органымен күдікті анықталып, ол адам нақ сол қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде танылғаннан соң, күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасын қолдану туралы сұрақ туындайды. Егер де күдіктіге қатысты күзетпен ұстау сияқты бұлтартпау шарасын қолдану қажеттілігі туындаса, оған қатысты оның жасаған қылмысына байланысты, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізетін тұлғамен күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы ҚР ҚПК-нің 204-бабының негізінде шығарылады.

А.Ағыбаев қылмысты саралау ұғымына келесідей анықтама береді – «Қылмысты саралау дегеніміз адамның қоғамға істеген қауіпті іс-әрекетін қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының белгісі бар бапқа дәлме-дәл жатқызу болып табылады» [26].

Яғни бұл дегеніміз, ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің» (бұдан әрі – ҚР ҚК) Ерекше бөлігінде көрсетілген қылмыстың қандай да бір түріне сай келуі. Егер де, қоғамға қауіпті қандай да бір іс-әрекет, ҚР ҚК-де сипатын таппаса, қылмыс ретінде танылмайды.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау, өте жауапты процесс. Өйткені, қылмысты саралауға байланысты, ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінде көрсетілген қылмыс бойынша санкциясы көрсетілген жаза қолданылады. Бұл жерде А.Ағыбаев «Қоғамға қауіпті іс-әрекет қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамымен қамтылса, онда ол дұрыс сараланған деп саналады... Қандай түрде болса да қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс сараламау, ол заңдылықты бұзуға, қылмысқа қарсы күрес жүргізетін органдардың беделіне нұқсан келтірумен байланысты болады. Мұндай құбылысқа жол бермеу үшін қылмыстық заңды дұрыс қолданып, істің мән-жайын терең зерттей білу, істелген іс-әрекетті дұрыс саралау қажет, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты қылмыстық құқық бұзушылық еместіліктен немесе соған ұқсас басқа қылмыстардан ажырататын белгілерді анықтау керек. Міне, бұл жерде қылмыс құрамының, оның белгілерінің қылмысты саралаудағы,

зандылықты сақтаудағы маңыздылығы ерекше болып отыр. Біздің құқықтық мемлекетімізде бірде-бір адам, егер оның істеген іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы жоқ болса, қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылуға немесе жазалануға тиісті емес. Өйткені жаңа Қылмыстық кодекстің негізгі талабы қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа және жазаға тек қана қылмыстық құқық бұзушылық істегенге, яғни қылмыстық заңда көрсетілген, қоғамға қауіпті іс-әрекетті қасақана немесе абайсыздықтан істеген кінәлі адамды ғана тарту болып табылады» деп көрсетеді [26]. Бұған қосарымыз, қылмысты дұрыс сараламауыдың келесідей құқықтық салдарына мән береміз, яғни, дұрыс сараланбаған іс-әрекет күдіктіге қатысты айыптау үкімі шықса, дұрыс сараланбаған қылмыс үшін сотталған тұлға негізгі қылмыс бойынша көрсетілген санкция бойынша мерзімді кем өтеуі немесе одан да қауіпті құқықтық салдарының бірі, сотталған адамның мерзімін артығымен өтеуіне немесе жазықсыз жазалануға алып келеді. Бұл дегеніміз, кінәсіз адамды қылмыстық жауапқа тарту дегеніміз. Аталған жағдайда, сотталған адамға қатысты тек қылмыстық-процестің нормаларының ғана бұзылуы емес, сондай-ақ ҚР Конституциясының қағидаларының, сотталған адамның Конституциялық құқықтарының бұзылуына алып келетінін көрсеткіміз келеді.

Процестік келісіммен байланысты қылмыстық-процестің бізбен жүргізілген зерттеу барсыныдағы соңғы деп белгіленген институт – үкім шығару мен жаза тағайындау институты.

Процестік келісімге келген тұлғаға қатысты сотта істі қарау, жалпы тәртіпте және басқа да дифференциацияланған іс жүргізуден өзгеше. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім бойынша сотта істі қарау, ҚР ҚПК-нің 64-тарауында көрсетілгендей – «Қылмыстық істерді сотта келісімдік іс жүргізуде қарау» деп аталады [1].

Келісімдік іс жүргізу нысанында сотқа келіп түскен қылмыстық іс пен процестік келісімге келу туралы өтінішхат және күдікті немесе айыпталушы мен прокурордың арасында жасақан процестік келісімді сот қарап, талдау жасайды. Талдау барысында сот жасасқан процестік келісімнің нәтижесінде прокурормен көрсетілген жаза түрімен және мерзімімен келіспесе, азаматтық талаптың мөлшерімен келіспесе, әлде қылмыстық іс-әрекеттің саралануымен келіспесе сот, прокурорға процестік келісімді қайта жасасуға қайтаруға немесе істі жалпы реттен аяқтауға қайтаруы тиіс. Прокурор мен айыпталушының немесе сотталушының арасында жаңа процестік келісім жасалынып, сотқа жолданады. Сот өз кезегінде, прокурордан келіп түскен жаңа процестік келісімді талдауға кіріседі. Жаңа процестік келісіммен сот келіспеген жағдайда, сот қылмыстық істі жалпы нысанда қарау үшін прокурорға қайта жолдайды.

Осы жерде айта кетерлік жайт, сот не себепті өздігінен қылмыстық істі сотта қараудың жалпы нысаны туралы қаулы шығарып, істі сотта қарауға кірісе бермейді деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабы, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім аясында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың бір ерекшелігі, қылмыстық іс бойынша толық тікелей және жанама

дәлелдемелерді жинау қажеттілігі туындамайды. Іс бойынша қолда бар дәлелдердің негізінде іс сотқа жалданады. Істі сотта қарау кезінде, жарыспалық қағидаты жүзеге асырылмайды, өйткені кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің негізі алғышарттарының бірі, іс бойынша жиналған және қолда бар дәлелдемелермен күдікті, айыпталушы немесе сотталушының дауласпауы. Бұл дегеніміз қорғанушы тарап, сот отырысында жарыспалылыққа түспеуін білдіреді. Сондықтан да, сот жаңа процестік келісіммен келіспеген жағдайда істі прокурорға жолдайды. Прокурор өз ретінде қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізген тұлғаға немесе қылмыстық қудалау органына іс бойынша жалпы нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге жолдайды. Іс сотта жалпы нысанда қаралатын болғандықтан, айыптаушы тарап пен қорғалушы тарап іс бойынша қосымша дәлелдемелерді іздеп, сот жарыспалығына дайындалып, яғни ҚР ҚПК-нің 24-бабы негізіндегі қағидат бойынша істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуді соңына дейін жеткізеді.

Жоғарыда айтылғандар бойынша тәжірибеге келетін болсақ, 2018 жылдың шілде айында Астана қаласы Есіл ауданының сотына Астана қаласы Мемлекеттік кірістер департаментімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген қылмыстық іс бойынша процестік келісім жасалып, келісімдік іс жүргізу нысанында сотта қарауға жолданған. Бұл қылмыстық іс бойынша сотталушы Ж. ҚР ҚК-нің 234-бабы 3-бөлігінің 1-тармағы (*Экономикалық контрабанда*) және 339-бабы (*Өсімдіктердің немесе жануралардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз пайдалану*) айыпталған. Сот процестік келісімді және қылмыстық іс құжаттарын қарап шығып, келесідей қаулы еткен – «Ж.-ға қатысты қылмыстық іс, ҚК-нің 234-бабының 3-бөлігінің 1-тармағы және 339-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Бас көлік прокурорына жаңа іс жүргізу келісімін жасау үшін қайтарылсын». Қылмыстық істі прокурорға жаңа процестік келісім жасауға қайтаруды сот қаулының уәжді бөлігінде былай көрсетеді – «Сот отырысында процестік прокурор, процестік келісімді жаза шарасымен, келтірілген зиянның мөлшерімен келіспейтінін айтып қолдаудан бас тартып, істі жаңа келісім жасауға қайтаруды сұрады» [27].

Сот прокурордың өтініші қанағаттандырылуға тиіс деп санаған. Өйткені тағайындалған жаза сотталушының жасалған іс-әрекетіне сай келмейді, ҚК-нің 234-бабының 3-бөлігінің 1-тармағының санкциясымен мүлкін тәркілеумен 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады. Алайда прокурор бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны ұсынған.

Жаза шарасын төмендетуді прокурор ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігінде көзделген ерекше мән-жайлармен байланыстырады, алайда процестік келісімінде көрсетілген мән-жайлар сотталушыға құқық бұзушылық бойынша

тағылған айыпта көзделген санкциясына сәйкес, жазаның төменгі шегінен төмен тағайындалуына негіз бола алмайды.

Сонымен қатар, процестік келісімде ҚР ҚК-нің 58-бабының талаптары сақталмаған, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке жаза тағайындап, түпкілікті жаза белгіленеді, екі құқық бұзушылық үшін алынған жағдайда бір жаза тағайындалған» [27].

Нақ осы сотта қаралған келісімдік нысанда қарауға жолданған келесі қылмыстық іс бойынша шығарылған шешім – қылмыстық істі жалпы тәртіпте қарау үшін жолдауға қатару болып табылады. Істің мән-жайы бойынша сотталушы Ж. ҚР ҚК-нің 156 бабының 3-бөлігінде (*Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу*) көзделген қылмысты жасағаны үшін айыпталады. 2018 жылдың ақпан айында Астана қаласы Есіл ауданының сотына кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім бойынша аяқталған қылмыстық іс келісімдік нысанда сотта қарауға жолданған.

Сотпен шығарылған шешім келесідей – «ҚК-нің 156-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Ж.-ға қатысты қылмыстық істі келісімдік тәртібімен қараудан бас тарту және істі тергеу жүргізу үшін Астана қаласы «Есіл» ауданының прокурорына жалпы тәртіпте қайтару». Қылмыстық істі жалпы тәртіпте қарау үшін қайтарудың негізі – «Процестік келісімінен сотталушы Ж. ЖШС-нің сваебой агрегатының машинисті болып жұмыс істей отырып, қауіпсіздік техникасы ережелерін және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзге де ережелерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген тұлға бола отырып, олардың бұзылуына жол беріп, соның салдарынан капровщик Г. абайсызда қайтыс болуына байланысты, яғни ҚК-нің 156-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны анықталды.

Қауіпсіздік техникасы және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ЖШС бас инженерімен бекітілген №49 нұсқаулыққа сәйкес машинист сваебой агрегатының және копровщиктер 08 сәуір 2015 жылғы жұмыс басталар алдында машинисті сваебой агрегаттың, арқандар және жүк артқыштың тозуы, тетіктерді тексеруі тиіс, алайда техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды қамтамасыз ету және ұйымдастыру міндеті қарастырылмаған.

ҚК-нің 156-бабының 3-бөлігінің диспозициясында қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария қағидаларын немесе еңбекті қорғаудың өзге де қағидаларын осы қағидаларды сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адам абайсызда адам өліміне әкеп соққан деп көрсетілген, осыған байланысты, сотта сотталушының кінәлілігіне күмән туындаған» [28]. Осыдан көретініміз, сотқа кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім аясында аяқталған қылмыстық іс бойынша прокурормен процестік келісім жасалған кезде, қылмыстық іс дұрыс сараланбағана және де, қылмыстық іске қатысы бар деген адамға қатысты айып тағылып жатқанымен, ол адамның өз кінәсін мойындап процестік келісімге келе тұрғанымен, нақ сол адамның іс-әрекетінде қылмыстың құрамының бар әлде жоқтығына соттың күмәні туындап, істі прокурорға қайтарғандығын мән

береміз. Яғни, сотқа дейінгі-тергеп тексеру жүргізу кезінде қылмыстық қудалау органы және сонымен қатар қадағалаушы орган прокуратурамен іс қадағалауда болып, ол іс бойынша процестік келісім жасалғанымен, іс бойынша объективті шешім сотта қабылданатынын айтқымыз келеді.

Процестік келісім бойынша кінәлі адамға жаза тағайындау кезінде, бұл институт қылмыстық құқықпен тікелей байланысы бар екендігін аңғарғымыз келеді. Процестік келісім бойынша кінәлі адамға ҚР ҚК-нің 67-бабында көрсетілуген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату көрсетілген. ҚР ҚК-нің 67-бабында – «Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережесі, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты кәмелетке толмаған жасаған жағдайларды қоспағанда, мұндай қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды» [29]. Бұл бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының» ішіндегі «Қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық атқару және сот сараптамасы бөлімімен» зерттеу жүргізілген. Зерттеудің атауы – «Қылмыстық, қылмыстық процестік заңнамасын және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру тұжырымдамасы» [30]. Зерттеудің негізінде бөлім қызметкерлері келесідей пайымдайды – «Сәтсіздердің қатарына, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейтін ҚК-нің 67-бабын жатқызуға болады. Онда оның негізі бойынша «процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін» деп көрсетілген...

Бірақ шет елдердің заңнамасында процессуалдық келісімдер жасау институты, әсіресе ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдар қылмыстық жауапкершіліктен босатылмауына бағытталған. Оларға жазаны жеңілдету, тағайындалған жаза мерзімін қысқарту жеткілікті, себебі олар ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған. Шет елдердің заңнамасына сәйкес аталған адамдар процестік келісін жасасу кезінде қылмыстық жауаптылықтан толық босатылмайды. Сонымен қатар, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің талаптарын орындау кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату құқық қорғау органдарының практикалық қызметінде неғұрлым жиі қолданылатын қылмыстық жауаптылықтан босату түрімен - іс жүзінде шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатумен ұқсас болады (ҚК-нің 65-бабы). Олар белгілі бір дәрежеде бір-бірін қайталайды» [30].

Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың ерекше бір шарты – оның реттілігінде болып табылады. Қылмыс жасаған адамға қатысты қылмыстық қудалауды қысқарту, тоқтату шынайы оның өкінуіне байланысты жауаптылықтан босату, егер де кінәлі адам алғаш рет қылмыс

жасаған болса ғана қолданылады. Ал осыған дейін кінәлі адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған болып, одан кейін тағы да қылмыс жасап, шынай өкініп, өзінің айыбын мойындап келіп, сондай-ақ өзімен жасалған қылмысты ашу жолында сотқа дейінгі тергеп-тексеруге өзінің оң ықпалын тигізгені үшін, аталған бапта көрсетілген негіз бойынша, яғни шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды.

ҚР ҚК-нің 4-бабы бойынша «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді» деп көрсетілген [29].

«...қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық өзінің сипатына қарай жаза тағайындалмайтын және жаза тағайындалатын болып екіге бөлінеді. Жаза тағайындалмайтын қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық айыптаушылық фактісімен аяқталады. Ал жаза тағайындалатын қылмыстық жауаптылықта айыптаушылықпен бірге жазалану фактісі де бар. Осыған байланысты қылмыстық жауаптылық бұл жазаға қарағанда жеке, ауқымы кең, қылмыстық құқылық түсінік екендігін оның жазасыз-ақ қолданылатындығын және орындалатынын көреміз. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықсыз жаза тағайындау мүмкін емес. Сонымен, қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық және жаза өзара тығыз бір-біріне ұқсас емес ұғымдар екендігін аңғарамыз» деп А.Ағыбаев қылмыстық жауаптылық пен қылмыстық жазаның айырмашылығын белгілеп көрсеткенігін мән беру қажет [26, 29 б.].

«Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі адам, егер де ол ауыр қылмыс жасаумен байланысты болса, қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тартылады. Бірақ та қолданылып жүрген қылмыстық жазаға сәйкес барлық уақытта да қылмыс жасаған адамға жаза тағайындалуы міндетті емес. Мысалы: Қылмыстық кодекстің 70-бабының 1-бөлігінде: «Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер сот істі қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін» деген пікірдегі А.Ағыбаевпен біз толығымен келісеміз [26, 29 б.]. Өйткені қылмыстық жауапкершілік кең ұғымдағы түсінік. Сондай-ақ қылмыстық жаза, мәжбүрлеу шарасы, бұлтартпау шарасы сияқты да қылмыстық жауапкершіліктің бір құрамдас бөлігі болып табылады. Ойымызды қорытындылай келе, ҚР ҚК-нің 67-бабында көзделгендей, процестік келісімнің барлық шарттары орындалған жағдайда, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы негізсіз деп санаймыз. Өйткені қылмыстық жауаптылықтан босату дегеніміз, кінәлі адаммен жасалған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін, қылмыстық салдардың толығымен жойылуы деп санаймыз. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім ауыр қылмыстарды қамтыса, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім аса ауыр қылмыстар

санатын қамтығанын ескере отырып, жасаған қылмысы бойынша адамға жаза тағайындау кезінде оның кейінгі жолы жасалған қылмысы үшін қылмыстың қайталануын ескеру кезінде, адам бұрын соңды ҚР ҚК-нің 67-бабы бойынша процестік келісімнің шарттары орындалуына байланысты адам қылмыстық жауаптылықтан босатылған болып, қайтадан жаңа ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда, оның қылмыстың қайталануы немесе қылмыстың қауіпті қайталануы ескерілмейді.

Осының негізінде біздің ұсынысымыз ҚР ҚК-нің 67-бабының диспозициясын «Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жазадан босату» деп өзгертуді негізді деп санаймыз.

Бұның себебін, қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі ҚР ҚК-нің 66-бабы – «Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату», 70-бабы – Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату», 71-бабы – «Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату» түріндегі жауаптылықтан босатуды ғана негізді деп санап қалдыру қажет деп санаймыз. Жоғары аталғандай, қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық салдары, қылмыстық жазадан босатудың салдарынан неғұрлым терең екендігін ескеру қажет.

Процестік келісімге келудің негізінде ғана қылмыстық жауаптылықтан босату, қылмыс жасаған адамның жағдайын күрт жеңілдетеді. Ал біздің ұсынысымыз бойынша процестік келісімнің шарттарын толығымен орындаған адамның жазадан босатылу мүмкіндігі, жеңілдіктің бір альтернативті түрі ретінде және жеңілдіктің мүмкіндігі ретінде ғана қарастырылуы қажет деп санаймыз. Процестік келісімнің шарттарын толығымен орындаған адамды жазадан босату міндетті компонент емес, ал сотпен қарастырылатын мүмкіндік ретінде қарастырылуына мән беру керектігін аңғартуды ұсынамыз. Өйткені жазадан босату міндеті мен мүмкіндігінің айырмашылығы сөз мәні бойынша талқылауында және жеңілдікті шын негізінде қолдану кезіндегі айырмашылық орасан зор.

Процестік келісімге келген адамаға қатысты жаза тағайындау кезінде, сотпен әдетте ҚР ҚК-нің 55-бабы бойынша, жеңіл жаза тағайындау түрі қолданылады. ҚР ҚК-нің 55-бабы – «Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау» көрсетілген [29]. Осы аталған бап аясында, процестік келісімнің жазаны жеңілдетуге байланысты қылмыстық құқықпен байланысы ҚР ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінде көзделгендей – «Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды. Айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істер бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – айлық есептік көрсеткіштің оннан

жиырмаға дейінгі, онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады» [29].

Бұның бір мысалы, 2020 жылдың 5 қаңтарында сотталушы Е.-ге қатысты кәніні мойындау туралы мәміле нысанында аяқталған сотқа дейінгі-тергеп-тексеру бойынша, келісімдік тәртіптік іс сотта қаралған. Істің мән-жайы бойынша сотталушы Е. ҚР ҚК-нің 189-бабы 3-бөлігі 1-тармағында көзделген (*Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, ірі мөлшерде*) қылмыс бойынша айып тағылып, процестік келісімнің шарты негізінде 3 жыл 6 ай мерзімінде бас бостандығына шектеу жазасы көзделген. Істі мәні бойынша сотта қарап, соттың шешімі келесідей – «Е. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 189 бабының 3 бөлігінің 1 тармағымен кінәлі деп танылсын және оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл 6 (алты) айға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындалсын» [31]. Ал енді, ҚР ҚК-нің 189-бабы 3-бөлігі 1-тармағы бойынша көзделген жаза түрі – «мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүлктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [29]. Осыдан көріп отырғанымыздай, аталған қылмыс үшін жазаның ең жоғарғы мерзімі 7 жыл, сонымен қатар ең қатаң жаза түрі – бас бостандығынан айыру жазасы да көзделгенін ескере отырып, ҚР ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің негізі бұзылмай, ең жоғары көрсетілген жаза мөлшері 7-жылдың тең жартысынан аспайтын 3 жыл 6 ай мерзіміне бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаға кесілген.

Процестік келісім нысанында сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған және іс келісімдік тәртіпте қаралып, іс бойынша үкім шаққаннан соң, егер де қайсы бір тарап үкіммен келіспесе, үкімге шағым келтіру құқығы бар. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында және келісімдік тәртіпте қаралған іс бойынша тараптардың шағымдану мүмкін емес деген қате ой туындамауы қажет. Өйткені 1966 жылы 16 желтоқсандағы Нью-Йоркте «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісі» жасалды. Аталған пактіні ҚР 2005 жылғы 28 қарашадағы №91 Заңы – «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісі» [32] ратификацияланды. Осы ратификацияланған «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісі» бойынша, 14-бабының 5-бөлігінде – «Қайсыбір қылмыс үшін сотталғандардың қай-қайсысы болмасын өзінің айыпталуы және шығарылған үкім, заң бойынша жоғарғы сот инстанцияларында қайта қаралуын талап етулеріне құқықтары бар» деп көрсетілген [32]. Бұл дегеніміз, қандай да бір соттың шешіміне сотталушы немесе сотталғанның наразылығы тудырылса, заң жүзінде және осы халықаралық пактінің негізінде, өзінің құқықтарының қамтамасыз етілуі нәижесінде, соттың шығарылған шешіміне жоғары тұрған инстанциядағы сот

арқылы шағым келтіру құқығы. Сот шешіміне шағым келтіру, заңмен көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі. Егер де сот шешіміне наразылық білдіру мерзімі өткізіп алынған болса, онда мерзімін сот арқылы қалпына келтіруге өтінішхат білдіріледі. Егер де сот, мерзімін өткізіп алуын қарастырып және оны негізді деп тапса, сотталушы немесе сотталғанға, сот шешіміне наразылық білдіру мерзімін қалпына келтіру заңмен қарастырылған.

2. «ПРОЦЕССИК КЕЛІСІМНІҢ» НЕГІЗДІЛІГІ МЕН КЕЛІСІМГЕ КЕЛУДІҢ ТӘРТІБІ

2.1 «Процестік келісім» әлемдік тәжірибесі

Кез келген ғылыми зерттеу жүргізуде, шетелдік, әлемдік тарихпен байланыстырусыз жүргізілген зерттеу, толық қанды зерттелген деп айту қиынға соғады.

Біз, профессор У.С.Джекебаевтың ойын ұстанамыз. У.С.Джекебаев бұл жайлы «... құқық қорғау органдарының тәжірибесіндегі мәселелерді шешу іргелі ғылыми зерттеулер жүргізусіз мүмкін емес, ал ол өз кезегінде оны өзімізде қолдану мақсатында құқықтық құрылыстың шетелдік тәжірибесіне сүйене отырып ғылыми приоритеттерді өзгертуді талап етеді. Сондай-ақ, әлеуметтік-құқықтық реформа заң шығарушы тек қана өзінің ұлттық ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптарын сақтаған жағдайда ғана нәтижелі болады деуге болмайды, сонымен қатар салыстырмалы-құқықтық әдіске де негізделуі тиіс. Біздің ойымызша онсыз өтпелі экономикалық елдерде кординалды құқықтық реформаларды жүргізу мүмкін емес. Әрбір уақытта дамыған елдердің заң шығарушылары шетел құқығын зерттеумен айналысқан. Бұл бүкіл дүниежүзінде қалыптасқан үрдіс, шетел мемлекеттерінің құқығын салыстырмалы зерттеу өз құқығымызды түсінуге мүмкіндік береді» деген [33].

Процестік келісім әр елде әр түрлі атаумен берілген. Кей елдерде сот төрелігімен мәміле жасасу, мелекетпен мәміле жасасу және т.б. Біздің заңнама бойынша процестік келісім. Оның ішінде екі нысанда: кінәні мойындау туралы мәміле нысанында және ынтымақтастық туралы нысанында.

Процестік келісімнің әлемдегі тарихы мен тәжірибесіне келетін болсақ, батыс елдерінде келісімге келу сонау ерте заманнан бері келе жатқан үрдіс деп көрсетеді. Соның мысалы ретінде Орлеан бикеші, Францияның ұлттық батыры – «100 жылдық соғыс» кезінде әскери қолбасшылардың бірі болған Жанна д'Арк, бургундтардың тұтқынына түсіп, ағылшындарға беріліп, еретик деп танылып, отта өртеп жіберген [34]. Бұл жағдайды процестік келісіммен Д.Мейер былай байланыстырған – «Кінәні мойындау туралы мәміле деп атауға болатын басқа да тарихи мысалдар да болды, соның ішінде 1431 жылы отта өртеп жіберу жазасына кесілмеу үшін киелі Жанна д'Арк жасаған мойындау (соңына келгенде, ол мойындаудан бас тартқаннан кейін оны жазалаған) [35]».

Әрі қарайғы тарихи кез бойынша Д.Мейер мына мысалдарды келтіреді – «Кінәні мойындау туралы американдық келіссөздердің тарихы, негізінен, көптеген жерлер мен юрисдикцияларда 1960-шы жылдардың соңына дейін келіссөздерді орынсыз деп саналды. Кінәні мойындау туралы ең ерте мәміле кейбір отарлық дәуірде 1692-жылдары Салемдегі мыстандардың үстінен сот процестерін жүргізу кезінде орын алды, олар кінәсін мойындаса, әрі қарай өмір сүретін, ал егер кінәсін мойындамаса өмір сүрмейтін. Салем Магистраттары мойындауды ынталандырғысы келді және одан әрі көп мыстандарды анықтағысы келді, олардың қалауы, кінәсін мойындаған мыстандар, басқа да

мыстандар туралы ақпарат беруі болып табылатын. Кінәні мойындау, көптеген мыстандардың өмірін өлім жазасынан аман алып қалды. Кейінірек Салемдегі мыстандарға қарсы жүргізілген сот процестері кінәні мойындау туралы мәміле жасауға қарсы ең күшті дәлелдердің бірін бейнелеу үшін қолданылған: бұл тәжірибе кейде кінәсіз айыпталушыларды кінәлі деп тануға итермелейді³⁵» [35].

АҚШ-та ұйымдасқан қылмыстық топпен күресу жолында зор үлесін қосқан АҚШ-тың 37-президенті Р.Никсон болды. Р.Никсон конгресмендерге «The Racketeer Influenced and Corrupt Organizations Act» атты заңын немесе қысқартылған түрде «RICO» заңын қабылдауын бұйырған. Бұл заң ұйымдасқан қылмыстық топ пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы. Сол уақытта АҚШ-та құқық қорғау органдарының өкілдері қылмыскер мафиядан қатты ерекшеленген жоқ еді. Р.Никсон, құқық қорғау органдары мен саясатшылардың арасындағы сыбайлас жемқорлықпен және олар ұйымдастырған ұйымдасқан қылмыстық топты түп-тереңді жоюды мақсат етті.

Осы жайт туралы С.Гаврилов – «1975 жылы американдық коронерлерге қатысты қатаң сот процесі өтті. Нью-Йорк полицейлерінің ірі бандасы толық құрамда (172 адам) сотталушылар орындығында отырды. Төрт полицей өз-өзіне және өз отбасыларына жарқын болашақты қамтамасыз етіп, ұйымдасқан қылмыстық топ өкілдерінің барлығын жайып салды» [36].

Американдық кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жайлы Г.И.Муромцев – «... мәмілелердің американдық нұсқасы — plea-bargaining. АҚШ қылмыстық процесте мәмілелерді пайдалану мойындау туралы көбінесе американдық құқықтық жүйені дамытудың өзіндік тарихи жағдайларымен түсіндіріледі. Оның негізін арнайы американдық ерекшеліктерді жағдайларды көрсететін кейбір ағылшынсаксондық жалпы құқық құрайды. Ағылшын-американдық құқық материалдық және іс жүргізу, жеке және жария, азаматтық және әкімшілік бөліністерді білмейді, формальды-занды қағидат бойынша салынған, материалдық нормалар алдында іс жүргізу нормаларына басым мән береді» деп көрсеткен [37].

«Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің пайда болуының басты себебі туралы Пенсильвания заң мектебі университетінің профессоры, АҚШ-ң үшінші округының судьясы Б. Стефанос «жылдамдық, құн, ерік дербестігі, дәлдік және айқындық» сияқты маңызды іс жүргізу құндылықтарына назар аудару болып табылады» - деп көрсеткен [38].

Осыған байланысты Ф. Истербрук, Р.В және Скотт Штунц «сот төрелігімен жасалған мәміле «құқықтарды» сатып алу-сату» деп атайды, олардың пікірінше мәмілеге келу, тәуелсіздік пен тиімділікті қамтамасыз етеді, түсініксіздікті азайтады, уақыт пен ақшаны үнемдейді [39].

Алайда, мұндай институттың сынын айта отырып, Т. Линч «сот төрелігімен жасалатын мәмілелерді» қолдану шын мәнінде сот талқылауын жеделдетеді, бірақ бұл «конституциялық емес тәсілдермен» жасалады [40].

АҚШ-тың кінәні мойындау туралы процестік келісімінің біздің процестік келісімнен ең үлкен бір айырмашылығы – процестік келісім жасасу кезіндегі

шарты. Яғни бұл дегеніміз, АҚШ-та прокурор қылмыс жасады деп құрықталған адамға процестік келісімге келу туралы ұсыныс білідреді. Қымлыстың ауырлығы немесе күрделілігі, әлде сан-тараптығына байланысты прокурор қылмыс жасады деп құрықталған адамға, сол қылмысқа қатысы бар басқа да қылмысқа қатысушыларды құрықтау мақсатында, қылмыс бойынша құрықталған адаммен жасалған қылмыстарының жеңілінің біріне қатысты ғана айып тағу арқылы, ал қалған қылмыстары бойынша айып тағудан бас тарту арқылы келісімге келу. Бұның дәлелі ретінде АҚШ-та қаралған істер – «Уақыт өте келе, сот төрелігі одан да қауіпті қылмыскерлермен саудалана бастады. 1841 жылы Массачусетсте зорлау туралы іс тыңдалды. Процесті созуға мәжбүр болған Джеймс Остин штатының Бас прокуроры айыптауды екі бөлікке бөлді. Қылмыскер зорлау және шын мәнінде зорлау мақсатында шабуыл жасады деп айыпталды, содан кейін екінші қылмыс бойынша қудалауды болдырмау үшін айыптаудың бірінші тармағы бойынша кінәсін мойындауды ұсынды. Нәтижесінде зорлықшы түрмеге отырды, бірақ нақты істеген қылмысы үшін емес, сол қылмысты істеуге ниеттенгені үшін.

Сот төрелігімен жасалған мәмілелерді кісі өлтіру туралы істерге тарату уақыт мәселесі болды. Осы тектес бірінші тіркелген оқиға Массачусетсте орын алды және мәміле адам өлтіруші үшін тиімді таңқаларлық болды. 1848 жылы Барни Гулдинг әйелі Эленді басынан ұрып өлтірген. Гулдинг барлығын жоққа шығарып, алқабилер соттарынан өзін ақтауды талап етті, бірақ Теодор Свитсер Мен Бенджамин Батлер атты адвокаттар оны кінәсін мойындауға көндірді. Іс жүзінде адвокаттар мәміле жасаған кезде сауда делдалдарының рөлін атқарды. Қорытындысында, барлық талаптарды қанағаттандырды: Гулдинг дарға асу жазасының орынына екі жыл түрмеге қамалды...» [41].

АҚШ тәжірибесінде қылмыскер бірнеше қылмыс жасап, солардың арасынан неғұрлым жеңіл жазасына келісіп, ал қалған неғұрлым ауыр қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы – иммунитет берулі деп аталады. Кінәні мойындау туралы АҚШ-тың тәжірибесіндегі және АҚШ-тағы ең танымал істің бірі – Пол Бернардо мен Карла Хомолкаға қатысты қылмысты іс. Істің мән-жайы бойынша П.Бернардо бойжеткендерді зорлап, кейіннен оларды өлтіріп тастап отырған. Осы қылмыстық іс-әрекетіне оның жұбайы К.Хомолка көмектесіп жүрген. Бұл оқиға АҚШ-тың Торонта қаласының аумағында 1987 жылы бастауын алған. 5-жыл уақыт аралығында бірнеше бойжеткенді зорлап және оларды бөлшектеп өлтірген П.Бернардо мен К.Хомолка 1992 жылы құрықталған. Осы іс жайлы Б.Эдвардтың жазбасында - «1993 жылдың 6 шілдесінде К.Хомолка прокурормен кінәні мойындау туралы мәміле шеңберінде Махаффи мен Франчтың кісі өліміне қасақана емес кісі өлтіргені үшін айыптаудың екі тармағы бойынша өзін кінәлі деп танығаны үшін сотталды. Ол бір мезгілде жазасын өтеу үшін екі 12 жылдық бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды. Сол кезде билік П.Бернардоның үйіндегі алғашқы полицейлік тінту барысында бейнекассетаның қорапшасын өткізіп алғаны (аңғармай қалғаны) туралы білмеген.

1993 жылдың 6 мамырында П.Бернардоның қорғаушысы оның үйінде жасырылған алты 8-мм кассетаны тапты. Олар полицияға 1994 жылдың 22 қыркүйегіне дейін берілмеген. Ленталарда графикалық түрде Тэмми Хомолканы зорлау, азаптау және Махаффи мен Френчты зорлау көрсетілген. К.Хомолка қорқынышты, амалсыз қатысушы емес, П.Бернардоның сыбайласы ретінде көрінді. Сол уақытта аталған жағдай басылымдардағы бастапқы тақырыпта болды және бүкіл Солтүстік Америкада адамдардың назарын аударды. Ленталар туралы жаналықтар жұртшылықтың наразылығын тудырды. БАҚ оның қылмыстағы рөлі үшін К.Хомолкаға тек 12 жыл ғана бере отырып, «шайтанмен мәміле жасады» деп айыптады» [42]. Іс бойынша К.Хомолка соттан қылмыстық қудалаудан қорғану туралы иммунитет сұрағаны көрінеді. К.Хомолка өзін сексуалдық маньяктың күйеуі П.Бернардоның құрбаны ретінде көрсеткен. Алайда К.Хомолканың өтініші қанағаттандырусыз қалдырылған.

Біздің қылмыстық заңнама бойынша, адамды қылмыстық жауаптылықтан жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. ҚР ҚК-нің 413-бабында көзделгендей «Қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату» - прокурордың немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыс жасады деп күдік туғызған немесе айыпталған адамды қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату». Біздің заңнама бойынша адамды процестік келісім бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату ҚР ҚК-нің 67-бабы аясында босатылу көзделген.

Францияның процестік келісімге келудің өзіндік ерекше тарихы бар. Францияның процестік келісімге келуінің қысқаша тарихы жайлы Е.Дубровина – «Франция Әділет министрлігі кінәні мойындау туралы мәмілелердің мақсаты – соттарды жеңілдету, қылмыстық істерді қарауды айтарлықтай жеделдету (адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот қылмыстық істерді қарау мерзімдерін негізсіз созуда Францияны 192 рет айыпты деп таныды), айыпталушының өз кінәсін мойындайтынына байланысты жазаның тиімділігін арттыру екенін көрсетеді. Еуропалық-американдық құқық жүйесін (бір тараптың екінші тараптың талап-арызына қатысы ретінде) түсінудегі кінәні мойындау (guilty plea) континенттік құқық елдеріне жат болғандықтан кінәні мойындау – бұл іс бойынша дәлелдемелердің бірі ғана, оны сот басқа дәлелдемелермен бірге қатар қарайды. Оларды Франция, Германия, Ресей және континенттік құқықтың басқа да елдерінің құқық жүйесіне енгізу қылмыстық процестің жеделдеуі мен үнемділігіне беталысы шеңберіндегі мәжбүрлі қадам болып табылады. Сондықтан континенттік қылмыстық процесте кінәні тану туралы мәміле қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген істердің категорияларымен және басқа да шарттармен шектеледі» деген пікірде [43].

Еуропа елдерінде заңды тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. Осының нәтижесінде, Франция мемлекеті заңды тұлғамен процестік келісімге келу ерекшелігін заңды түрде процестік заңнамасына бекітті.

Франция ҚПК-нің 706-43-бабында бұл жайлы келесідей көрсетілген – «..қылмыстық қудалау заңды тұлғаға қатысты қозғалады. Заңды тұлғаға қатысты

қозғалған қылмыстық қудалау бойынша заңды тұлға өкілі сотқа заң көмекшісін ұсыну туралы өтінішхат білдіре алады. Сонымен қатар, заңды тұлғаның заңды мүдделерін білдіуге өкілеттіктері берілген кез келген тұлға бола алады» [44].

Францияның кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім біздің қылмыстық процестік заңнамадағы кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнен ерекшеленеді. Айтарлықтай ерекшелігінің бірі – істі келісімдік нысанда сотта қарау барысында жәбірленушінің қатысуы. Кінәні мойындау туралы мәміле жасаған кезде жәбірленушінің рөлі қызықты, өйткені жәбірленушінің келісімі тараптар арасында мәміле жасасудың шарты болып табылмайды. Алайда, Францияның ҚПК-де жәбірленушіні сот талқылауы туралы хабарланатыны және ол қылмыс жасаумен байланысты азаматтық талапкер ретінде келтірген залалды мәлімдеу үшін шақырылатыны атап көрсетіледі (Франция ҚПК-нің 495-13-бабы)[40].

Францияның ҚПК-нің 41-2-бабына сәйкес, округтік прокурор жауапкершілікке тартылған кәмелетке толған субъектіге шартты түрде соттауды ұсына алады (тікелей немесе сенім білдірілген адам арқылы). Бұл ретте адам оған кемсітетін мисдемианорды (ол үшін айыппұл немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген жауапкершілік шарасы ретінде), оның ішінде болмашы құқық бұзушылық жасауға байланысты жасады деп танылуы тиіс.

Айыптау тарабы мен қорғау тарабы арасында келісімге қол жеткізілген кезде прокурордың ұсынысы (яғни нақты ұсынылған Санкциялар) судьяның мақұлдауына беріледі. Сотталушы тарапынан осындай келісімге баруға келісім болмаған не оның келісілген қандай да бір шарттарды орындаудан іс жүзінде бас тартқан жағдайда, айыптау тарабы әрдайым толыққанды сот талқылауына бастамашылық жасай алады.

Мұндай уағдаластыққа тек нақты қылмыстар тізбесі бойынша қол жеткізу мүмкін екенін атап өткен жөн, олардың ішінде: шабуыл, қауіп-қатер, тонау, қылмыстық зиян келтіру, жала жабу, жануарларға қатысты қатыгездік, белгілі бір қару түрлерін иелену, мас күйінде жүргізу және т. б.

Француз институты нақты дәйектелген және кейбір жағдайларда қылмыстық жазаны әкімшілік сипаттағы шаралармен ауыстыру мүмкіндігін болжайды, яғни іс жүзінде әрекетті депенализациялауды білдіреді [45].

Посткеңестік кеңістікте болған мемлекеттер қатарында процестік келісім институты туралы айтарлықтай ерекшеленген мемлекеттердің бірі – Грузия мемлекетін атап өтуге болады.

Өз мемлекетінде тұғырлы түрде саясатты және қоғам түсінігін түбегейлі өзгерткен, Грузия президенті – М.Саакашвили болды. М.Саакашвили қылмыспен күресуде және қылмыстық процеске түбегейлі өзгеріс енгізді. Соның бірі – қылмыстық процеске процестік келісім институтын енгізді. Процестік келісім институтын енгізуде М.Саакашвили, ұйымдасқан қылмыстық топпен күресу керектігін түсініп, сәтті қабылданған шетелдің бірқатар заңнамаларына негізге алып, процестік келісім институтын енгізуді бұйырды.

М.Саакашвили жүргізген құқықтық реформа – полиция арасында сыбайлас жемқорлықпен күресу және полицейлерден құралған ұйымдасқан қылмыстық топтарды жоюға бағытталды. Осының нәтижесінде Грузия мемлекеті АҚШ-тың тәжірибесін, атап айтқанда Р.Никсонның полицейлердің арасындағы ұйымдасқан қылмыстық топты жоюдағы сценарийін қайталады десек те болады. Одан әрі қарайғы мақсаты – үкімет басындағы сыбайлас жемқорлардан арылу болды. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда өз пайдасын тигізген, жаңа қалыптасқан қылмыстық процестегі институт – процестік келісім институты болды. Грузия мемлекетінің процестік келісім институты – РИКО заңының, Жаңа Зеландияның қылмыстық қудалау және қылмыстық байланыс, Британдық қастандық туралы заңдарына негізделіп жасалған [46].

Грузияның ҚПК бойынша процестік келісім туралы 21-тарауында белгіленген. Прокурормен және айыпталушымен жасасқан процестік келісім бойынша сотқа қылмыстық іс келіп түскен кезде, Грузияның ҚПК-сі 212-бабы 3-бөлігі бойынша: «Сот процестік келісімі бекітілгенге дейін мыналарға көз жеткізуге міндетті:

- а) айыпталушы жасаған қылмысының сипатын толық көлемде түсінеді;
- б) айыпталушы өзі жасаған қылмысы үшін көзделген жазаны толық көлемде сезінеді;
- в) айыпталушыға заңда көзделген кінәні мойындау туралы процестік келісіміне байланысты барлық талаптар белгілі болса;
- г) айыпталушы, егер сот процестік келісімді бекітпесе, кейіннен процестік келісімді қарау кезінде сотқа берген кез келген ақпаратты оған қарсы қолдануға болмайтынын;
- д) айыпталушы келесі құқықтарға ие екенін түсінеді:
 - а) қорғаулық құқығы;
 - б) кінәні тану туралы процестік келісімінен бас тарту құқығы;
 - в) соттың істі мәні бойынша қарау құқығы;
- е) процестік келісім айыпталушыны мәжбүрлеу, қорқыту немесе оның шеңберінен шығатын уәделердің нәтижесі болып табылмайды;
- ж) айыпталушы кінәсін мойындау туралы процестік келісімінің нақты негіздерімен келіседі;
- з) айыпталушы мен прокурор арасында қол жеткізілген келісімнің барлық шарттары процестік келісімде көрсетілген;
- и) айыпталушы мен оның қорғаушысы істің материалдарымен толық көлемде танысты» [47].

Сондай-ақ, біздің мемлекетіміздің қылмыстық процестік келісімнен Грузия мемлекетінің процестік келісімі бойынша істі сотта қарау нысанының атауы. Біздің мемлекетімізде – келісімдік нысанда [1] деп аталса, Грузия мемлекетінде – істі мәні бойынша қарамау [43] деп аталады. Тағы бір айта кетерлік ерекшелігі, Грузия мемлекетінің ҚПК-сі бойынша, азаматтық жауапкершілігінде. Грузия ҚПК-сі 209-бабы 6-бөлігіне сәйкес - Ерекше жағдайларда Грузияның Бас Прокуроры немесе оның орынбасары

айыпталушыны азаматтық жауапкершіліктен босату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда азаматтық жауапкершілік мемлекетке жүктеледі [43].

Грузия ҚПК-сі прокурормен процестік келісім жасасқан адамды қылмыстық жауапкершіліктен толық босатуды да қамтыған. Бұл жайында Грузия ҚПК-інің 218-бабында көрсетілген. Аталған бап бойынша - Ерекше жағдайларда, айыпталушының/сотталушының тергеу органдарымен ынтымақтастығы нәтижесінде қылмыс жасаған лауазымды адамның немесе (және) ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамның жеке басын анықтаған және оның тікелей жәрдемдесуімен осы қылмысты ашу үшін елеулі жағдайлар жасалған кезде Грузияның Бас прокуроры айыпталушыны Жауапкершіліктен немесе жазадан толық босату немесе сотталған адамға тағайындалған жазаны қайта қарау туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы [43].

Нақ осы баптың 2-бөлігінде – «Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген өтінішхаттың негізі айыпталушы/сотталған адам мен Грузияның Бас прокуроры арасында жасалған ерекше ынтымақтастық туралы іс жүргізу келісімі болып табылады» деп көрсетілген [43]. Осыдан көрсетініміз, біздің елімізде процестік келісімнің екінші нысаны «ынтымақтастық туралы¹» деп аталса, нақ осы негіздер бойынша Грузияда жасалған процестік келісім – «ерекше ынтымақтастық⁴³» деп аталады.

Біздің қылмыстық заңнама бойынша ҚК-те көрсетілген нақты баптар бойынша жасалған қылмыстар үшін процестік келісімге келуден бас тарту шарты көзделмеген. Ал Грузия осы жағдайда, өздерінің ҚК-нің 144¹-Азаптау, 144²-Азаптаумен қорқыту және 144³-Кемсітетін немесе адамгершілікке жатпайтын қарым-қатыстар [48] түріндегі қылмыс жасаған адаммен процестік келісім жасасуға келмейді.

Грузияда ынтымақтастық туралы процестік келісім нысанында қарастырылған қылмыстық іс – БАҚ фотографтарына қатысты болатын. Қылмыстық іс 2011 жылы қаралды. Грузия БАҚ фотографтарын Грузия ҚК-нің 314-бабы «Тыңшылық» бойынша айып таққан. Аталған бап бойынша 8 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Алайда фотографтар процестік келісімге келіп, бірі – 1 жыл 6 ай мерзімге, екіншісі , жыл, ал үшінші және төртінші фотограф – 4 жыл мерзіміне шартты түрде жазаланған [49].

Процестік келісім аясында мұндай жеңіл жаза көзделуінің себебі мынада – «...процестік келісімге келудің негізі айыпталушылардың тергеумен «ерекше жағдайда» ынтымақтастықта болуында. Прокуратураның хабарламасында, құрықталған фотографтар, кінәні мойындаумен қатар, «ПМ-нің қарсы барлау департаментіне Грузиядағы ресейлік арнайы қызметтердің құпия қызметкерлері туралы, осы қызметтердің нақты жоспарлары, міндеттері мен жұмыс әдіснамасы туралы, сондай-ақ ресейлік арнайы қызметтердің жасырынып жүрген ұйымдары туралы егжей-тегжейлі ақпарат берді» делінген [44]. Осының нәтижесінде, процестік келісім тек қана өз кінәсін мойындап, кінәлінің өзінің жағдайын ғана

жақсартуға және кей авторлардың айтуынша «шайтанмен келісімге келу», «саудаласу» сияқты қате түсініктен арылу қажеттілігін немесе процестік келісімге келудің өзектілігінің жоқ екендігіне тікелей қарсы компроматы екендігі атап өткіміз келеді.

Италияда сот төрелігімен мәміле терроризммен күрес шеңберінде 1970-ші жылдардан бастап, ал 1980-ші — мафиямен бірге қолданылады. Қылмыскерлер өздерінің сыбайластары туралы ақпаратты алмастыра отырып, жазаны шамамен үштен бірге жеңілдетуге, ал ұсақ қылмыскерлер жалпы бостандыққа шыға алады. «Өкінгендер» үшін куәларды қорғау бағдарламасы қарастырылған. Мафияға қарсы тергеуде бірінші «кінәсін мойындаған» Томмазо Бускетта болды. Оның көмегімен сицилиялық кланның 350 мүшесі түрмеге отырды, ал ол өзі АҚШ-қа көшіп кетті.

Сыншылар осы жүйені көрсетеді, бұл қылмыскерлер жиі пайдаланады мәмілені сот төрелігімен азайтуға әкелу үшін, есеп, немесе береді қате көрсеткіштері болдырмау үшін сотталды [50].

Италия қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша «сот төрелігімен жасалатын мәмілелер» құқықтық институтының ерекшеліктері төмендегідей: Келісімнің мәні тек үкімнің өзін ғана қамти алады, бірақ тағылған айыптардан ішінара немесе толық бас тарту емес; «мәміле» нақты үкім шығару туралы сот алдында өтінішхатта жасалады; сотталушы соттың істі қарау құқығынан бас тартады және тек өзін кінәлі деп таниды. Сонымен бірге, судья іс материалдарымен танысқаннан кейін келісім бекітілгенге дейін сотталушыны ақтай алады (444.2-бап); егер прокурор сотталушымен жасалған мәмілеге келіспесе, онда сотталушы істі тыңдағаннан кейін судья алдында осындай келісімнен бас тартуға негіз болған себептерді зерттеу туралы өтініш жасай алады және судьямен жаза мерзімін үштен біріне төмендетуді сұрай алады (448.1-бап). Осылайша, итальян нұсқа құқықтық институт «сот төрелігімен мәміле» көбінесе ұқсас американдық модель: белсенді тараптар айыптау және қорғау (олар тікелей жүргізеді келіссөз процесі) және салыстырмалы пассив судья. Мұндай «мәмілелер» Италияның іс жүргізу ортасында белсенді түрде қолданылуда [45].

Өз жұмыстарының бірінде зерттеуші Дж.Лангбейн ГФР-ны «сот төрелігімен келісімсіз» ел деп атады және қылмыстық процесті реттейтін нормативтік базаның ережелері осының дәлелі болды. Мұндай тәсіл өзінің көптеген жақтаушыларына ие болды. Сонымен қатар «Absprachen» - қазақ тіліне аударғанда «сөз байласу» институты туралы басқа пікір де болды (келісім істі тыңдау басталғанға дейін де, сот отырысы кезінде де болжалды). Ғылыми ортада Батыс құқықтық институтының қарыз алуы туралы мәселе жиі талқыланды. «Сот төрелігімен жасалатын мәмілелерді» жақтаушылар бірыңғай тұжырымдамамен біріктірілетін оның нұсқалары туралы сөз қозғаған: сот отырысына дайындық кезінде немесе сот отырысының өзінде сотталушы істі тыңдау кезінде судьяның жазаның қандай да бір шегінен аспайтыны туралы кепілдігіне айырбастау

арқылы өзінің танылуын ұсына алады не прокурор айыптаудың бір бөлігін алып тастайды.

Неміс нұсқасының тағы бір ерекшелігі қызықты: «мәміле» жасау алдында, яғни істі тыңдағанға дейін сотталушы іс материалдарымен таныса алады, демек, айыптау тарапының дәлелді базасы туралы барлығын біле алады, осылайша келіссөздер жүргізу кезінде өз мүмкіндіктерін нақты бағалай алады.

ГФР-дағы «сот төрелігімен жасалатын мәмілелер» құқықтық институтының өзі іс жүргізу заңнамасымен тікелей мойындалмаған, бірақ бұл ретте қылмыстық іс жүргізу ортасының қалыптасқан құндылықты тәсілін бұзбаған. «Сот төрелігімен жасалатын мәмілелер» жаңадан пайда болған құқықтық институты процеске қатысушылардың ролін өзгерткен жоқ: іс материалдары туралы жеке пікір негізінде және айыпталатын әрекеттердің дәлелдемелілігі негізінде шешім қабылдайтын судья өкілеттік орталығы болып қалды, ал айыптау мен қорғау тараптары - екінші жоспарда қалды, бұл қылмыстық процестің тергеу сипатындағы негізгі ережелердің сақталуын білдіреді. «Мәмілені» жасасудың негізгі шарты жауапкершілікке тартылатын тұлғаның оған айыпталатын әрекеттердің барлық құрамын мойындау болды.

«Сот төрелігімен мәмілелер» (patteggiamento – «келісім») құқықтық институтының итальяндық нұсқасы түпнұсқа американдық үлгіден өте көп. Алдыңғы редакциядағы алдын ала тергеу материалдарының жоғары маңыздылығы енді ауызша талқылаумен (Кодекстің III бөлімі) өтелді. Нәтижесінде судья істі сотта қарағанға дейін қандай дәлелдемелер жинақталғаны туралы ақпарат болмады, бұл ұсынылған дәлелді базадан оған қызықтыратын сәттерді алдын ала бөліп көрсетуге мүмкіндік бермеді (оның ішінде кейбір нақты мән-жайлардың сөзсіз болуын анықтау) [45].

Осылайша, шет елдердегі ең таралған «сот төрелігімен мәміле» прокуратурамен жасалған келісім-шарт болып табылады, осыған сәйкес прокуратура айыпталушыдан айыптаудың бір бөлігін алып тастайды немесе қылмыстың саралануын оның кінәсін мойындауына айырбасқа ауыстырады. «Мәміле» тараптардың кез келгеніне ұсынылуы мүмкін. Оның шарттарын айыпталушылар мен прокуратура өкілдері талқылайды, содан кейін судья, әдетте, ашық сот отырысында бекітеді. Судья мәмілені бекітуден бас тарта алады, бірақ егер ол өз келісімін берсе, онда өз тарапынан оның барлық талаптарын орындауға міндетті.

Сот төрелігімен жасалған мәміленің басқа түрі шарт болып табылады, оған сәйкес адам сыбайластарға қарсы айғақтарға айырбастау арқылы прокурорлық иммунитет алады. АҚШ-та сот төрелігімен бұл мәміле айыптаудың куәгері деп аталады. Алдыңғы жағдайдағыдай, мәміле айыпталушы мен прокурор арасында жасалады, одан кейін судья мақұлдауы тиіс. Осыдан кейін келісілген шарттарды орындау оның барлық қатысушылары үшін міндетті болады. Сонымен қатар, егер прокурорда айыптау үкімін шығаруға қол жеткізе алатын жаңа дәлелдер пайда болса, жасалған мәміле бұзылады.

Сот төрелігімен жасалатын мәмілелердің басты кемшілігі көптеген елдердің заңгерлері айыпталушының әділ жазадан аулақ болу үшін кез келген адамды ескертуі мүмкін екенін көреді. Сонымен қатар, олар мұндай мәмілелерді жасай отырып, прокурор өз уақытын және сот талқылауына арналған бюджеттік шығыстарды үнемдейді, сондай-ақ қажетті нәтижеге жететінін мойындайды: қылмыскер лайықты, салыстырмалы түрде жұмсақ жаза алады.

Ең алдымен, еуропалық мемлекеттердің іс жүргізу заңнамасын реформалаудың нәтижесінде жаңартылған құқықтық ортада нақты құқықтық жүйенің іс жүргізу құқықтық мәдениетінің мәнін бұзбай, «сот төрелігімен жасалатын мәмілелер» құқықтық институтын ішінара пайдалану мүмкіндігі пайда болды. «Сот төрелігімен жасалатын мәмілелер» институтын дамыту үшін қолайлы құқықтық орта жарыс процесі болып табылады. Біздің ойымызша, бұл қисынды түсіндіруге әбден беріледі: келісім (яғни «мәміле») бір нәрсе туралы даулы субъектілер арасында болуы мүмкін және Тараптардың ұстанымынан гөрі жиналған фактілерге сүйене отырып, сот дербес тергеу жүргізетін тергеу сипаты бар қылмыстық процесс үшін қол жетімсіз болуы мүмкін [45].

Р.Р.Саркисянц – «Кейбір авторлар бар айырмашылықтарды талдай отырып, ГФР - мен институтты толық көшіру мүмкін емес: АҚШ-тың сот процесі бастапқыда жарыс сипатында, ал ГФР-да тергеу сипатында болған. Өз кезегінде, екі іс жүргізу мәдениетінің айырмашылығы толыққанды және ауыртпалықсыз өзара алмасушылықты қабылдамайды» [45] – деген пікірін біз толықтай құптаймыз. Өйткені континенттік, роман-германдық құқықтық жүйеде қылмыстық процесті жүргізетін мемлекеттің сот үрдісі тергеуге басым назар аударылған болса, ал ағылшын-саксондық жүйеде – жарыспалылыққа басым көп назар аударған. Осының нәтижесінде, қос жүйенің тәжірибесін қатар алып жүру мүмкіншілігі жоқтың қасы екендігін айтқымыз келеді. Біздің халқымыздың түсінік-түйсігі мен елімізде орнаған менталитет пен құқықтық жүйе – романо-германдық жүйенің негізінде қалыптасқан.

Осыған байланысты біз, сотқа дейінгі және істі сотта қарау кезінде тергеу бағытына бет алғандықтан, істі тергеу барысында жаңалықтарды ашуға, іс бойынша объективті және жеңіл, барынша уақыт пен қуат-жігерді сақтай отыра, әділ шешімге келетін нұсқаны ұстанғанымыз жөн деп санаймыз. Өйткені қазіргі таңға дейін, кеңестік дәуірдегі айыптау бағытына бет алғанна, сонымен қатар романо-германдық құқықтық жүйенің негізінде болғандықтан, заңың аналогиясы мен прецеденттік қағида отандық заңнамамыз жат дүние және де бұған заңмен рұқсат берілмеген.

2.2 «Процестік келісімнің» өзектілігі.

Өзектілік сөзінің мағынасына әр ғалым әр түрлі түсінік береді. Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздік бойынша өзектілік сөзінің мағынасы, түбірі «өзек» деген сөзден бастауын алады. Өзек сөзінің мағынасы түсіндірме сөздік бойынша – «бір нәрсенің негізі, арқауы, түйіні» деген мағынаны білдіреді [51].

Француздың – *actuael*, немістің – *actuell*, латыншың – *actualis* (белсенді), «өзекті» сөзі XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс тілінде пайда болды. Түпнұсқалық көрсеткіштерінің бар болуы – кейінгі латындық философиялық термин *actualis* – «іскер», тамыры *agere* – «әрекет жасау» сөзінен шыққан [52].

Біздің заңнамамызға жаңадан енген процестік келісім институтының өзектілігі, жылдан жылға артып келеді. Өйткені заман талабына қатысты, цифрландыру мен ғаламтордың әсері, ой-өрісінің дамуына байланысты, қылмыскерлермен алдын ала ойластырылған қылмысын жүзеге асырудың тәсілдері же өзгерді. Сонымен қатар, адамдардың алдын ала сөз байласа отыра жасалған қылмысының барысында, кей жағдайлар қылмыстық қудалау органына беймәлім қалуда. Соның нәтижесінде, жасалған қылмыстар ашылмай, ал сол қылмысты жасаған тұлғалар құрықталмай қалуда.

Өзектіліктің критеріі, оның қаншалықты маңызды және қажетті екендігімен өлшенеді деп пайымдаймыз. Осының нәтижесінде, процестік келісім институтының қазіргі таңдағы өзектілігіне талдау жүргізейік.

Процестік келісімнің өзектілігінің бірі – қылмыстық істерді қараудағы дифференциациялануы. Яғни, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді сондай-ақ, істі сотта қаралуының жеңілдетілуі. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі-тергеп тексеру жүргізу барысында, күдіктіні анықтау, күдіктінің кінәлілігін дәлелдеу және де қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер жинауда айтарлықтау күш пен қуат-жігердің кететіні мәлім. Осының негізінде, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қылмыстық істі тергеп және оны ашуда жұмсалатын және жұмылдырылатын күш келесідей:

- 2016 жылы тіркелген қылмыстардың саны – 361689 [53], Криминалдық полиция басқармасынан жұмылдырылған жедел уәкілдер саны – 67960, оның ішінде ҚР ҚК-нің 99-бабы «Адам өлтіру» [29] қылмысы бойынша жұмылдырылған жедел уәкілдер – 511, ал барлық қылмыстық істер бойынша тағайындалған сараптамалар – 36605, өзге де ғылыми техникалық құралды пайдалану – 51305 [54];

- 2017 жылы тіркелген қылмыстардың саны – 360429 [53], Криминалдық полиция басқармасынан жұмылдырылған жедел уәкілдер саны – 70608, оның ішінде ҚР ҚК-нің 99-бабы «Адам өлтіру» [29] қылмысы бойынша жұмылдырылған жедел уәкілдер – 564, ал барлық қылмыстық істер бойынша тағайындалған сараптамалар – 40915, өзге де ғылыми техникалық құралды пайдалану – 55387 [54];

- 2018 жылы тіркелген қылмыстардың саны – 332299 [53], Криминалдық полиция басқармасынан жұмылдырылған жедел уәкілдер саны –

71086, оның ішінде ҚР ҚК-нің 99-бабы «Адам өлтіру» [29] қылмысы бойынша жұмылдырылған жедел уәкілдер – 480, ал барлық қылмыстық істер бойынша тағайындалған сараптамалар – 40580, өзге де ғылыми техникалық құралды пайдалану – 56115 [54].

Бұл көрсеткіш, барлық көрсеткіштің бір ғана бөлігі болып табылады. Осы көрсеткіштердің негізінде, қылмыстық істі тергеуде жұмылдырылатын күш жігердің шығындарын көреміз.

Тәжірибемде тергелген СДТБТ-да тіркелген қылмыстық істің мән-жайы бойынша, белгісіз тұлға атыс қаруымен жәбірленуші А.-ға қатысты 8 оқ-дәрісін атып, оның 2 оқ-дәрісі жәбірленушінің денесіне тиіп оны жарақаттап, оны өлтіруге оқталған. Жедел іздестіру шаралары сондай-ақ, арнайы жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында, қылмысты жасады деген күдікті Т. құрықталды. Жәбірленуші А. өзіне қатысты қылмысты Т.-ның жасағанына күмәнданбай, күдіктіні тануға ұсыну кезінде нақты Т.-ға көрсетіп оны таныды. Күдікті Т.-дан жауап алу және істің-мән жайы туралы сұрау барысында ол, жәбірленуші А.-ға қатысты қолданған атыс қаруы туралы ақпарат беруден және процестік келісімнен бас тартты.

Іс бойынша жүргізілген арнайы жедел іздестіру шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижесінде, күдікті Т. тапаншаны азамат С.-тан алғаны анықталды. Азамат С.-қа қатысты ҚР ҚК-нің 287-бабы 3-бөлігі (*Атыс қаруын (тегіс ұңғылы аңшылық қаруынан басқа), оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру*) [29] бойынша қылмыстық іс тіркеліп, ол 1 жыл 6 ай мерзімге бас ботсандығынан айыру жазасына кесілді [55].

Осы жерде, егер де сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында күдікті Т. процестік келісімге келсе, 9 мм Макаров маркалы тапаншаны берген күдікті С.-ты табуда және оны қылмыстық жауапкершілікке тартуға бағытталған, оны іздеп, оның жеке басын анықтап және құрықтауға бағытталған артық іс-әрекеттер жасалынбай, адами күш пен материалдық және ғылыми техникалық құралдарды артық қолданудың қажеттілігінен арылу мүмкін болар еді. Сонымен қатар, егер де процестік келісім жасалған уақытта күдікті Т. жеңіл жаза түріне немесе жазаны өтеу мерзімін қысқарту мүмкіндігіне ие болар еді.

Тәжірибемде тергелген, ҚР ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы (*Аса ірі мөлшерде алаяқтық*) [29] және ҚР ҚК-нің 28-бабы бөлігі арқылы 385-бабы 2-бөлігі (*адамдар тобының алыдн ала сөз байласуымен жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларын қолдан жасау, дайындау немесе өткізу*) [29] бойынша азаматша П. Сот үкімімен кінәлі деп танылған. Іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде, күдікті П. және оның қорғаушысынан процестік келісімге келу туралы өтінішхат келіп түскен. Өтінішхатты қарау барысында, күдікті П. және оның қорғаушысы ынтымақтастық нысанында процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген болатын. Өтінішхат келіп түскен бойда, іс шұғыл түрде аудан прокуратурасына жолданды. Өтінішхат пен қылмыстық іс құжаттары қаралып, процестік

прокурормен – «Процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қанағаттандырусыз туралы» шешім қабылданды. Өйткені ҚР ҚПК-нің 612-бабы 1-бөлігі 2-тармағына сәйкес – «қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі» [1] дегендіктен, күдікті П. мен оның қорғаушыс білдірген процестік келісімге келу туралы өтініші, ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүзеге асырылатын сотқа дейінгі тергеп-тексеру және істі сотта қараудың негіздеріне жатқызылмайтын еді. Процестік келісімнің «кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы» екінші түріне келісімге келудің шарттары бойынша сәйкес келмейтін. Істің мән жайы бойынша күдікті П. ҚР ҚК-нің 190-бабы, алаяқтық қылмысы бойынша жүзеге асырған, ҚР ҚК-нің 28-бабының 2-бөлігінде көзделгендей – орындаушы ретінде, ал ҚР ҚК-нің 385-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмысы, жалған құжаттарды жасауда ҚР ҚК-нің 28-бабының 5-бөлігінде көрсетілген қылмысықа сыбайлас қатысушының көмектесушісі ретінде кінәлі деп танылып, бас бостандығынан айыру туралы жазаға кесілген [56].

Нақ осы қылмыс бойынша, қылмысқа сыбайлас қатысушының ең қауіптілерінің бірі – ұйымдастырушысы, сондай-ақ жалған құжатты жасауды ұйымдастырушысы мен орындаушылары, сот пен қылмыстық қудалау органына беймәлім адамдар болып қалды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде, ҚР ҚПК-нің 44-бабының 5-бөлігі (*Қылмыстық істі бөлектеп алу*) негізінде, қылмысқа сыбайлас қатысушыларға қатысты бөлек іс жүргізуге бөлектенген. Алайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1-тармағы бойынша – қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның анықталмауына байланысты бөлек іс жүргізуге бөлектенген қылмыстық істің сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген. Бұл жағдай, күнделікті орын алып жатқан жағдайдың бірі ғана [1].

2016 жылы жалпы тіркелген қылмыс саны 361689 [53], ҚР ҚК-нің 190-бабында (*Алаяқтық*) көзделген қылмыс түрі бойынша тіркелген қылмыс саны 30358 [53], бұл жылпы көрсеткіштің 8%-ын құрайды, ал ҚР ҚК-нің 189-бабында (*Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу*) көзделген қылмыс бойынша тіркелген қылмыс саны – 5863 [53], бұл – 1,6%-ды құрайды, ал ҚК-тің 8-тарауында көзделген – «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» бойынша тіркелген қылмыстардың жалпы саны – 3943[53], бұл 1,1%-дық көрсеткішті құрайды.

2017 жылы жалпы тіркелген қылмыстардың саны – 360429 [53], ҚР ҚК-нің 190-бабында (*Алаяқтық*) көзделген қылмыс түрі бойынша тіркелген қылмыс саны 32470 [53], бұл жылпы көрсеткіштің 9%-ын құрайды, ал ҚР ҚК-нің 189-бабында (*Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу*) көзделген қылмыс бойынша тіркелген қылмыс саны – 6513 [53], бұл – 1,8%-ды құрайды, ал ҚК-тің 8-тарауында көзделген – «Экономикалық қызмет саласындағы

қылмыстық құқық бұзушылықтар» бойынша тіркелген қылмыстардың жалпы саны – 3532 [53], бұл 1%-дық көрсеткішті құрайды.

2018 жылы жалпы тіркелген қылмыстардың саны – 332299 [53], ҚР ҚК-нің 190-бабында (*Алаяқтық*) көзделген қылмыс түрі бойынша тіркелген қылмыс саны 33623 [53], бұл жылпы көрсеткіштің 10,1%-ын құрайды, ал ҚР ҚК-нің 189-бабында (*Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу*) көзделген қылмыс бойынша тіркелген қылмыс саны – 4351 [53], бұл – 1,3%-ды құрайды, ал ҚК-тің 8-тарауында көзделген – «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» бойынша тіркелген қылмыстардың жалпы саны – 2475 [53], бұл 0,7%-дық көрсеткішті құрайды (*Қосымшаны №1 қараңыз*).

Бұнымен айтқымыз келетіні, қазіргі таңда қылмыс пайдакүнемдік мақсатта жасалуда. Қалай жеке азаматқа қатысты оның материалдық құндылықтарына қол сұғушылықпен жасалған қылмыс болса, нақ сол қылмыстар да мемлекетке қатысты жасалынууда. Бұл қылмыстар – ауыр санатты қылмыстар қатарына жатқызылады.

Е.Алауханов – «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар материалдық және басқа да құндылықтарды, халыққа көрсетілетін қызметті бөлуге, айырбастауға және тұтынуға байланысты туындайтын, қоғамдық қатынасқа зардабын тигізетін, қылмыстық заңда көзделген қоғамғау қаіпті іс-әрекет» деп анықтама береді [57]. Экономикалық қылмыстар – мемлекетке қатысты жасалған қылмыстар деп санауға болады. Соның нәтижесінде, экономикалық қылмыстар және меншікке қарсы жасалған кей қылмыстардың түрі, мемлекетке елеулі нұқсан келтіруде.

Алайда экономикалық және меншікке қарсы жасалған қылмыстардың барлығы дерлік жалғыз адамның қатысуымен жасалмайды. Бұл қылмыстар адамдар тобының қатысуымен жасалынады. Бұл дегеніміз, қылмыстық жауапкершілікке тартылатын адамдар санының артуы, әрбір қатысушының қылмысқа қатыстылығын, қылмыстағы оның рөлін және қоғамға қауіптілігін жеке саралау қажеттілігі туындайды.

Процестік келісімнің экономикалық қылмыстар және меншікке қарсы жасалған қылмыстарды ашуда, тергеудегі өзектілігі келесіде. Экономикалық және меншікке қарсы жасалған қылмыстардың барлығының негізгі мақсаты – заңсыз пайда табу, заңсыз баюға бағытталған. Байлықтың көзі қазіргі таңда ақшамен есептеледі. Қылмыстық жолмен табылған ақшалай қаражатты шетелдік офшорлық шот арқылы жылыстатылған жағдайда немесе активтер шетелге шығарылса, бұл із бойынша жымқырылған ақшалай қаражатты сол уақытта орналасқан орны мен оны қайтару жолында, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының іс-әрекетіне тоқталайық. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу мен қылмыстық қудалау органы жымқырылған ақшалай қаражатты табу мақсатында, шетелге шықпай, еліміздегі шоттардың біріне салынған деп есептелік. Осы шотты анықтау мақсатында, қазіргі таңда мемлекетіміздің аумағында тіркелген 22-банктің барлығына сұрау жіберіп, банк құпиясына қол сұғушылық арқылы,

яғни адамның шоттары туралы мәлімет алудағы іс-әрекет, оңай тірлік емес. Әрбір Елімізде тіркелген 22-банктің әрқайсысына қатысты белгілі бір адамның атына тіркелген шоты бар немесе жоқ екенгиді туралы ақпарат ару үшін бірінші сот арқылы санкция алып, санкцияланған қаулы жіберіледі. Әрбір қаулыны әрбір банк қарап, жауапты жіберу уақыты мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына келіп түскен ақпаратты талдауға кететін уақыт – недәуір ұзақ және артық іс-әрекеттер. Артық іс-әрекет, өйткені әдеттегідей, жымқырылған ақшалай қаражатты бірнеше банкте сақтамайды.

Осы мысал бойынша кінәлі анықталып, кінәлі тұлғамен процестік келісімге келудің кез келген нысаны жасалса да, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органы жымқырылған қаражатты қайтарудағы әрекеті анағұрлым тиімді және тез уақыт аралығында жүзеге асырылатын еді. Ал ақшалай қаражат шетелдік банкілерде болса, шотқа тоқтам салу арқылы және де жымқырылған ақшалай қаражат нақты қай банкіде екендігі туралы нақты ақпаратты біле отыра, сол елге құқықтық көмек көрсету аясындағы халықаралық конвенция немесе келісім арқылы мемлекеттен жымқырылған ақшалай қаражатты қайтару, әлдеқайда жеңілірек.

Бұнымен бізбен айтқымыз келетіні, қолда бар ақпарат арқылы кейінгі жасалынатын іс-әрекетке нақты қадам басылады. Ал егер де процестік келісім жасалған адамға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органы дәлелдемелерді жинап, іс мерзімінде аяқталғанша әр іс бойынша әр түрлі уақыт өтеді. Яғни бұл дегеніміз, күдіктінің өзінің мүддесінде, істің неғұрлым ерте аяқталуы. Әдетте тәжірибеде қылмыстық істердің аяқталуының орташа мерзімі 3-4 айды құрайды.

Нақ сол сияқты, ҚР ҚК-нің 15-тарауы – «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» туралы қылмыстар, сыбайлас қатысушылардың қатысумен жасалынатынына да мән береміз [29].

Қазіргі таңда кеңінен орын алып жатқан қылмыстар, жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтерден көретініміздей, меншікке қарсы жекелеген баптардың өзі пайыздық көрсеткіште айтарлықтай көрсеткішке ие болғанын ескеру қажет. Бұл қылмыстар қылмысқа сыбайлас қатысушылармен жасалғандықтан және аталған қылмыстар ауырлығы дәрежесі бойынша – ауыр санаттағы қылмыстарға жататындықтан және осы аталған қылмыстарды жасау үшін арнайы қылмыстық топ құрудың қажеттілігі жоқтығын ескере отырып, біздің ұсынысымыз – «ынтымақтастық нысанындағы» процестік келісім аясында жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен істі сотта қарау үшін қылмыстың санатын аса ауыр дәрежемен шектемей, ауыр дәрежелі қылмыстарды да қосуды жөн көреміз.

Бұл ұсынысымыздың өзектілігін, келесімен де дәйектейміз. Қазіргі жайғанда, бірқатар қылмыстық істер декриминализацияланып жатыр. Сонымен қатар, кей қылмыстардың ауырлық санаттары да өзреуде. Осы жағдайды да алдын ала ескере өткен жөн.

Мысалы, аса ауыр дәрежелі қылмыс жасаған тұлғамен ынтымақтастық нысанындағы процестік келісім жасалған деп есептелік. Іс сотта мәні бойынша қаралуға түскен кезде немесе істі қарау барысында, ӨЫлмыстық кодекске өзгеріс енгізіліп, келісім жасалған қылмыс түрі, аса ауыр қылмыс қатарына түсіп қалғандағы жағдай. Бұл атаулы жағдай және де заңнаманың өзгеруін есекере отыра, заңны қайшы күшінің болмауын да мүлт жібермеу керек.

Осы жағдайда, процестік келісімге келген тұлға, өзіне қатысты жүктелген міндеттерін, шартта көрсетілген барлық шарттарды орындаған жағдайда, бірақ та мемлекет тарапынан алдн ала болжамдамаған жағдайдың негізінде аса ауыр дәрежелі қылмыс ауыр дәрежелі қылмыс санатына түсіп қалуы, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімді бұзудың негізі болмауы тиіс.

Тәжірибеде кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді қолдану, әдетті қалпына түсті. Ал ынтымақтастық туралы процестік келісімді қолдану тәжірибесі нашар қолданылуда.

Әдетте, қылмысты орындаушылар құрықталып, ал негізгі қылмысты, қылмысты жүзеге асырудың әдісі мен тәсілдерін ойластырып, қылмысты орындауды қадағалап жүрген ұйымдастырушылардың саны бірталай. Қылмысты орындаушылар құрықталғанымен, белгілі бір жағдайларға байланысты орындаушылар, ұйымдастырушылар туралы мәлімет беруден бас тартуда. Бұның себебінің бірі – қылмысты орындаушының түсінігіндегі «сатқындық» түсінігі.

С.Шестакова ынтымақтастық нысанындағы процестік келісімнің 3 кемшілігін көрсеткен. Олар:

1. Өкінбестен - адамгершілік бастамасымен қылмысты ашуға белсенді ықпал етудің бұрмаланған нұсқасы. Шынайылық, бірақ өкініш емес. Мағынасы –ең болмағанда жәбірленушінің алдында келтірілген шығынды өтеу арқылы болсын өкіну емес, өзімен бірге қылмыс жасағандар туралы ақпарат беріп, өзіне жеңіл жаза немесе мүлдем жазадан босатылу. Бұл, сатқындық үшін ынталандыру.

2. Айыптау үкімдерін «алу» мақсатында құқық қорғау органдарының заңсыз іс-әрекеттерін теріс пайдалану үшін және анықтауға келмейтін үлкен азғырушылық жасайды. Қауіп, бұл екі тарапқа тиімді, бірақ үшінші тұлғаның пайдасына қарсы мәміле болып табылады (азаматтық құқықта мәміле ұғымы үшінші тұлғаның пайдасына, бірақ керісінше емес, мұнда сауда қатынастарына қатысты да заңсыз).

3. Тергеу органдарын айыпталушыны бірге қатысушыларды әшкерелейтін айғақтар беруге итермелеумен дәлелдемелік қызметті ауыстыруға ынталандырады [53].

Осы ретте, С.Шестакованың «үшінші тұлғаның пайдасына қарсы мәміле» [53] пікірі, біздің еліміздің соттармен келісімдік тәртіпте істі қарау туралы – «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» [10] Жоғарғы соттың нормативтік қаулысымен реттелген. Аталған қаулының 2-бөлігінің 3-абзацында – «Егер мән-жайларды жан-жақты,

толық және объективті зерттеу іс бойынша тараптар болып табылмайтын басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін болса, онда кінәні мойындау туралы келісімді жасасуға болмайды» делінген [53]. Яғни бұл жағдайда, егер де процестік келісім, іске қатысушы тарап болып табылмайтын өзге тараптың құқықтары мен мүдделеріне қатысы бар болса, онда сот мұндай процестік келісімді келісімдік нысанда сотта істі қараудан бас тартады.

Қылмыстық ортада «сатқындық» өзара жазаланады. Осыған байланысты, адамдар тобы немесе қылмыстық топ мүшелері бірге жасаған қылмысы барысында, қылмысқа қатысушылардың бірі құрықталған жағдайда, өзге қатысушылар туралы ақпарат беруді – сатқындық деп түсініп жатады. Бұл түсінік өзгермей, процестік келісімге келуге жолын бөгет мәселенің бірі болып қала береді.

Публицист Э.Лимонов, сатқындық жайлы былай деген – «Мен қырық жеті жыл өмір сүруге мәжбүр болдым. Мені әкем — Кеңес офицері, мен зауыттар мен құрылыстарда жұмыс істеген жұмысшылар, жұмысшы поселкесінің бұзақылар мен уркалары біреуді сатпауға үйретті. 50-ші жылдардың әдебіне сәйкес, біреуді сату, ең соңғы іс болып саналды» [59]. Осы түсінік әлі күнге дейін қалып қояды. Әрине, сатқындық ешқандай жерде болсын құпталмайды. Алайда, егер де сол ақпаратты құзырлы органдарға жеткізбесе, кейінгі салдары анағұрлым ауыр зардаптарға алып келетінін түсінген жөн және осы аталған жағдайда, қоғам қауіпсіздігіне айтарлықтай зардап тигізетін мәселе туралы ақпаратты сатқындық деп түсінбеуіміз керек.

Осы ойымызды Е.Старшининаның ойымен бекіткіміз келеді. Е.Старшинина – «Бізде оларды сатқын деп атайды, ал өркениетті елдерде құрметтейді және марапаттайды. Линда Трипптың арқасына Моника Левинскимен дау-жанжалды еске түсірейік, ол Моникамен телефон арқылы сөйлесуін диктофонға жазып және оларды құзырлы жерлерге жіберген. Біздің, ресейлік түсінік бойынша - бұл Трипп нағыз сатқын және оның іс-әрекеті өкінішті және жиіркенішті. Ал американдық түсінік бойынша – ол құрметті адам, өйткені ол қоғамға маңызды ақпаратты берді» [60].

Елбасы Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты стратегиясының «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және Қазақстандық демократияны дамыту» бағытының 5-бөлігі бойынша – Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиіс [61]. Аталған бағытта – «Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады.

Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді.

Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады.

Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам.

Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек.

Біз әлеуметтік бүлдіргі пиғылды жұмысқа орналасу мәселесімен байланыста қарауымыз керек. Біз қоғамдық орындардағы бұзақылық әрекет үшін жеке іс қағазында және резюмеде міндетті түрде көрсетілетін және жұмысқа қабылдау, қызмет сатысы бойынша өсіру кезінде ескерілетін жаза қолдануды енгізуіміз керек.

Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс» деп белгіленген [61]. Осы бағытты ары қарай жүзеге асыруда Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» жарлығының 4-реформасында – «құқық бұзушылықтарға төзушіліктен – әсіресе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мүлдем төзбеушілік, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын арттыру болмақ», сондай-ақ «Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда табыстың маңызды құрамдас бөлігі құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті орнату, азаматтардың заңды сақтаушылық мінез-құлқын және жалпы қоғамда жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады» және 6-реформа – «Қоғамдық санаы жаңарту» бойынша «Саяси жүйені және экономиканы сәтті жаңғырту үшін қоғамдық сананы жетілдіру қажет, бұл күшті және жауапты адамдардың біртұтас елі болуға мүмкіндік береді [62]. Бұл процестің маңызды шарты жүргізіліп отырған жаңғырту сәттілігінің іргетасы ретінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу болып табылады. Ол үшін келешек ұрпақты Қазақстандық табысты тұлғалардың үлгісінде тәрбиелеу, жалпыұлттық мәдениетті тек елімізде ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де насихаттау, сондай-ақ қоғамда экстремизмге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру қажет. Отбасылық саясатты қалыптастырудағы жеке көзқарасымызды айқындаудың маңызы зор, өйткені ұлттың адами капиталының дамуында отбасының маңызы ерекше. Салауатты өмір салтын танымал етуді одан әрі жалғастыру қажет. Өз еліне, өз ауылына, қаласына, өңіріне, өзінің шағын отанына деген сүйіспеншіліктен басталатын патриотизмге тәрбиелеуге ерекше мән беріледі⁶²» деп бекітілген [62]. Бұл реформада көрсетілген мақсаттарды, қоғамда құқықтық сананы жаңарту арқылы, мүлдем төзбеушіліктің арқасында, «сатқындық» ұғымын құқықтық салада дұрыс түсіну арқылы, процестік келісімге келудің өзектілігімен тікелей байланыстырамыз.

Келесі өзекті бір мәселе, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу кезінде, өтінішхат білдірген адамның қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі.

Бұл жайында біз өз пікірімізді «Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің кейбір процестік мәселелері» атты мақаламызда білдірдік. Ынтымақтастық туралы процестік келісімге өтінішхат келіп түскен сәттен, сол

өтінішхатта сипатталған қылмыс бойынша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, күдіктілер ұсталып және оларға қатысты айыптау үкімдері шыққан жағдайда, осы уақыт аралығында, өтінішхат білдірген адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төні қатерін басшылыққа алып, құпиялығы сақталу шартының орындалуы, басты мәселенің бірі болып табылады.

Осы ретте, келісімге келуге өтінішхат білдірген тұлғаның, оның жақын туыстарының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде барлық шаралар жасалуы қажет. Бір жағынан, қылмыстық процестік және жедел-ізвестіру дәлелдемелерінде алынған ақпаратты пайдалануға үзілді-кесілді заңнамалық тыйым салу дәлелденген. Дәлелдер ынтымақтастық бастамашысының және оның жақындарының өміріне, денсаулығына және беделіне, тергеу органдарына сенімсіздік туғызуына, құпия деректерді және олардың көздерін қорғау туралы мәселенің реттелмеуіне ықтимал қауіп-қатерлерден тұрады [63].

ҚР ҚПК-нің 96-бабының 2-бөлігіне сәйкес - өздерімен процестік келісім жасалған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының не сотталған адамның, оның жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған кезде, көрсетілген адамдардың келісуі бойынша ҚР ҚПК-де және заңдарда көзделген мемлекеттік қорғау және қауіпсіздік шаралары қолданылады. Өтінішхат білдірген тұлғаның өмірі мен денсаулығының және оның жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында, одан жауап алуды ҚР ҚПК-нің 98-бабының *(Сот талқылауына қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету)* негіздеріне сәйкес жүргізілген жөн деп санаймыз. Яғни, өтінішхат білдірген тұлғаның жеке басын жарияламастан, бүркеншік атты пайдалана отырып жауап алу жүргізу қажет. Осы негізде жауап алуды жүргізгенде Л.В. Брусницынның пікіріне «бүркеншілік аты туралы қаулы салынған конвертті қылмыстық іске тігуге және оны кезекті парақ ретінде нөмірлеуге немесе оны істің мұқабасының ішкі жағына желімдеуге болмайды. Мұндай әдіс сот тәжірибесі көрсеткендей, ақпараттың сақталуына ықпал етпейді» толық келісеміз [64]. Өйткені қылмыстық іс құжаттары сотқа түскен кезде қорғану тарабы, яғни сотталушы мен оның қорғаушысы қылмыстық іс құжаттарымен танысу туралы өтінішхат білдірген кезде, конвертті ашып, бүркенші аты қолданылған куәнің жеке басы туралы мәліметтері анықталу ықтималдығы орасан зор. Екіншіден, жасырын куәға ойдан шығарылған тегі мен аты қорғалатын адаммен жынысы қарама-қарсы немесе бірдей болуы мүмкін. Егер қорғалатын адамның жынысына сәйкес келетін бүркеншік атын пайдалану оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін болса, басқа жыныстың шартты аттары мен тектерін қолдануға рұқсат етіледі [64, 64 б.]

Сондай-ақ сот отырысында қорғану тарабынан бүркеншілік аты қолданылған тұлғаның шынайы жеке басын туралы мәліметтерді ашу туралы өтінішхат келтірілуі мүмкін. Өйткені бұл қорғану тарабының объективті түрде қорғануы мен сотта жарыспалық қағидасына қарсы келуімен байланыстыруы мүмкін. Осы жағдай жайлы К.Ф.Карибовтың еңбегінде келтірілген мысал бойынша – «Айыпталушы П., куәнің шынайы жеке басы туралы ақпаратты ашу

туралы өтінішхатын білдірген. Алайда сот өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартқан. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (бұдан әрі – АҚЖЕС) куәладрдың бүркеншік атпен қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға рұқсат етеді. Алайда АҚЖЕС айыптау тек қана жасырын куәлардың айғақтарының негізінде ғана құрылып қоймай, басқа дәлелдермен расталуы тиіс» [65] деген пікірге келдік [66].

Сондай-ақ, аталған мәселе бойынша біздің ұсыныстарымыз:

- өтінішхат білдірген тұлғаны куә ретінде жауап алуды бүркеншік атты пайдалан отырып жауап алуды, визуалды байланыс орнатуды шектеуді және жауап алу барысында оның даусы, бет әлпетін өзгертуді, бүркеншік атты пайдалану туралы қаулыны қылмыстық іс құжаттарына тіркемей, бөлек сақтауды және судьяға жеке табыстауды қамтамасыз ету [66, 224 б.].

Осы ұсынылған пікіріміз, А.Балгынтаевтың пікірімен ұштас келеді. Процестік келісімге келуге ниет білдірген адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде А.Балгынтаев өз пікірін келесідей көрсетеді – «... ынтымақтастық туралы келісім қылмыстылықпен күрес жүргізуде нәтижелі жұмыс істеу үшін келесі мән-жайларға назар аудару керек, онсыз іс жүргізушілік келісім жай декларативті сипаттағы нормаға айналады: ынтымақтастық жасауға ниет білдірген адамның қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ, экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге ықпал ететінің, оның келісім жасағаннан кейін әрекеттері өміріне белгілі – бір тәуекел, қауіп келтіруі мүмкіндігін ескере отырып, ондай адамды қылмыстық жауаптылықтан босату керек, екіншісі, біріншіден туындайтын тұлғаға қауіпсіздік қамтамасыз ету. Осы аталған сұрақтар аясында құқықтық механизмді ойластыру бұл институтты нәтижелі жүзеге асыруға септігін тигізеді. Бұл пікірмен құқық қорғау органдарының тәжірибе қызметкерлерінің көбі келіседі деген ойдамыз» [67].

Зерттеу жүргізу барысында, сауалнама жүргізілді. Сауалнамамызда нақты осы сұрақ қарастырылды. Қойылған сұрағымыздың мәтіні – «Ынтымақтастық туралы процестік келісімін жасасу туралы өтініш білдірген адамның анкеталық деректерін құпияландыруды пайдалана отырып, адамнан жауап алуды жүргізу орынды ма?». Сауалнама құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің арасында жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан адамдардың жалпы саны - 49. Сауалнамаға қатысқан жалпы адам санының 44,9%-ы немесе 22 адам, аталған сұраққа «иә, орынды» деп санайды және нақ сол көлемде, яғни 44,9%-ы немесе 22 адам «жоқ, орынды емес» деп санаса, қалған 10,2%-ы немесе 5 адам бұл сұраққа жауап беруге қиналатынын көрсеткен (*Қосымша №2 қараңыз*). Бұл дегеніміз, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында, процестік келісімге келу кезінде, өтініш білдірген адамның және оның отбасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінің орынды және орынсыз екенімен сауалнамада қатысқан адамдардың ішінде пікірлері теңдей бөлінді, орынды және орынды емес деп санаған адамдар саны дәл 22-ден бөлінді. Сонымен қатар, осы сұраққа әлі жауап беру олар үшін қиынға соғатын 5-адам бар екендігі анықталды.

Ынтымақтастық туралы нысанында процестік келісімге келуге өтінішхат білдірген тұлға, яғни сол адам, қылмыстық топ жайлы, аса ауыр қылмыс жасаған тұлға немесе экстремистік әлде террористік қылмыс жасаған адамға қатысты іс бойынша ақпарат беретін адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ ҚР Конституциясының 1-бабы 1-бөлігінде – «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [9] екендігін біліп, оны басшылыққа ала отыра қылмыспен және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, заң талаптарының орындалуы мен орындалуының қамтамасыз етілуі жолында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бұл сұраққа «жауап беруге қиналамын» деп берген жауабы, қарапайым халықтан бөлек, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында құқықтық сананы әлі де жетілдіру қажеттілігі тапшы екендігін білдіреді.

Процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мәселе және процестік келісімге келудің жолын бөгеп тұрған фактор ретінде Е.Прыткова былай жазған – «Сонымен бірге сот-тергеу практикасын талдау күдіктілердің (айыпталушылардың) ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісім жасасу туралы өтінішхаттардың арызына кедергі келтіретін себептер бар екенін көрсетеді. Осылайша, 32,8% - ы құқық қорғау органдарымен ынтымақтасуға ниетті болған жағдайда күдіктілер (айыпталушылар) қатысушылар тарапынан өтеуден қорқуға себепші болды, ал 15,8% - ы мемлекет олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті екеніне күмән келтірді» [25]. Бұнымен біз, аталған мәселе тек біздің елімізде ғана емес, сондай-ақ өзге елдерде, ал нақтырақ айтқанда, посткеңестік мемлекеттер арасында көптен кездесетін мәселенің бірі.

А.Балгынтаев пен Е.Прыткованың пікірлері сабақтас келеді. Екі автор да, процестік келісімге келу туралы өтініш білдірген адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кешенді іс-шаралары талап ететінін көрсетеді.

Ынтымақтастық аясында тұлғаның қауіпсіздігін және құпиялықты қамтамасыз ететін кешенді қауіпсіздік шараларының болуын талап етеді.

Ынтымақтастық туралы келісім бойынша аса ауыр терроризм, ұйымдасқан қылмыстық ұйымдарды әшкерелеуге көмек жасағандығы тергеу, сот барысында нақты анықталып, басқа қылмыстар іс жүзінде ашылған жағдайда келісім берген тұлғаны жан-жақты қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету қажет. Оның жеке басы туралы мәліметтер қатаң құпиялықта сақталуы тиіс. Сондықтан, кодекс жобасының іс жүргізу келісімді құрастыру тәртібін, мазмұнын айқындайтын нормаларда ол тұлғаға қандай қауіпсіздік шаралары қолданылатынын міндетті түрде көрсету қажет, ол бір жағынан іс жүргізушілік келісім жасауға келісім берген адамға кепілдік болар еді [67].

Біз осы ойды құптап, жоғарыда аталған мақаламызда көрсетілген келесі ұсынысымыз – өтінішхат білдірген тұлғаға қатысты күдік келтірілмес үшін, оны шынайы өзінің жеке бас мәліметтерін көрсете отырып, оқиға жайлы жауап алу және осы жауапта жауап алынушы тұлға ешқандай мәліметтер көрсете алмауы

туралы айтып, өзіне келтірілген күдікті сейілте отырып, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл дегеніміз, егер де ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлға, өзімен сыбайлас қалмысқа қатысушылардың іс-әрекетін әшкерлейтін ақпарат берген жағдай және өтініш білдірген тұлғаға қатысты үкім шығып, ол үкім бойынша өзінің жазасын өтеу кезінде, қылмысқа сыбайлас қатысушылардың нақ сол азамат оларға қатысты ақпарат бергендігі туралы күмәнін сейілту мақсатында, өтініш білдірген адамның жеке басын бүркемелеп, оның іс бойынша берген шынайы ақпаратын сақтауға қойып және сол сақтауға қойылған «жауап алу хаттамасын» прокурордың қадағалау ісіне тігіп, іс сотта қаралғанда істі қарау тапсырылған судьяға бүркеме атпен алынған, бірақ іс бойынша нақты ақпарат берілген жауап алу хаттамасын табыстау арқылы, процестік келісімге келу туралы өтініш білдірген адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз деп пайымдаймыз. Яғни осы арқылы, қылмысқа сыбайлас өзге қатысушылар, олар туралы ақпаратты нақты кімнің бергені туралы білу мүмкіндігінен айырылуы. Айтулы қылмыс бойынша сыбайлас қатысушылары нақ біз айтып отырған, процестік келісім жасақан азаматтың, өзге тұлғалар туралы тергеуге ақпарат бергені жайлы күмәні туындап, сол азаматты сотта жауап алуға өтініш білдірген жағдай, процестік келісім жасасқан тұлға сот алдында өзінің жеке басы туралы шынайы мәліметтерді беріп, іс бойынша кез-келген, сонымен қатар жалған жауап беруге әлде жауап беруден бас тарту арқылы, қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әсерін тигізеді, сонымен қатар, өзге қатысушылардың өзіне деген күмәнін сейілтеді деп пайымдаймыз.

Осы айтылғандармен қатар, құпиялық қағидаты туралы ұмытпауымыз керек. Құпиялықты сақтау – қауіпсіздікті сақтаудың ең басты тетігі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органы, прокуратура және сот ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты білдірген тұлға туралы ақпаратқа қол жетімділікті сақтай отыра, құпиялық қағидатын ұстануы қажет. Тәжірибеде бұл құпиялық қағидатының сақталмаған кездері де кездеседі.

Мәселен, сотталған Т. ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы ниетін білдіріп, процестік келісім жасалған. Іс бойынша күдіктілер құрықталып, іс сотта қаралған. Іс сотта бас сот талқылауы кезеңінде қаралу барысында, процестік келісім жасалынған, сол уақытта өзіне қатысты соттың үкімі күшіне енген сотталған Т.-ны жауап алу қажеттілігі туындаған. Сотталған Т.-ны видеоконференциялық байланыс арқылы жауап алу шешімі қабылданған. Осы шешім нәтижесінде сот пен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесімен видеоконференциялық байланыс орнатылған. Сотталған Т. видеоконференциялық байланыс арқылы басты сот талқылауында сот алдында жауап берген. Бұған қылмыстық заңнамамен шектеу қойылмаған. Бірақ, видеоконференциялық байланыс арқылы жауап алу кезінде құқық нормаларының бірқатары бұзылған. Оның біріншісі – жауап алу барысында сотқа қатысы жоқ өзге сотталғандар, видеоконференциялық байланыс

орнатылған бөлмеде отырып, сот талқылауы бойынша барлық ақпаратқа ие болған. Екінші норманың бұзылуы – процестік келісім жасалған сотталған Т.-дан жауап алу барысында сол видеоконференциялық байланыс орнатылған бөлмеде болған өзге сотталушылар, сотталған Т. прокурормен процестік келісімге келгені туралы ақпаратты иеленуі. Бұл дегеніміз, сот пен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі сотталған Т.-ның процестік келісімге келгені туралы құпиялығын бұза отырып, өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіргендігі сөзсіз.

Прокурордың жеке қабылдауында сотталған Т. өзінің ынтымақтастығы барлығына мәлім болғанына аса наразылығын білдірген. Ол басқа сотталғандар тарапынан оның атына және оның отбасы мүшелеріне қауіп төнгені туралы хабарлаған. Сотталушы іс жүргізу келісімін жасағанына қатты өкінген.

Алайда, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету туралы өтінішті мәлімдемеген.

Осыдан кейін азамат Т. кез келген байланысқа барудан үзілді-кесілді бас тартты.

Мұндай фактілер осы институттың дамуына өте теріс әсер етеді [68].

Келтірілген ұсыныстарымыздың толықтай мүмкін екендігі ҚР «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» [69] заңы кепіл. Аталған заңның 3-бабының 12-тармағы – куәлар, 13-тармағы – сезіктілер, 14-тармағы – айыпталушылар, сотталушылар, сотталғандар, 19-тармағы – көрсетілген 18 тармақ бойынша аталған адамдардың отбасы мүшелері, жақын туыстары мемлекеттік қорғауға жатады [68]. Осы заңның 7-бабында қауіпсіздік шараларының түрлері бекітілген. Қауіпсіздік шараларының түрлеріне байланысты, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімді біз 2-түрге бөліп қарастыруды жөн көреміз. Олар – ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу, өтінішхат білдірушінің ниетіне байланысты – құпия түрде немесе ашық түрде.

Егер де өтініш білдіруші тұлға ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің жасырын түріне ниет етсе, жасалған қылмыстың сипаты мен дәрежесіне қарай, сыбайлас қатысушылары немесе кімге қатысты ақпарат бергеніне байланысты қауіпсіздік шараларын қолдану тиіс. Құпия түрдегі ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуге өтініш білдірген тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, қауіпсіздік шараларының келесі түрлерін міндетті деп белгілеуді ұсынамыз:

- қорғалатын адам туралы мәліметтерге қол жеткізуді шектеуге;
- соттың куәден – бүркеншік атын пайдалана отырып, оның жеке басы туралы мәліметтерді жарияламай; оны танып қоюды болдырмайтын жағдайларда; сот талқылауына басқа да қатысушылардың оны сырттай шолып байқауынсыз; қажет болғанда бейне, дыбыс жазуға және жауап алу барысын түсіріп алудың өзге де тәсілдеріне тыйым сала отырып жауап алуына;
- қорғалатын адамдар туралы мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз етуге;

- егер де өтінішхат білдірген тұлға іс бойынша күдікті немесе айыпталушы ретінде өтіп жатса, онда айыпталушыға (сезіктіге) қатысты қылмыстық процеске қатысушы адамдарға күш қолдануды ұйымдастыру немесе өзге де қылмыстық әрекеттер жасау (жасауды ұйымдастыру) мүмкіндігін болдырмайтын бұлтартпау шараларын таңдап алуға.

Ал қалған қауіпсіздік шараларының түрін қосымша шаралара түрі ретінде көрсетуге.

Егер де, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуге өтінішхат білдірген тұлға процестік келісімді ашық түрінде жүргізуге ниет білдірсе, қолданылатын қауіпсіздік шарасының түрлері:

- күш қолдану немесе қылмыстық заңмен тыйым салынған басқа да әрекеттер жасау қауіпін төндіретін адамға оның қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін екендігі туралы ресми ескертуге;

- егер де өтінішхат білдірген тұлға іс бойынша күдікті немесе айыпталушы ретінде өтіп жатса, онда айыпталушыға (сезіктіге) қатысты қылмыстық процеске қатысушы адамдарға күш қолдануды ұйымдастыру немесе өзге де қылмыстық әрекеттер жасау (жасауды ұйымдастыру) мүмкіндігін болдырмайтын бұлтартпау шараларын таңдап алу міндетті болуы тиіс деп санаймыз.

Процестік келісімге келу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзектілігі жайлы және шетелдік тәжірибеге А.Балгынтаев та мән беру керектігін атап өткен.

1970 ж. бастап АҚШ мемлекетпен қаржыландыратын қылмыстың құрбандары мен аса қауіпті қылмыскерлерге қарсы сотта айғақ беретін куәларды қорғауға арналған арнайы бағдарлама бар екен, оны қазірге кезге дейін қолдану аясында 16 мыңнан астам адамдар осы бағдарламамен қамтылды. Әрбір қалада куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін федералды маршалдар қызметі жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда, билік өкілдері куәге жаңа құжаттар, жаңа тұрғылықты жермен қамтамасыз етіп, бет-әлпетін өзгерту, еңбекен қамту мен жәрдем ақы төлейді екен. Кейбір мәліметтер бойынша, АҚШ үкіметі жыл сайын куәларды қорғауға 100 млн доллардан артық қаржы бөледі екен. Бірақта нақты санды білу мүмкін емес, себебі АҚШ куәге қатысты барлық ақпарат аса құпия ақпарат қатарына жатады.

Аталған бағдарламаның жүзеге асыру нәтижесінде бұл мәселеге қатысты елеулі табыстарға қол жеткізіп, жалпы көпшіліктің назарын аударуға ықпал етті. Мысалға, Конгресс «қылмыстың құрбандары мен куәгерлері туралы» (1982ж.), Заңды «куәнің қауіпсіздігін нығайту туралы Актіні» (1984ж.) қабылдады. Бұл құжаттар салыстырмалы түрде азаматтардың қылмыстық процеске қатысушының қауіпсіз нысандарына кепілдік береді. Осыған байланысты американдық қылмыстық процеске маңызды орынды куәлік айғақтарға орын береді. Сонымен бірге, жекелеген штаттардың қылмыстық іс жүргізу заңдарында қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақы нормалар көзделген. Демек, 39 штатта қылмыстың құрбандары мен куәларына

жәрдемақы беруді көздейтін заңнамалық актілер қабылданды, 12 штатта қылмыстың құрбандарының құқықтары туралы бірыңғай заңнама әрекет етуде. Тиісінше, АҚШ ынтымақтастық туралы мәміле жасау арқылы тергеуге көмек жасаған тұлғаларға куә мәртебесіне ие болып, жоғарыда аталған бағдарлама аясында қауіпсіздікпен қамтамасыз етіледі екен [67, 106 б.].

3. «ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА КЕЛУ» ТҮРІНДЕГІ ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМГЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ

3.1 «Ынтымақтастық туралы келісім нысанындағы» процестік келісімге келу қағидалары және оған өзгеріс енгізу

Ынтымақтастық туралы процестік келісім институтын қолдану ҚР ҚПК-нің 13-бөліміне сәйкес ынтымақтастық туралы процестік келісімдерін прокурорлардың қарау, жасасу, бастамашылық ету тәртібі арқылы реттеледі.

Б. Стефаностың пікірінше, процестік келісімге келу ең алдымен қылмыстық процесті жүргізудің жылдамдығымен, процестік шығындардың азаюымен, диспозитивтік бастаулардың кеңеюімен, жазалау түрі мен шараларын болжаумен байланысты [38]. Сонымен қатар, тараптар арасындағы процестік келісім жасасу мен іске асырудың шарттарын, негіздерін, іс-жүргізу құқықтық тетігін және құқықтық салдарларын сындарлы-сыни талдау талап етіледі [70].

ҚР ҚПК-нің 612-бабының 1-бөлігі 2-тармағына сай, ынтымақтастық туралы процестік келісімнің екінші нысаны болып табылады және қылмыстық топтың, аса ауыр санаттағы, басқа адамдар жасаған, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстардың ашылуы мен тергеуінің көмегімен қылмыстардың барлық санаттары үшін жасалуы мүмкін [1].

Ынтымақтастық туралы процестік келісім күдіктінің, айыпталушының, сотталушының және сотталған адамның өтініші бойынша немесе сотқа дейінгі тергеу басталған кезден бастап үкімді орындау аяқталғанға дейін прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін.

ҚР ҚПК-нің 612-бабының 2-тармағына сәйкес, процестік келісімді қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылумен ауырған адамдармен жасауға болмайды [1].

Күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен ынтымақтастық туралы процестік келісімін тиісінше облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адаммен - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары бекітеді.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған тұлғадан өтінішхат келіп түскен сәтте, сол өтінішхатты білдірген тұлғаның қорғаушымен қамтамасыз етілгендігіне көз жеткізілгеннен соң ғана прокурор, өтінішхатты қарауға кіріседі.

Осы ретте, 2015 жыл мен 2019 жыл аралығында Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен жүргізілген талдаудың нәтижесінде 122 өтінішхат берілгендігі анықталды, 60 өтінішхат негізі бойынша қаралса, 62 өтінішхат қараусыз қалдырылып, өтінішхат иесіне процестік келісім жасасудан бас тартылуына байланысты қайтарылған [68].

Прокурор, келіп түскен өтінішхаттың іс-қағаздар жүргізу талаптарына сай, сонымен қатар ҚР ҚПК-нің нормаларына сай ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қарауға кіріседі.

Егер де өтінішхат білдірушінің ақпараты шындыққа ұласып, орын алған қылмысты ашуға, оны тергеуге айтарлықтай зор үлесін қосады деп пайымдаса, өтінішхат білдірген тұлғамен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы шешім қабылданады. Ал егер де, өтінішхат білдірген адамның берген ақпараты шындыққа ұласпаса немесе ҚР ҚПК-нің 620-бабының шарттарына сай келмесе, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуден бас тартылады. Осыған мысал, ШҚО прокуратурасына күдікті И. ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасуға өтінішхат білдірген. Өтінішхатты қарау барысында күдікті И. көрсеткен ақпарат қылмыстық қудалау органына мәлім ақпарат екендігі және күдікті И. өтінішхат білдіргенге дейін үшінші тұлғаға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаны анықталып, процестік келісімге келуден бас тартылған.

Осыдан көретініміз, процестік келісімге келу туралы өтінішхат прокурорға келіп түскеннен кейін, оны тек мәні және ҚПК-да көрсетілген шарттарына сәйкестігін ғана қарап қоймай, өтінішхат білдірушінің берген ақпараты да талданады. Прокурорға келіп түскен өтінішхат бойынша, өтініш білдіруші белгілі бір адамның қылмыс жасағандығы туралы ақпарат берсе, сол ақпаратты талдау кезінде, қылмыстық қудалау органымен нақты сол адамға қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылып жатыр ма әлде жоқ па деген бірінші сұрақ туады. Егер де қылмыс жасаған адамға қатысты қылмыстық іс қозғалып, нақ сол фактіге қатысты ма әлде басқа фактіге қатысты қылмыстық қудалау ма, соны анықтау қажет.

Келесі мәселе, егер де қылмыстық қудалау органымен, өтініш білдірген тұлға көрсеткен азаматқа қатысты қылмыстық қудалау басталған болса, ол адамға қатысты қылмыстық қудалаудың басталғаны ғана процестік келісімге келуден бас тарту немесе өтінішхатты қанағаттандырусыз қалдырудың негізі болмауы тиіс. Прокуратура мен қылмыстық қудалау органы бірлесе жұмыс жасауы тиіс. Процестік келісімге келуге ниет білдірген тұлға көрсеткен азаматқа қатысты қылмыстық іс тіркелген болса, прокурор сол істі зерттеп, іс бойынша дәлелдемелерді бағалап, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген адаммен және оның қорғаушысымен жеке кездесуі тиіс.

Өтінішхат білдірген тұлғаның ақпараты мен іс бойынша бар мәліметтерді салыстырып, оған құқықтық баға беріп, содан кейін ғана процестік келісімге келу не бас тарту туралы шешім шығарулы тиіс.

Осы жерде тағы бір маңызды мәселе туындайды. Прокурорға мәлім болған ақпарат, іс бойынша шын мәнінде дәлелдемелер қатарында бар әлді жоқ екендігі. Прокурорға мәлім болған ақпарат, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлғаға, қылмыстық қудалау органына беймәлім, бірақ кейбір белгісіз жағдайлар бойынша прокурор келісімге келуден бас тартып, өзіне мәлім болған ақпаратты қылмыстық қудалау органына немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлғаға беруі мүмкін деген ой туындайды. Бұл ой қоғам арасында сыбайлас жемқорлық фактірі немесе прокуратура органының атына кір келтіру мен қоғамның сенімсіздігін тудыруы мүмкін. Процестік келісімге келу

туралы өтінішхат білдірген тұлғаның іс бойынша берген ақпараты, тергеліп жатқан іс құжаттарында қарастырылып қойған немесе қарастырылмағанын заңдастыру қажет. Қазіргі таңға дейін бұл айтылған мәселе өз орнын заңды түрде таппаған. Заңдастыру жолындағы ұсынысымыз – іс бойынша қорытынды жасау.

Қорытындының мазмұнында процестік келісімге келу туралы өтінішхаттың мәні, іс бойынша жүргізілген тексерістер және ең маңызды мәселе – процестік келісімге келу туралы өтінішхат келіп түскенге дейін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тіркелген іс бойынша сол уақытта қолда бар дәлелдер мен дәлелдемелердің тізімін жасау. Содан кейінгі қадам, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның ақпаратына құқықтық баға беру, ақпарататты тексеру нәтижесі рәсімделуі тиіс. Нақ сол іс бойынша соттың шешімі шыққаннан соң, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің нәтижесінде өтінішхат білдірген тұлғаның істі тергеуге берген әсері, экономикалық істер және мемлекеттің ақшасын жымқыруға байланысты істер қаралағна жағдайда, өтінішхат білдірген тұлғаның әсері арқасында мемлекетке қайтарылған ақшалай қаражаттың мөлшері, оның берген ақпараттарының расталуы мен кінәлі адамның кінәсін дәлелдеуге тигізген септігі туралы және тағы сол сияқты мәселелерді іс бойынша сотта қатысқан прокурордың қорытындысы да енгізілуі тиіс деп санаймыз.

Тәртіп бойынша, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге қол жеткізгеннен кейін, өтінішхат білдірген тұлғаға қатысты шығарылған соттың үкімінің нәтижесінде қолданылған жаза түрін қайта қарау басталады. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің мағынасы да осыда, яғни өтінішхат білдірген тұлға сотқа дейінгі-тергеп тексеру органына және сотқа көрсеткен жәрдемінің нәтижесінде, оның жазасын жеңілдетуде.

Жазаны жеңілдетуді сотпен қарау барысында, прокурор біз айтқан бақылау-қадағалау ісіндегі қорытындыны сотқа табыстау арқылы, өтінішхат білдірген тұлғаның іс бойынша шешім қабылдануына әсер еткен септігі, құжат түрінде қорытындыда заңдастырылып тұрады. Сот, прокурордың табыс еткен қорытындысының нәтижесінде жазаны жеңілдететін шараларға кіріседі. Осы жерде тағы айта кететін маңызды мәселе бар. Ол дегеніміз, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаға қатысты айыптау үкімі шығып, жазаны өтеу мерзімі өтіп жатады. заңда көзделген жеңілдету шаралары қол жетімді мерзімге келіп қалса, процестік келісім нәтижесінде қарастырылатын, сотталған адамның жағдайын жеңілдететін мән-жайлар жиынтық ретінде қарастырылуы тиіс. Мысалы, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаға қатысты айыптау үкімі шыққан делік. Оның берген ақпаратының нәтижесінде қылмыстық іс тіркеліп, күдікті адам құрықталып, оның кінәсі дәлелденіп, кінәлі адамға айыптау үкімі шығып, үкім өз күшіне енгенге дейін едәуір мерзім өтеді. Осы уақыт аралығында, ҚР ҚАК-де көзделген жазадан босату мерзімі таяп қалса, соның негізінде ғана жеңіл жаза қолдануды болдырмау керек. Өйткені сотталушы, жасаған қылмысы үшін заңды жазаға тартылғаны үшін заңды түрде жазасын өтеу барысында, заңды түрде жеңілдету

мерзіміне жеткенімен сот органдары теріс пайдаланбауы қажет. Бұл жағдайда сот, жазаны өтеуден босату мерзімі немесе жазаны жеңілдету түрімен қатар, процестік келісімге келу нәтижесіндегі жазаны жеңілдету шараларымен бірге жиынтығында қарап, недәуір жеңіл жаза түрі және жазаны өтеу мерзімін қайта қарауы тиіс деген пікірге келеміз.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы шешім қабылданған жағдайда, екі тарап арасында, яғни бір жағынан мемлекет атынан прокурор, ал екінші жағынан өтінішхат білдірген күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған адамның арасында келісімге келу туралы құжат рәсімделеді. Осы жерде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің кінәні мойындау түріндегі процестік келісімнен айырмашылығы, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу барысында, өтінішхат білдірген адамға алдын-ала оның жазасын жеңілдетуге бағытталған ешқандай шарттар қарастырылмайды. Өйткені бұл ҚР ҚПК-нің 476-478 баптарына сай, соттың құзіреттілігіне жатады. Сондай-ақ, ынтымақтастық туралы процестік келісім жасауға бел буып, өтінішхат білдірген адам өзіне жүктелген барлық міндеттерін орындаған жағдайда да, прокурордың өтінішхат білдірген, сотталған тұлғаның жазаны өтеу мерзімін қысқарту немесе жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату түріндегі жеңілдікті қолдануға сот алдында өтінішхат білдіруге заң жүзінде құқығы жоқ. Бұл туралы құқық, сотталған адамның өзінің немесе мерзімін өткеру мекемесінің өтінішхаты бойынша ғана сотта қаралады.

ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының 2-негізгі бағыты – «Ұлттық құқықты дамытудың негізгі бағыттары²» деп аталады. Осы бағытты жүзеге асыруда елбасы Н.Назарбаев – «Елдегі заңдылық режимін және құқықтық жүйенің тұрақтылығын да, сонымен қоса қолданыстағы Конституция шеңберінде ұлттық құқықтың қарышты дамуын да қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қажет. Құқықтық саясатқа кешенді көзқарас барлық нормативтік-құқықтық базаны мемлекет дамуының жалпы стратегиясы тұрғысында, оның ішінде нәтижелілік, ашықтық және есептілік принциптерінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасау жөнінен жаңғыртуға мүмкіндік береді» деп көрсеткен [2].

Осының нәтижесінде, прокуратура органдары процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қолға алғаннан бастап бақылау-қадағалау ісін қозғап, бізбен ұсынылған іс-шараларды, соның ішінде процестік келісім аясында жасалған қорытынды құжатты толтырса, тұжырымдамада аталған 2-бағыт бойынша ашықтық және есептілік принципі жүзеге асырылады деген ойға келеміз. Оның үстіне, ҚР ҚПК-нің – «Прокурордың процестік келісім жасасудан бас тартуы жағым жасалуға жатпайды...» деп көрсетілген нормасы бойынша да, прокурорлардың ісіндегі ашықтық және есептілік қағидатының негізінде, прокурорларға деген сыбайлас жемқорлық фактірін тудырады деген

пікірді болдырмаудың және қоғам сенімінің қоныстандыруының бірден бір жолы ретінде көреміз.

2015-жылдан бері қолданыстағы ҚР ҚПК-да көзделген «ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім» институтының қолдану практикасын реттейтін, ҚР ҚПК-дан басқа ешқандай әдістемелік құрал, заң шығарушы тарапынан ешқандай нұсқаулық көзделмеген. Оның себебі, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу институтын аз қолдану деп ойлаймыз. Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуді тәжірибеде қолданудың аз болу себебі, тиісінше оны қолдануды реттейтін нұсқаулығымен байланыстырамыз.

Заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ч.Қоғамов 2014 жылғы ҚР ҚПК-не қосымша зерттеу жүргізу барысында ҚР БП бірінші орынбасарына жазған хатында – «Өкінішке орай, тәжірибедегі біздің қызметкерлер қылмыстық процестік кодексін мұқият «оқи алмайды», ҚПК нормаларын тану және қолдану формальды-заңды әдісін нашар меңгерген, демек, осының салдарынан, көп жағдайда өздері үшін ойдан шығарған проблемалармен соқтығысады» деген пікірімен толықтай келісеміз [71]. Сонымен қатар профессор М.Ч.Қоғамов осы проблеманы шешу жолында «ҚР ҚПК-нің 621-бабында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және басты сот талқылауында ынтымақтастық нысанында келісім жасасудың ықтимал салдарларын нақты сипаттау туралы мәселені қарауды ұсынамын: біріншіден, ҚПК-нің 621-бабы нормаларының мағынасында осы келісім немесе оның жекелеген ұстанымдары тергеу немесе істі сотта қарау барысында немесе олармен қатар іске асырылуы мүмкін; екіншіден, жазасын өтеп жүрген сотталған үшін мұндай келісімнің салдарын неғұрлым нақты сипаттау қажет; үшіншіден, келісім қағазда қалуы және нақты істе қылмыстық қудалау органының кәсіпқойлығына байланысты толық көлемде орындалмауы және бұл жағдайда қалай әрекет етуі керек екендігін» деген пікірі [71], жанама жолмен ынтымақтастық туралы процестік келісімді қолданудың тәртібін реттеу қажеттілігі туындап жатқанын білдіреді деп пайымдаймыз.

Сондай-ақ, прокурорға келіп түскен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қолдаудан бас тарту реттілігі де заң жүзінде айқындалмаған. ҚР ҚПК-нің 620-бабына ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту тәртібі реттелгенімен, өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту реттелмеген.

Жалпы процестік келісім жасауға болмайтын негіз ретінде, ҚР ҚПК-нің 612-бабының 2-бөлігінде – «Процестік келісімді қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылумен ауырған адамдармен жасауға болмайды» деп көрсетілген [1].

Ал ҚР ҚПК-нің 615-бабының 2-бөлігінің 2-абзацында – «Прокурор тергеп-тексеруді жүзеге асырған органнан істі талап етіп алдырады, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әрекеттерді орындайды, істе процестік келісім жасасу мүмкіндігі барын көріп, қорғаушы тарапқа оны жасасу туралы мәселені

талқылауды ұсынады не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды» [1].

ҚР ҚПК-нің 7-бабы 33-тармағында көрсетілгендей, өтінішхат – тараптың немесе арыз иесінің қылмыстық процесті жүргізетін органға жолдаған, процестік әрекеттер жүргізу немесе процестік шешім қабылдау туралы өтінуі, ал кассациялық сатыда – заңды күшіне енген сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтініш [1]. Ал ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 заңы бойынша өтініш сөзіне анықтама беріп өткен жөн [72].

Аталған заңның 1-бабының 4-тармағы бойынша өтініш - өтінішті қарайтын субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жіберілген жеке немесе ұжымдық жазбаша, ауызша не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс, бейнеөтініш нысанындағы ұсыныс, арыз, шағым, сауал немесе үн қосу [72].

Нақ осы баптың 9-бабының 3-бөлігіне сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1. өтінішті толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы;
2. осындай шешім қабылдауды негіздей отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы;
3. өтініштің мәні бойынша түсінік беру туралы;
4. өтінішті қарауды тоқтату туралы.

Осы жерде біздің келесі ұсынысымыз – процестік келісімге келу туралы өтінішхат келіп түссе берілетін жауаптардың түрі 2 болуы тиіс. Олардың бірі – процестік келісімге келу туралы өтінішхатты толық қанағаттандыру туралы, ал екіншісі болса – процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Келісімге келу тәртібімен қатар, келісімнен бас тарту да реттелуі қажет. Оның үстіне, біздің пайымдауымыз, бұл прокурорлар арасында сыбайлас жемқорлық қатерлердің туындауына алып баратын жолдың бірі ретінде қарастырамыз.

Осыған дейін, процестік келісімге келуге жол берілмейтін және процестік келісімге келу туралы өтінішхаттан бас тарту жолдары көрсетілді. Алайда бұл толық тізім деп санамаймыз. Өйткені қарастырылмаған бірқатар жағдайлар бар. Олардың бірі – процестік келісімге келу туралы өтінішхатты білдірген тұлғаның өз еркімен келісілген процестік келісімнен бас тарту құқығының берілуі. Яғни бұл дегеніміз, белгілі бір тұлға, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдіріп, ол өтінішхат прокурормен толық қанағаттандырылған деп есептелік. Процестік келісімге келген тұлға әр-түрлі жағдайлар бойынша қол қойылған процестік келісімнен бас тарту мүмкіндігі. Құқықтың кез келген саласында бас тарту құқығы көрсетілген. Соған мысал, ҚР Азаматтық Кодексінің 73, 133, 232, 250, 273, 404-баптарында [73], әрбір құқтық салдар бойынша бас тарту құқығы көрсетілген. Сондай-ақ ҚР Еңбек Кодексінің 49-бабының 5-тармағында – жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу көзделген [74].

К.В.Мукушева заң актілерінде көзделген шарттан бас тарту жағдайлары:

1. негіздердің болуына қарамастан кез келген уақытта шарттан бас тарту;
2. белгілі бір мән-жайлар (фактілер) туындаған кезде шарттан бас тарту;
3. бір тарап жол берген бұзушылықтарға байланысты шарттан бас тарту деп белгілеп көрсетті [75].

Яғни, кімде-кім, өз еркімен жасасқан келісімнен, шарттан өз еркімен бас тарту құқығына ие болуы тиіс. Өз еркімен процестік келісімнен бас тарту құқығын ұсыныс ретінде көрсетеміз.

Келесі ұсынатынымыз, К.В.Мукушева көрсеткендей, бір тарап жол берген бұзушылықтарға байланысты шарттан бас тарту.

Процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғамен прокурор арасында процестік келісімге қол қойылды деп саналық. Процестік келісімде алдын ала жазаны жеңілдету туралы іс-шаралар және алдын ала жеңіл жазасын соттан сұрау туралы көрсетілмейді. Процестік келісімге келу кезінде процестік келісім жасалатын тұлғаны белгілі бір міндеттермен қамту керек. Мысалы, өзіне іс бойынша белгілі болған барлық ақпаратты шынай, бұрмаламай сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлғаға немесе прокурорға беруге, өзіне жүктелген міндеттердің қатарына, өзіне іс бойынша мәлім болған ақпаратты өзге тұлғалараға хабарламауға, өзіне қатысты қауіпсіздік шаралары қолданылса, қолданылған қауіпсіздік шараларын мүлтіксіз орындауға және бұзбауға, өзінің ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келгені туралы ешкімге хабарламауға және тағы сол сияқты міндеттерді жүктеу қажет. Осы аталған міндеттердің қайсы бірі бұзылған жағдайда, прокурор процестік келісімнен бас тарту туралы немесе процестік келісімді бұзу туралы біржақты шешім шығаруы тиіс. Бұл туралы, процестік келісімге келу кезінде, өтінішхат білдірген тұлғаға оның құқықтарын және процестік келісімнің құқықтық салдарын түсіндіру барысында түсіндіріп, процестік келісімнің ішіне міндетті бөлік – «процестік келісімге келген тұлғаның міндеттері» атаулы бөлікті енгізуді ұсынамыз. Процестік келісімде процестік келісімге келу туралы ниет білдірген тұлғаның міндеттеріне, қазіргі таңда тәжірибеде, тергеуге кінәлі адамдарды құрықтауға септігін тигізу деп қана көрсетіледі. Сондықтан да, процестік келісімге келуге кезінде міндетті «процестік келісімге келген тұлғаның міндеттері» атаулы бөлікті енгізудің өзектілігі жоғары.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат прокурорға келіп түскеннен соң, прокурор оны мәні бойынша қарап, сол тұлғамен процестік келісімге келу туралы шешімге келгеннен соң, процестік келісім жасасу әрекетіне кіріседі.

Процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаға оның құқықтары мен процестік келісімге келудің құқықтық салдары түсіндіріледі. Күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе сотталған тұлғаға процестік келісімнің құқықтық салдарын түсіндіру, өте маңызды мәселе деп санаймыз. Өйткені, кімде-кім болсы, өзге адамды қаралауға, өзге адамға жала жабуға

немесе жалған мәлімет беріп жалған жауап беруге, көрінеу жалған сөз жеткізуге құқығы жоқ. Бұл құқықты, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаға да беру заңсыз. Сондай-ақ, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлға, өзіне белгілі бір азамат туралы және оның қылмыс жасағаны туралы ақпараты барын прокурорға айтып, мәліметтерді берерден алдын, прокурор оған жалған сөз жеткізу туралы қылмыстық құқық бұзушылықтың құқықтық салдарын түсіндіруі қажет. Процестік келісімге келу туралы бел буып, өтінішхат білдірген тұлға өзінің жеке басының жеңілдігі үшін, әркімге қатысты жалған сөз жеткізі мүмкіндігі бар деген ойға келмеуі тиіс.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаға оның құқықтары мен процестік келісімге келудің құқықтық салдарын түсіндірген кезде, жеке хаттама толтыруды ұсынамыз. Хаттаманың атауын «Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаға оның құқықтарын және процестік келісімге келудің құқықтық салдарын түсіндіру туралы» деп атауды ұсынамыз. Бұның негізін біз, қылмыстық процеске қатысушы барлық тұлғалараға олардың құқықтарын және құқықтық салдарын түсіндірумен бекітеміз. Қылмыстық процеске қатысушы жәбірленушіге – оның құқықтары ҚР ҚПК-нің 71-бабында көзделгендей түсіндіріледі. Ал куәға ҚР ҚПК-нің 78-бабы бойынша, күдіктіге ҚР ҚПК-нің 64, маманға ҚР ҚПК-нің 80-бабы бойынша құқықтары мен құқықтық салдары түсіндіріледі.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаны біз қылмыстық процеске қатысуша жаңа субъект ретінде көреміз және бұл субъектінің құқықтары мен құқықтық салдарын ҚР ҚПК-нің 78-бабында көзделгендей, куәға теңестіреміз. Әрі қарай, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу кезінде, прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға, өтінішхат білдірген адамға оның құқықтарын, сонымен қатар міндетті түрде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің құқықтық салдарын түсіндіреді. Прокурор немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлға, өтінішхат білдірген тұлға өзіне қатысты жүктелген міндеттері мен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің құқықтық салдарын толығымен түсінгендігіне көз жеткізгеннен соң, өтінішхат білдірген тұлғаға ҚР ҚК-нің 419-бабының (*Көрінеу жалған сөз жеткізу*) құқықтық салдарын, сонымен қатар, өтінішхат білдірген адам, қылмыс туралы өзінің берген ақпаратының негізінде тіркелген қылмыстық іс бойынша куә ретінде танылатынын, сондай-ақ оған ҚР ҚПК-нің 78-бабы (*Куә*) бойынша куәнің құқықтарын түсіндіру мен ҚР ҚК-нің 421-бабы (*Куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартуы*) бойынша қылмыстық жауаптылық пен құқықтық салдарын түсіндіреді. Өтінішхат білдірген тұлға, өзіне түсіндірілген құқықтық салдар мен ҚР ҚК-нің 419-бабы, 421-бабы бойынша жауапкершілік туралы ескертілгеннен соң, өтінішхатқа қол қоюға ниет білдіргеннен соң, екі тарап арасында жасасқан ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің құжатына қол қойылып, сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірыңғай тізілімінде

өтінішхат білдірген адамның қылмыс туралы берілген ақпараты, сәйкесінше ҚР ҚК-де көзделген бабы бойынша тіркеліп, әрі қарай сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша іс-жүргізілу басталады.

ҚР БП жүргізілген «ынтымақтастық туралы процестік келісімнің жай күйі туралы» талдауында – «Іс жүзінде келісім жасасу кезінде ашылған қылмыс аса ауыр болып табылған, алайда келісімнің шарттарын орындау барысында осы қылмыс қолданыстағы қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізілуіне байланысты аса ауыр қылмыс дәрежесінен аса ауыр емес қылмысқа көшкен жағдайлар орын алады.

Осыған байланысты келісім жасалған сәтте қылмыстың ауырлығын назарға алатын ҚР ҚПК-ге тиісті түзетулер енгізу ұсынылады [68].

Аталған ұсыныс, бізбен ұсынылған ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісіммен қаралатын аса ауыр қылмыстармен ғана шектеліп қоймай, ауыр қылмыстар санатын да қосу туралы ұсынысымызбен ұштас келеді.

Сондай-ақ, екі нысандағы процестік келісімнің бір-бірінен айырмашылығының келесі бір түрі, өтінішхатты қарау мерзімінде. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім туралы өтінішхат прокурордың қарауына келіп түскеннен соң, прокурор 3-тәулік ішінде өтінішхатқа жауап қайтаруы тиіс. Ол жауап процестік келісімге келу туралы немесе процестік келісімнен бас тарту туралы.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірілгеннен кейін, аталған өтінішхат прокурордың қарауына келіп түскеннен соң, өтінішхатты қарау мерзімі ҚР ҚПК-нің нормаларымен реттелмеген. Бұл ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің толығымен зерттелмегендік куәландырады.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдіру мен келісімге келу құқығы күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға және сотталған тұлғаға берілгендіктен, өтінішхатты қарау мерзімі осы тұлғалардың білдірген өтінішіне байланысты, біз сотталған тұлғаға аса зор мән беруді көздейміз. Өйткені ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім сотталған тұлғамен келісімге келу реті ҚР ҚПК-нің 618-бабы 2-бөлігінде көрсетілгендей Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның орынбасары бекітеді [1]. Тиісінше, сотталған тұлғаның ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхаты ҚР БП-ға жолданады.

Сотталған адам – қылмыстық-атқару құқығы бойынша оған қатысты сот шығарған үкім заңды күшіне енген және жаза тағайындалған адам [76]. Сотталған адам, тағайындалған жаза түріне байланысты жазаны өтеу мекемесінде немесе бостандықта болуы мүмкін. Сотталған адамның ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы берген өтініші ҚР БП-ға келіп түскеннен соң, әдеттегі түсінік бойынша ақылға сыйымды мерзімде қаралуы тиіс.

Тәжірибеден мысал, Қарағанды облысының прокурорының атына айыпталушы Д.-ның атынан ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік

келісімге келу туралы өтінішхат білдірілген. Айыпталушы Д.-ның берген өтінішхаты облыс прокуратурасында қарауда болған. Облыс прокурорына келіп түскен өтінішхат бойынша айыпталушы Д.-ға жауап 8 ай мерзім өткеннен соң берілген. Осының нәтижесінде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхатқа жауап беру мерзімін заңдастыру қажет.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты беру құқығы сотталғандарға да берілгендіктен, өтінішхатты қарау мерзімін біз 30 тәулік деп белгілегенді жөн санаймыз. Бұның себебін біз келесідей түсіндіреміз, сотталған тұлғамен білдірілген ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхаты ҚР кез келген облысынан келіп түсуі мүмкін. Өтінішхат, хт жіберушінің аумағынан ҚР БП-ға келіп түскенге дейінгі уақытты ескеру қажет. Одан кейінгі мәселе, келіп түскен өтінішхатты мәні бойынша қарауға кететін мерзім. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді қарауға, қадағалаушы прокурорға келіп түскен күннің өзінде 3-тәулік мерзім беріледі. Ал ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге қарағанда неғұрлым күрделі және ауыр екенін, сонымен қатар, өтінішхат білдірген тұлға бірнеше адамдарға қатысты, қылмыстық топ немесе қылмыстық ұйымның мүшелеріне қатысты ақпаратты беруі мүмкін екендігін ескеру қажет. Мерзімі бойынша қарастырылатын келесі мәселе – сотталған тұлғаға қатысты қарастырылған қылмыстық іс-құжаттарын ҚР БП-на соттылығы бойынша сотталған аумағындағы сот органынан сұрату және сұрауды сотпен қарастыру мерзімі мен қылмыстық іс-құжаттарының ҚР БП-на дейін жету мерзімін ескеру. ҚР БП-мен сұратылған қылмыстық іс-құжаттырымен танысып зерделеуге кететін мерзім және сотталған тұлғаны оның жаза мерзімін өтеуіне байланысты орналасқан қылмыстық-атқару мекемесінен сұратып ҚР БП орналасқан қалаға, яғни Нұр-Сұлтан қаласының тергеу изоляторына этаптауға кететін уақытты ескеру. Өтініш білдірген тұлғаның берген ақпаратының шындыққа ұласуы немесе жалған екендігі туралы алғашқы тексеріс жүргізу, егер де ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген сотталғанның берген ақпараты расталып жатса, онымен келісім жасасу мерзімін ескере отырып, біз ұсынып отырған 30 тәулік мерзім ақылға сыйымды мерзім деп санаймыз.

Бізбен ұсынылған ұсыныстардың жиынтығында, біз ҚР БП-ның «Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің жай-күйі туралы» жүргізген талдауының нәтижесінде нұсқаулықты қабылдау туралы ұсынысымен келісеміз.

Осы нұсқаулықта бізбен білдірілген жоғарыдағы ұсыныстарды енгізген жөн. Нұсқаулықтың жобасын қарау барысында, бізбен аталған ұсыныстар ұсынылып, бұл ұсыныстар маңызды деп саналып, нұсқаулықтың жобасынан орнын тапты. Сонымен қатар, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің біркелкілігін реттеуші негізгі құжат, осы нұсқаулық болатынына біз сенімдіміз.

Тәжірибеде қазіргі таңға дейін, ынтымақтастық туралы нысанындағы жасалатын процестік келісімнің бекітілген түрі көзделмеген. Құжат айналымының біркелкілігін сақтай отыра, ҚР БП «ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу» атты келісімнің үлгісін қабылдау қажет деген пікірін біз толығымен құптаймыз.

3.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу мен істі аяқтаудың ерекшеліктері

ҚР ҚПК-нің 189-бабы – «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандарына» арналған. Аталған баптың 1-бөлігіне сәйкес – сотқа дейінгі тергеп-тексеру анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанда жүргізіледі [1]. 2-бөлігі - Анықтау нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚР ҚПК-нің 191-бабының (*Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру*) екінші – он екінші бөліктерінде көрсетілген қылмыстар бойынша қылмыстық қудалау органы жүргізеді [1]. Ал 3-бөлігі бойынша – алдын ала тергеу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру ҚР ҚПК-нің 32-бабының (*Жекеше, жекеше-жариялы және жариялы қудалау және айыптар істері*) екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қоспағанда, ҚР ҚПК-нің 187-бабында (*Тергеулік*) көрсетілген қылмыстар бойынша, кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ қылмыс жасады деп күдік келтірілген адам белгісіз болған анықтау істері бойынша жүзеге асырылады [1].

Процестік келісім анықтау және алдын ала тергеу нысанында сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіледі. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімдер – анықтау және алдын ала тергеу нысанында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қамтыса, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім тек алдын-ала тергеу нысанында жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қамтиды.

Процестік келісімге келу – өтінішхат білдіруден басталады. Өтінішхатты процестік келісім нысанына байланысты – күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған тұлға бере алады.

Процестік келісімге келу туралы өтінішхат, процестік келісімнің кінәні мойындау туралы нысаны болсын, ынтымақтастық туралы нысаны болсын, өтінішхат білдірген тұлғаның қорғаушысының қол қойылуымен бекемделуі тиіс.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнен айрықша белгісінің бірі, олардың субъектіндегі айырмашылығында. Ынтымақтастық туралы процестік келісім сотталған тұлғамен жасалу мүмкіндігі. Қылмыстық процеске қатысушы күдікті, айыпталушы, сотталушы, ол күдікті ретінде танылаған кезінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің кез келген нысанында, ҚР ҚПК-нің 67-бабында (*Қорғаушының міндетті қатысуы*) көзделген жағдайлар бойынша

қорғаушыны өзі әлде үшінші тұлға арқылы шақыртуға немесе қорғаушымен қамтамасыз ету туралы өтініш жазып, қорғаушымен қамтамасыз етіледі. Қорғаушының міндетті қатысуы, процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген жағдайда, ҚР ҚПК-нің 67-бабының 1-бөлігі 11-тармағы бойынша – процестік келісім және оны жасасу туралы өтінішхат мәлімдесе, міндетті [1].

Күдікті, айыпталушы, сотталушы – оларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, сотта бас сот талқылауына қатысуы кезінде қорғаушының міндетті қатысуы негізінде қорғаушымен қамтамасыз етілетіні түсінікті.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы сотталған адам ниет білдірген жағдайы ерекше. Сотталған адам, белгілі бір қылмыс жасағаны үшін соттың үкімімен кінәлі деп танылған адам. Сотталған адам, өзіне қатысты соттың күшіне енген үкіміне байланысты жазаны өтеуі тиіс. Жазасын өтеу – бас бостандығынан айыру мекемесінде көзделген жағдайда, сотталған адамға қатысты сол іс бойынша тергеу амалдары тоқтатылғанына байланысты, істің мән-жайы бойынша соттың соңғы шешімі шыққаннан кейін, қорғаушының іс бойынша қатысуы тоқтатылады. Бұл жағдайда, сотталған адам ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірер кезде, ҚР ҚПК-нің 67-бабының 1-бөлігі 11-тармағы бойынша – процестік келісім және оны жасасу туралы өтінішхат мәлімдесеген жағдайда, қорғаушының қатысуы міндетті болғандықтан, сотталған адам қорғаушымен қамтамасыз етілуі тиіс. Өйткені ҚР ҚПК-нің 619-бабының 1-бөлігінде - ынтымақтастық туралы процестік келісімді жасасу туралы өтінішхатты күдікті, айыпталушы, сотталушы және сотталған адам жазбаша түрде береді және ол міндетті түрде қорғаушының қойған қолымен бекемделеді [1] деп көрсетілген. Осының нәтижесінде, сотталған адам өзі немесе үшінші тұлға арқылы қорғаушыны шақырту құқығы бар. Ал егер де сотталған адам, белгілі бір жағдайларға байланысты, мысалы өз қалтасынан қорғаушының қызмет ақысын төлеу мүмкіндігінің жоқтығына байланысты, мемлекеттен оны қорғаушымен қамтамасыз ету туралы өтініш білдіру құқығы бар.

Сотталған адам өзінің қорғаушымен қамтамасыз етілуі туралы өтінішті жазаны орындау мекемесіне табыс етеді. Жазаны орындау мекемесі, мекеменің орналасқан аумағына байланысты, жергілікті заң кеңсесімен келісімде болады. Сол жергілікті заң кеңсесінің қорғаушысының қатысуының өтемақысы мемлекет тарапынан өтелетіндіктен, сотталушыға тегін заң қызметі көрсетіледі. Жазаны орындау мекемесі сотталған тұлғаны қорғаушымен қамтамасыз еткеннен соң, сотталушы ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат жазып, осы өтінішхат қорғаушының қолымен бекемделеді. Бас бостандығынан айыру жазасына кесілген сотталған адам немесе өзіне қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған күдікті, айыпталушы, сотталушы тұлға ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімді, сол пенитенциарлық жүйе мекемесі арқылы өтінішхатты тиісті прокуратураға жолдау үшін беруге құқылы. Пенитенциарлық мекеме әрі қарай жолдау үшін сотталғаннан немесе күдікті, айыпталушы, сотталушыдан келіп түскен процестік

келісімге келу туралы өтінішхатты дереу тиісінше прокурорға жолдауға міндетті. Ал егер де ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлға пенитенциарлық жүйенің мекемесі арқылы беру ниет болмаса, өтінішхатты өзінің немесе мемлекетпен қамтамасыз етілген қорғаушысы арқылы беруге құқылы.

Ал қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру аяқталмаған болса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу жүргізіліп жатқан кезде күдіктіден келіп түскен процестік келісімге келу туралы өтінішхатты прокурорға бір тәуліктің ішінде жолдауға міндетті.

Прокурорға процестік келісімге келу туралы өтінішхат келіп түскеннен кейін, прокурор өтінішхатты мәні бойынша қарайды. Сонымен қатар прокурор қылмыстық істі, іс бойынша жедел-ізвестіру құжаттарын, жасырын тергеу әрекеттерінің мәліметтерін және де іске қатысты басқа да құжаттарды сұратып танысу құқығына ие.

Тәжірибеде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат күдікті, айыпталушы немесе сотталушымен білірілуген жағдайда, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен көзделген базада сәйкесінше статистикалық карточка толтыру көзделген. Осы бұйрықтың 13-қосымшасы Л-2 нысан бойынша – «Қылмыс жасағаны үшін күдікті (айыпталушы) адамға қойылатын нысан» атаулы бөлімінің келесі бөліктерінде:

47. Мына нысанда іс жүргізу келісімін жасасу туралы қолдаухат келіп түсті: кінәні мойындау туралы мәміле (1), ынтымақтастық туралы келісім (2).

48. Процестік келісімін жасасу туралы прокурорға қолдаухат жолданды _____ (прокуратура атауы)

49. Қарастыру нәтижесі: іс жүргізу келісімі жасалды (01), іс жүргізу келісімін жасаудан бас тартылды (02)» статистикалық карточкалары СДТБТ-ға енгізіледі [8].

2017-2019 жыл аралығында ынтымақтастық туралы процестік келісім нысанында аяқталған қылмыстық істерді қарау барысында, қылмыстық істер ынтымақтастық туралы процестік келісім жасалған тұлғаларға қатысты қылмыстық іс бөлектенбеген. Бір іс жүргізу ретінде, бір қылмыстық іспен қаралып, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келген тұлға, өзі үшінші тұлғаларға қатысты ақпарат берген адамдармен бірге сотта іс қаралған. Осы жерде, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің ашық түрі және құпия түрінде бөлу қажеттілігі туралы ұсынысымыздың өзектілігі расталады.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім бойынша жоғарыда аталған бұйрықтың 12-қосымшасының Е-2 нысаны – «СДТБТ-да тіркеу» бөлімінің 31-тармағында көрсетілген статистикалық карточка – «Ынтымақтастық туралы іс жүргізу келісімі нәтижесінде алынған мәліметтерді

қолданумен аяқталды (01)» [8]. Яғни бұл, қылмыстық іс аяқталғанна кейін СДТБТ-да тіркелетін статистикалық карточка.

Көріп отырғандай, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат сотталған адаммен білдірілген кезде СДТБТ-да тіркелетін статистикалық карточка көрсетілмеген. Осының нәтижесінде, сотталған тұлғалармен ынтымақтастық туралы нысанындағы жасасқан келісім саны анықтау белгісіз.

ҚР БП-нан алынған статистикалық мәлімет бойынша 2017 жылы ынтымақтастық туралы нысанында жасалынған процестік келісім саны 3. ҚР БП-жүргізілген «Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің жай күйі» атты талдауына сүйенсек, 2017 жылы жасалынған ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің саны 10 деп көрсетілген.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің біркелкі реттілігінің жоқтығы, СДТБТ-басасында тіркеу жүргізудің ақаулығында. Есеп жүргізу дұрыс реттелмегендіктен, қазіргі таңда нақты қанша сотталған адамнан прокурорға ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірілгені, оның ішінде қаншасымен процестік келісім жасалып, ал қанша процестік келісімге келу туралы өтінішхат қанағаттандырусыз қалдырылғаны белгісіз. Бұл мәселені шешуде біздің ұсынысымыз – ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат прокурорға келіп түскен бойда, осы өтінішхатты СДТБТ базасының «Ақпаратты есепке алу кітабы» (*бұдан әрі – АЕК*) бөлімінде тіркеу қажет. Ол үшін, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетімен сәкесінше нысанды қабылдау керек.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 1-тарауының 1-бөлігінде – «осы қағидалар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды» [8] деп көрсетілгені, сотқа дейінге тергеп-тексеру жүргізу кезінде іс бойынша қабылданған барлық шешімді СДТБТ базасында тіркелуі міндеттілігін көрсетеді. ҚР ҚПК-нің 181-бабының бесінші бөлігінің тәртібінде бұдан бұрын жіберілген арыздар мен хабарлар бойынша жүргізілген ревизиялар мен тексерулер материалдары қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасымен келіп түскен уақыттан бастап 24 сағат ішінде К-1 нысанын толтыра отырып, АЕК-те қайта тіркеледі [8].

Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат прокурорға келіп түскен бойда, прокурор оны АЕК-ге тіркеу үшін біздің ұсынысымыз бойынша «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды, хабарларды немесе рапорттарды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына 1-

қосымшасында» көзделген К-1 нысаны «АЕК-та тіркеу» бойынша келесі бөліктерді енгізу қажет:

5.4 бөлігіне – «Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат» нысанын электрондық база енгізудің мақсаты, процестік келісімге келу туралы білдірген өтінішхаттардың нақты санын білу және оның әрқайсысының мәні бойынша дұрыс қаралуына тиісті дәрежеде қадағалау жүргізу мүмкіндігіне ие болу.

21 бөлігінде - «Процестік келісімін жасауға өтініш білдірген тұлға»: күдікті (01), айыпталушы (02), сотталушы(03), сотталған (04), прокурордың бастамасы бойынша (05). Яғни біз, процестік келісімге келудің бастамашысы кім екенін анық көріп, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қай сатысында ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат көп білдірілетінін және қай сатыда аз білдіретінін анықтап, нақ сол сатыда процестік келісімге келуге кедергі факторларды анықтаудың негізгі тетігі деп санаймыз.

22 бөлігінде - Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның) _____

22.1. Тегі 22.2 аты 22.3 әкесінің аты (егер көрсетілсе)

22.4. Туған күні _____. Бұл – өтінішхат білдірген тұлғаның жеке басын куәландыратын міндетті толтырылартын ақпараттар.

Аталған бұйрықтың К-2 «АЕК бойынша шешім» нысанында, келіп түскен арыз, хабар немесе рапорт бойынша қабылданатын шешімнің түрлері және қабылданған шешімді СДТБТ-да тіркеу.

Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат прокурорға келіп түскеннен кейін, прокурор оны К-1 нысаны бойынша тіркеп, өтінішхатты біз ұсынған мерзімде, яғни 30 тәуліктің ішінде қарап, бізбен ұсынылған процестік келісімге келу туралы өтінішхатты толық қанағаттандыру немесе процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімнің бірін қабылдайды. Осы шешімді СДТБТ базасында тіркеу үшін, К-2 нысанының 4-бөлігі «АЕК бойынша шешім» бөлігін – «Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат толық қанағаттандырылды» - 14-пункті және «Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды» - 15-пункті енгізуді ұсынамыз.

Қазіргі таңда тәжірибеде, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім жасалынып жатқан қылмыстық істерге талдау жүргізілді.

2017-жылғы 3-тоқсан 2019 жыл бойынша ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім бойынша сотқа жіберілген қылмыстық істің саны 11. Оның ішінде 2017 жылы-5 қылмыстық іс, 2018 жылы – 5 қылмыстық іс, 2019 жылы 1 қылмыстық іс жолданды. Жіберілген 11 қылмыстық істің ішінде сотқа 5 қылмыстық істі – ҰҚК, 3 қылмыстық іс – ІІМ, 2 қылмыстық іс – Қаржы мониторингі комитетінің ЭТҚ, 1 қылмыстық іс прокуратурадан (*тергеу және қылмыстық іс басқару жөніндегі арнайы прокурор*) жолданған.

Көрсетілген мерзім бойынша статистикалық мәліметтер бойынша бізбен жүргізілген талдау барысында 2018 жылы Орал қаласы Абай ІІБ жанындағы ІІБ-мен ҚР ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігімен қылмыстық іс ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім бойынша аяқталған деген мәлімет көрсетілген. Біздің назар, осы қылмыстық іс бойынша жасалған ынтымақтастық туралы процестік келісім ҚР ҚПК-нің нормалары бұзыла отырып жасалғандығы. Өйткені ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келетін қылмыстық істің санаты бойынша сәйкес келмеуі. Қылмыстық іс нөмірі бойынша база арқылы қарау барысында, сондай-ақ тартылған адамның сауалнамалық деректері бойынша тексеру кезінде аз.О.-ға қатысты қылмыстық іс ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 12-тармағы, ҚР ҚК 68-бабының негізінде медиация тәртібімен қысқартылғандығы анықталды. Осылайша, ҚР ҚСЖАЕК статистикалық деректерін жүргізу кезінде айырмашылық анықталды.

Осыған ұқсас тағы бір факті статистикалық мәліметтерде көрсетілген қылмыстық іс бойынша орын алды. Қылмыстық іс бойынша статистикаға сәйкес қылмыстың ауыр санаты бойынша ынтымақтастық туралы процестік келісім жасалған. База бойынша тексеру кезінде анықталғаны, кінәлі азамат Е. ынтымақтастық туралы емес, ҚР ҚПК-нің 617-бабының 4-бөлігіне сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімге келгені анықталды.

Бізбен жүргізілген келесі талдау, ғаламтор желісіндегі «Сот кабинеті» арқылы. Сот кабинеті арқылы талдау жүргізу барысында 2017 жылы ҚР ҚК-нің 262-бабы – «Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу» көзделген қылмысы бойынша 54, 2018 жылы 21, 2019 жылы 10 қылмыстық іс қаралған. Алайда бұл қылмыстық істер бойынша, ынтымақтастық туралы процестік келісімнің шарттары бойынша келісімге келу мүмкіндігі болғандығымен, іс бойынша процестік келісім жасалмаған. Бұл, қазіргі таңдағы тәжірибеде, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келідің нашар жұмыс істеліп жатқандығын көрсетуде. Оның факторлары бізбен жоғары көрсетілгендей бірнеше және ең маңыздыларының бірі, процестік келісімге келу туралы бел буған азаматтың қауіпсіздігінің камтамасыз етілуі туралы міндетті мәселенің көтерілмеуі.

2019 жылы «Сот кабинеті» арқылы ашық жариялаудағы үкімдерге талдау жүргізу барысында, ҚР ҚПК-нің 262-бабымен «Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу» бірге жиынтығында ҚР ҚК 188-бабы (*Ұрлық*), ҚР ҚК 196-бабы (*Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу*), ҚР ҚК 197-бабы (*Мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу*), ҚР ҚК 216-бабы (*Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау*), ҚР ҚК 234-бабы (*Экономикалық контрабанда*), ҚР ҚК 307-бабы (*Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру*), ҚР ҚК 385-бабы (*Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу*) және ҚР ҚК 394-бабы (*Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру*) қылмыстары қоса жасалған. Бұл қылмыстардың көпшілігі,

қылмасытардың ауырлығы дәрежесі бойынша – ауыр қылмыстар санатына жатқызылады. Осымен біздің ынтымақтасты туралы процестік келісімді жасасуға тек аса ауыр емес, сондай-ақ ауыр қылмыстар санатын қосу туралы ұсынымыздың өзектілігін көрсететіндігінің дәлелі.

Тәжірибеде, ҰҚК-і ҚР ҚК-нің 297-бабында көзделген – «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» қылмысы бойынша ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу салыстырмалы түрде көп жасалынатындығын көрсетті.

ҚР ҚК-нің 297-бабы бойынша қылмыс бұл есірткі затын немесе құрамында метамфетамин, тенамфетамин, катион сияқты және тағы басқа да психотроптық заттарды, сол тектес заттарды өткізу, оларды қайта өңдеу жүргізу, иемдену, сақтау, тасымалдау жөнелту немесе өткізгені үшін көзделген қылмыстық жауапкершілік.

Есірткі затын немесе психотроптық заттарды сатуды кәсіп еткен адам, оны өмірінде бір рет қана сатып қоюмен кәсібін тәмамдамайды. Аталған баптың 3-бөлігінің 2-тармағы бойынша бірнеше рет жасалған бұл қылмыс – аса ауыр дәрежелі қылмыс санатына жатқызылады. Сонымен қатар, аса ірі мөлшердегі есірткі заты да аса ауыр санаттағы қылмысқа жатады. Мысалы, героинның 1 дозасы шамамен 1 граммнан асады. Оның құрамында героинмен құрамдас ілесе жүретін әртүрлі химиялық компоненттер, қант, димедрол сияқты қоспаларды қоса алғандағы мөлшері және оның орта құны 5 000 теңге. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №470 қаулысына «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені, Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту туралы» сәйкес 1 грамм героин, ілесіп жүретін заттар мен толықтырушыларды қоса алғанда – аса ірі мөлшерді құрайды [77]. Бұл дегеніміз, 1 грамм өңделген, өткізілген героин үшін көрсетілген жаза – он жылдан он бес жылға дейінгі бас бостандығынан айыру, яғни аса ауыр қылмыс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органымен осы есірткіні сатқан кезде жасырын бақыланатын сатып алуды жүргізу кезінде, әдетте тәжірибеде тек қана есірткі затын өткізуші ғана бейнеге түсіріледі.

Қылмыстық іс бойынша жасырын тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шаралары жүргізіліп, есірткі затын өткізген тұлға ұсталып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында күдікті деп танылған адамнан жауап алу барысында, өзі өткізген есірткі затын өзі өңдеп шығарғандығы туралы айғақ бермейді. Өйткені бұл құрықталған тұлға, сату болып табылады. Оның сатқан героинның мөлшері мен дозасы әлдеқайда аз, өндіруші-өңдеушіге қарағанда. Бұл санаттағы қылмыстық іс тергелу барысында, күдіктінің өңдеуші туралы ақпаратын бермегендіктен және сотқа дейінгі тергеп-

тексеру органымен өңдеушіге қатысты, белгісіз тұлғаға қатысты жеке іс жүргізуге қылмыстық іс бөлектенеді. Әдетте бұл қылмыстық істер бойынша күдікті анықталмай, іс ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігі 1-тармағына сәйкес – қылмытық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмағанына [1] байланысты іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзіледі.

Бұнымен біздің айтқымыз келетіні, әдеттегідей қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы құрықталып, ал қылмысты ұйымдастырушы ретіндегі есірткі затын өңдеуші қылмыстық қудалау органына беймәлім адам болып қалуда.

Осы есірткіні өткізуші тұлға ұсталып, оны күдікті ретінде танығаннан соң, бұл азаматқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, есірткі затын өңдеуші емес, тек оны өткізуші екендігі анықталған жағдайда, оған ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге ұсыныс жасалуы тиіс деп санаймыз. Бұл тәжірибе, ҰҚК-мен кеңірек қолданылатынын анықталды. Яғни басқа құқық қорғау органдарымен, есірткі қылмыстары бойынша процестік келісімге келу тәжірибесі әлі күнге дейін нашар.

Егер де есірткіні өткізуші адам, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуге келісін берсе, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру бөлек жүргізіліп, өндірушіге қатысты ақпарат тексеріліп, егер де өндірушіге қатысты берілген ақпарат расталған жағдайда, өндірушіге қатысты бөлек іс жүргізу СДТБТ-да тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіледі.

Диссертациялық зерттеу аясында бірқатар құқық қорғау органдары қызметкерлері мен ғылыми қызметкерлердің ынтымақтастық туралы процестік келісімнің өзектілігі туралы екі үлкен бір-біріне қарама-қайшы ой туғаны анықталды.

Бір тарап, ынтымақтастық туралы процестік келісімнің қазіргі таңдағы өзектілігі жоқтығы туралы айтуда. Олардың ойынша, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу, қылмыскердің сөзіне еру деген түсінікті білдіреді. Яғни, қылмыскер өзіне белгілі бір қылмыс жайлы ақпарат бар екендігін айтып, құқық қорғау органдарын өзінің сөзіне ерту арқылы, аса ауыр, террористік немесе экстримистік қылмысты жасап, әлде қылмыстық топтың құрамында болып қылмыс жасап, соның үстінде өзінің жағдайын жақсарту мақсатында, ақпаратты дозалық түрде аз мөлшерде бере отырып, өзінің шарттарын талап етіп отырады деген пікірде. Бұл топ мүшелерінің қағидасы – кімде-кім қылмыс жасаса да, сол қылмысы үшін жауапкершілікке тартылады, жасаған қылмысы үшін жауапсыз адам қалмайды, сұрақ тек қана уақытта. Қылмысты ашу жолында бар күш-жігерді сала отыра, қылмыскердің сөзінің артынан еру, бұл қылмыстық қудалауды жүргізуші қызметкері үшін жағымсыз жақтарды тудырады деген пікірде.

Екінші топ мүшелері – ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу, қазіргі таңдағы бағалы құндылық уақыт және адами күш-жігерді сақтау. Бұл дегеніміз, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғамен қылмыстық қудалау органы тығыз жұмыс жасау

барысында, бірқатар адами күштердің сақталуына, тергеп-тексеру жүргізушінің күш-жігері мен тергеп-тексеруге жұмылдырылған күштің қосымша күшін шығындаудан алдын алуды ұстану. Сондай-ақ, істі бойынша тергеп-тексеру, жедел-іздік шараларын жүргізудегі ғылыми техникалық құралдарды қолданудың шығындарын азайту, жанама жолдар арқылы сараптамаларды тағайындаудың барысында тікелей дәлелдемелерге қол жеткізудегі материалдық шығындарды азайтудың бірден-бір тікелей жолы екендігі көрсетеді. Біз, осы екінші топтағы қағиданы ұстанатындармыз.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімінің өзектілігі және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудегі маңыздылығы жайлы, осы диссертациялық зерттеу жүргізу барысында, сауалнамалық әдісті қолдана отырып, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында сауалнама жүргізілді.

Жүргізілген сауалнамада жоғарыда айтылған, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің тәжірибедегі өзектілігін тәжірибе қызметкерлері арасындағы пікірді анықтауда екі ұстаным қарастырылды.

Бірінші ұстаным – ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу арқылы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған тұлғаның берген ақпараты бойынша, қылмыстың басқа қатысушылары әшкерленеді, соның салдарынан қылмыс саны азайып және қылмысты орындаушылар ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылып қана қоймай, сондай-ақ сыбайлас қатысушылар, яғни ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші де әшкереленіп, қылмыстық жауапкершілікке тартылады деген пікірдегі бізбен көрсетілуген екінші топ мүшелері.

Екінші ұстаным - ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу арқылы қылмыс жасаған адам, өзіне белгілі мәліметі арқылы қылмыстық қудалау органына сол мәліметті бергені үшін жазасын жеңілдету мақсатында қылмыстық қудалау органын бұрмалайды (манипуляция) және сол қылмысқа қатысы бар сыбайлас қатысушылар, яғни ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші қашан да болсын жасаған қылмысы үшін әшкереленеді деген пікірдегі бірінші топ мүшелері.

Сауалнамаға қатысқан жалпы адам саны 49. Салыстырмалы-санақтық әдісті қолдану барысында қол жеткізілген нәтиже келесідей:

Бірінші ұстаным бойынша – ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу арқылы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған тұлғаның берген ақпараты бойынша, қылмыстың басқа қатысушылары әшкерленеді, соның салдарынан қылмыс саны азайып және қылмысты орындаушылар ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылып қана қоймай, сондай-ақ сыбайлас қатысушылар, яғни ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші де әшкереленіп, қылмыстық жауапкершілікке тартылады деген пікірдегі бізбен көрсетілуген екінші топ мүшелерінің жалпы саны пайыздық мөлшерде 67,3%-ды құрады, бұл

сауалнамаға қатысушы адамдардың жалпы санының 33 адамының даусынан құралған.

Екінші ұстаным - ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу арқылы қылмыс жасаған адам, өзіне белгілі мәліметі арқылы қылмыстық қудалау органына сол мәліметті бергені үшін жазасын жеңілдету мақсатында қылмыстық қудалау органын бұрмалайды (манипуляция) және сол қылмысқа қатысы бар сыбайлас қатысушылар, яғни ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші қашан да болсын жасаған қылмысы үшін әшкереленеді деген пікірдегі екінші топ мүшелерінің жалпы саны пайыздық мөлшерде 32,7%-ды құрады, бұл сауалнамаға қатысушы адамдардың жалпы санының 16 адамының даусынан құралған.

Осыдан, әлі де ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің өзектілігін, құқық қорғау органды қызметкерлерінің өзгеше түсінуіне және де өзге пікірде болуы, әлі де зерттеуді жүргізуді талап ететіндігін, жалпы процестік келісім институтын жетілдіруде бірталай ауқымд зерттеулер жүргізуді, зерттеулерді тәжірибемен байланыстыра отырып, өзгерістер мен толықтыруларды талап ететіндігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зертеу аясында ҚР ҚПК-не енгізілген жаңа институт процестік келісім институтының өзектілігі, қазіргі таңдағы тәжірибедегі қолданысының жай-күйі мен шетел тәжірибесі талданды. Процестік келісім институты романо-германдық құқық жүйесі мен англосаксондық құқық жүйесі бойынша салыстырылып, атаулы бір институт болғаны мен, бұл институттың әр құқық жүйе бойынша айырмашылықтары анықталды. Процестік келісім институтының қылмыстық құқықтың басқа да институттарымен байланысы белгіленді.

Диссертациялық зерттеу аясында қойылған мақсаттар мен міндеттерге толығымен қол жеткізілді. Зерттеудің нәтижесінде, процестік келісім институтының ұғымына, тәжірибедегі қолданыстың әлі күнге дейін нашарлығы және бұл институттың кей шикіліктері анықталды. Соның нәтижесінде, қазіргі таңдағы қолданыстағы қылмыстық заңнамаға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындап отырғандығын көз жеткізіп, процестік келісім институтын жетілдіруде келесідей ұсыныстар және диссертациялық зерттеудің нәтижесінде келесідей тұжырымдар келтіреміз:

1. Процестік келісім қылмыстық процестік және қылмыстық сот іс жүргізуіндегі дифференциациясындағы өзекті нысанның бірі. Өйткені процестік келісім іс бойынша күш-жігерді, адами сандық ресурстарды, материалдық шығындарды үнемдей отырып, әділ сот шешімін шығаруға ықпалын тигізеді.

2. Қылмыс бойынша құрықталған адамға қатысты іс жүргізуді негізсіз созудың алдын-алудың тікелей бірден-бір жолы.

3. Процестік келісім институтының ұғымы, анықтамасы, ғылым дифинициясына сай жазылуы бойынша «процестік келісім – прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы арасындағы кінәні мойындау туралы мәміле нысанында немесе прокурор мен күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталғанның арасындағы ынтымақтастық туралы нысанында қылмыстық процеспен келісімге қол жеткізу рұқсат етілген сатыларында және осы Кодексте көзделген негіздерде жасалатын келісім» деп өзгертуді ұсынамыз. Өйткені процестік келісім ұғымы, өзінің ішінде құрамдас 2 өзара бөлек ұғымнан тұрады.

4. ҚР ҚК-нің 67-бабының диспозициясын «Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жазадан босату» деп өзгертуді негізді деп санаймыз. Өйткені процестік келісімнің шарты орындалғанымен, процестік келісімді сондай-ақ, аса ауыр, террористік немесе экстремистік қылмыс, әлде қылмыстық топтың құрамындағы адаммен жасалған қылмыс екенін ескеріп, қылмыстық жауаптылықтан босату, қылмыстық жауапкершіліктің құқықтық салдарынан босату, қылмыстың алдын-алуына қайшы келетінін ескеру қажет.

5. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген тұлғаның қауіпсіздігін міндетті қамтамасыз етуді ұсынамыз. Соның ішінде, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің 2-түрін – ашық ынтымақтастық және құпия ынтымақтастық

деп бөле отыра, қауіпсіздік шараларын тиісінше қолданған жөн. Өйткені ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келудің шарты бойынша аса ауыр қылмыс жасағаны, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, террористік немесе экстремистік қылмыстардың ерекшеліктеріне және олардың сыбайлас қатысушыларының болуына байланысты, өтінішхат білдірген тұлға, өзінің және өзінің жақын туыстарының өмірі мен денсаулығына қауіп тудырып отырғанын ескеру қажет. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім жасасу құжатына міндетті бөлік ретінде «қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету» атты бөлігін енгізуді ұсынамыз.

6. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу кезінде ҚР БП-ның «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелген бұйрығы бойынша есеп жүргізілу тиісінше реттелмегендіктен, қазіргі таңда ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталғандардың нақты санын анықтау белгісіз. Бұл ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің іс жүзінде тәжірибеде қолданысының жай-күйін анықтауға кедергісін тигізуде. Бұл мәселені шешуде бізбен ұсынылғандай, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы прокуратураға келіп түскен өтінішхаттарды АЕК-да тіркеу арқылы қадағалау және есеп жүргізу. Бұл ұсыныс ҚР БП-на жолданған ұсыныстарды қарау кезінде, кей заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс тобымен өзекті деп танылып, қолданысқа алынған.

7. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісім қылмыс санаты бойынша ауыр қылмыстарды қамтуы, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің іс жүзінде тәжірибеде аз қолданылуына кедергі болуда. Оның үстіне, қазіргі таңдағы құндылық – материалдық құндылық болғандықтан, мемлекеттің экономикасына қарсы жасалған экономикалық қылмыстар, жеке тұлғаға және меншікке жасалған қылмыстардың басым бөлігі ауыр дәрежелі қылмыстар санатынан құралғандықтан, ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің алғышартына ауыр санаттағы қылмыстар қатарын қосуды ұсынамыз.

8. Кінәні мойындау туралы нысанындағы процестік келісім ҚР ҚПК-дан бөлек, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» №4 Нормативтік қаулысымен реттеледі. Ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімнің шикіліктері барлығы, бізбен жүргізілген диссертациялық зерттеудің барысында анықталды. ҚР ҚПК-нің 13-бөлімінің 63-тарауы процестік келісім және процестік келісімге келуді жасасудың ерекшеліктерін қамтығанымен, толық қанды кей мәселелер

қарастырылмаған. Осының негізінде бізбен ұсынылған ынтымақтастық туралы нысанындағы процестік келісімге келуді реттейтін нұсқаулықты қабылдау қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгіну мерзімі: 10.05.2020).
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_ (жүгіну мерзімі: 07.12.2018)
3. «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100001039_ (жүгіну мерзімі: 07.12.2018)
4. Кондаков Н.И. – Логический словарь-справочник. М. 1976. 276 б.
5. Краткая философская энциклопедия // под ред. Е.Ф.Губского и др. М., 1994. 304 б.
6. Чинова М.В. Правила формулирования легального определения // Право и политика. – 2005. -№1. 23 б.
7. Тулеуова М.Е. К вопросу о процессуальном соглашении в уголовном процессе Республики Казахстан. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <https://vestnikacademy.kz/wp-content/uploads/pdf/2017/06/07.pdf> (жүгіну мерзімі: 19.01.2019)
8. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14W0009744> (жүгіну мерзімі)
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
10. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» №4 Нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000004S>
11. О плюсах и минусах введения института сделки о признании вины Е. Кененбаев. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <https://www.zakon.kz/4521797-o-pljusakh-i-minusakh-vvedeniya.html>

12. Процессуальное соглашение: путь к консенсусу. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <https://www.zakon.kz/4640613-processualnoe-soglashenie-put-k.html>
13. Абендова Ж. Процессуальное соглашение или сделка с прокурором // Заңгер. – №3 – 2016. 176 б.
14. Самарин В.И. Введение согласительных начал для сотрудничества в правоотношениях между органами уголовного преследования с обвиняемыми (подозреваемыми) в Республике Беларусь и Республике Казахстан // Хабаршы-Вестник КазНПУ им.Абая им.Абая, Серия «Юриспруденция». – № 4(38). – 2014. 88 б.
15. Л.И. Дембо. О принципах построения системы права. «Советское государство и право», 1956, № 8,
16. Юридический словарь. М., Госюриздат, 1953, 238 б.
17. Теория государства и права. Под ред. А.И. Денисова. Изд. МГУ, 1967, 311—312 б.
18. Дембо Л.И. О принципах построения системы права. //Советское государство и право – 1956. - № 8.
19. Кульпеисова О.М. Некоторые вопросы характеристики уголовно-процессуального права // Вестник КазНУ. Серия юридическая. 2009. N 4 (25), 115 б.
20. Хашиева Т.М. Структура уголовно-процессуального права Республики Казахстан // Юридическая наука и правоохранительная практика 1(35)2016. 171 б.
21. Проблемы институционализации процессуального соглашения в законодательстве РК – М.Хведилидзе, «Фемида» №10(274) 2018 год
22. Корпеев Г.П. Методологические проблемы уголовно-процессуального доказывания. - Н. Новгород, 1995. – 136 б.
23. А.К.Жанибеков Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында дәлелдемелерді бағалаудың теориялық және тәжірибелік мәселелері. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <http://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/103424//1/12/0//>(жүгіну мерзімі 23.06.2019)
24. Савицкий В.М. Уголовный процесс России на новом витке демократизации // Гос-во и право. – 1994. - №6. 108.
25. Е.В.Прыткова. Обеспечение безопасности подозреваемого (обвиняемого), заключившего досудебное соглашение о сотрудничестве, на стадии предварительного расследования: уголовно-процессуальные и тактико-криминалистические аспекты. Диссертация. канд.юр.наук Прыткова Евгения Викторовна. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <https://www.dissercat.com/content/obespechenie-bezopasnosti-podozrevaemogo-obvinyaemogo-zaklyuchivshego-dosudebnoe-soglashenie> (жүгіну мерзімі 25.07.2019)

26. А.Н.Ағыбаев Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме: Жалпы және Ерекше бөліктер. Алматы. Жеті Жарғы. 2015 жыл. 769 б.
27. Нұр-сұлтан қаласы Есіл ауданының мұрағатынан. Қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қаулы. № 7135-18-00-1/307. 26 шілде 2018 жыл.
28. Нұр-сұлтан қаласы Есіл ауданының мұрағатынан. Қаулы. № 7135-18-00-1/122. 28 ақпан 2018 жыл.
29. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>(жүгіну мерзімі 25.07.2019)
30. Қылмыстық, қылмыстық процестік заңнамасын және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру тұжырымдамасы. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: http://www.zqai.kz/sites/default/files/ugolov_konserciya_finish.pdf(жүгіну мерзімі 25.07.2019)№3111-19-00-1/953 санды қылмыстық іс бойынша үкім. 2020 жыл 5 қаңтар. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: <http://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml>(жүгіну мерзімі 25.07.2019)
31. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_(жүгіну мерзімі 30.08.2019)
32. Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан. – Алматы. Жеті жарғы. 2001. 256 б.
33. Жанна д'Арк. [Электрондық ресурс]// «Әділет» АҚЖ сайты – Кіру режимі: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D0%BD%D0%BD%D0%B0_%D0%B4%E2%80%99%D0%90%D1%80%D0%BA(жүгіну мерзімі 30.08.2019)
34. Jon'a F. Meyer. Plea bargaining. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.britannica.com/topic/plea-bargaining>(жүгіну мерзімі 30.08.2019)
35. С.Гаврилов. Законы РИКО – американская хирургия для украинской преступности. Южная правда. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: http://www.up.mk.ua/mainpage/show_item/669(жүгіну мерзімі 30.08.2019)
36. Муромцев Г.И. Основные правовые системы прошлого и современности / / Проблемы общей теории права и государства / Под ред. В.С.Нерсесянца. М.: НОРМА - ИНФРА-М, 1999. 291 б.
37. Stephanos V. Garmonizing substantive criminal law values and criminal procedure. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://scholarship.law.cornell.edu/clr/vol88/iss5/3/> (жүгіну мерзімі 10.09.2019)
38. Easterbrook F. Plea Bargaining as Compromise // Yale L.J., 1992, №101
39. Linch T. The case against plea bargain // Cato Institute, 2003
40. К.Новиков. Дело о сделках с правосудием. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.kommersant.ru/doc/2051283> (жүгіну мерзімі 23.09.2019)

41. Edward Butts. Paul Bernardo and Karla Homolka Case. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.thecanadianencyclopedia.ca/en/article/paul-bernardo-and-karla-homolka-case> (жүгіну мерзімі 23.09.2019)
42. Е.Г.Дубровина. Сделки о признании вины по законодательству Франции. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://izron.ru/articles/o-nekotorykh-voprosakh-i-problemakh-sovremennoy-yurisprudentsii-sbornik-nauchnykh-trudov-po-itogam-m-sektsiya-7-ugolovnyu-protsess-kriminalistika-operativno-rozysknaya-deyatelnost/sdelki-o-priznanii-viny-po-zakonodatelstvu-frantsii/>(жүгіну мерзімі 23.09.2019)
43. Code de procédure pénale. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: https://www.legislationline.org/download/id/8539/file/France_CPC_am022020_fr.pdf(жүгіну мерзімі 30.09.2019)
44. Досудебное соглашение о сотрудничестве – Саркисянц Р.Р. Проблемы местного самоуправления. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://www.samoupravlenie.ru/46-12.php>(жүгіну мерзімі 30.09.2019)
45. Ekaterina Mishina. Georgia. Plea bargaining. Law library. 2020. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.loc.gov/law/help/plea-bargaining/plea-bargaining.pdf> (жүгіну мерзімі 30.09.2019)
46. Уголовно-процессуальный кодекс Грузии. № 1772-Пс. 9 октября 2009 года. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.matsne.gov.ge/ru/document/download/90034/37/ru/pdf> (жүгіну мерзімі 01.10.2019)
47. Уголовный кодекс Грузии. № 2287-вс. 22 июля 1999 года. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.alservice.ge/wp-content/uploads/2017/01/%D0%A3%D0%B3%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%BD%D1%8B%D0%B9-%D0%BA%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81-14-04-2014-1-1.pdf> (жүгіну мерзімі 01.10.2019)
48. Д.Хведилидзе. Прокуратура оформляет процессуальные соглашения с обвиняемыми фоторепортерами. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://www.media.ge/ru/portal/news/42004/>(жүгіну мерзімі 01.10.2019)
49. Законодательная основа процессуального соглашения в уголовном производстве – Н.Б.Калкаева – Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Юриспруденция», №2(56), 2019 год.
50. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы: Дайк-Пресс, 200. -967 б., 648-бет.
51. Этимологический словарь Семенова. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://gufo.me/dict/semenov/%D0%B0%D0%BA%D1%82%D1%83%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B9> (жүгіну мерзімі 10.03.2020)
52. Форма отчета № 1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях» Раздел 1. Сведения о зарегистрированных уголовных правонарушениях

53. Приложение 2. Сведения о силах и средствах, способствующих раскрытию правонарушений
54. Үкім. [Электрондық ресурс]// Сот кабинеті. Кіру режимі: <http://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)
55. Үкім. [Электрондық ресурс]// Сот кабинеті. Кіру режимі: <http://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)
56. Қылмыстық құқық:: оқу құралы / Алауханов Есберген Оразұлы; [жалпы ред. Е. І. Қайыржанов] - Алматы: Жеті жарғы, 2001 . - 223 б.
57. С.Д.Шестакова. О сотрудничестве со следствием. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-sotrudnichestve-so-sledstviem/viewer> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)
58. Э.Лимонов. Стукачество как идеология. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: https://modernlib.net/books/limonov_eduard/anatomiya_geroya/read/ (жүгіну мерзімі 10.05.2020)
59. Е.Старшина. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://baik-info.ru/friday/2008/18/014001.html> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)
60. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
61. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> (жүгіну мерзімі 15.03.2020)
62. Кирсанов А.Ю. Досудебное соглашение о сотрудничестве: анализ, практика, выводы / А.Ю. Кирсанов. — М. : Юнити-Дана : Закон и право, 2012, 128 б.
63. Брусницын Л.В. Допрос под псевдонимом // Законность. 2003. № 1.
64. Карибов К. Ф. Проблема использования показаний анонимных свидетелей в уголовном процессе в свете решений Европейского суда по правам человека / К. Ф. Карибов // Вестник Московского Университета. – Сер. 11. Право. – 2001. – № 5. – 90 б.
65. Б.Маратов. Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің кейбір процестік мәселелері. Сборник научных трудов магистрантов, докторантов и молодых ученых «Развитие современной юридической науки: теория и практика. 305 б.
66. Балғынтаев А.О. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізушілік келісім жасау кезіндегі ерекше өндіріс. 138 б. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1164549&simple=true&lang=kk#> (жүгіну мерзімі 28.03.2020)

67. 2015 жылдан бастап сотпен қаралған қылмыстық істер бойынша ынтымақтастық туралы мәмілелерді жасау және іске асыру тәжірибесі туралы талдау – ҚР Бас прокуратурасы мәліметтері.

68. Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі №72 Заңы. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000072_ (жүгіну мерзімі 28.03.2020)

69. Процессуальные соглашения в уголовном судопроизводстве: законотворческий опыт Республики Казахстан - А.Н. Ахпанов, В.А. Азаров, А.О. Балгынтаев. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/protsessualnye-soglasheniya-v-ugolovnom-sudoproizvodstve-zakonotvorcheskiy-opyt-respubliki-kazahstan> (жүгіну мерзімі 7.04.2020)

70. Қоғамов М.Ч. – ҚР БП жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы мәліметтері.

71. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 заңы Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000221_ (жүгіну мерзімі 15.04.2020)

72. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгіну мерзімі 31.04.2020)

73. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ

74. Мукашева К.В. Отказ от договора. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://www.zakon.kz/203854-otkaz-ot-dogovora.html> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)

75. Большой юридический словарь. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/lower/16802> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)

76. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №470 қаулысына «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені, Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту туралы. [Электрондық ресурс]// Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000470> (жүгіну мерзімі 10.05.2020)